

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЕУРАЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІ

МАГИСТРАТУРА

«Журналистика және қазақ филологиясы» кафедрасы


Магистрлік диссертация

«ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБІЕТІНДЕГІ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ»

6N0205 «Филология: қазақ филологиясы»

Орындаушы  Р.М. Қазыбек  
(колы, күні)

Фылыми жетекшісі  
Профессор  Г.К. Жусупова  
(колы, күні)

Қорғауға жіберілді:  
«ЖжКФ» кафедрасының  
менгерушісі, профессор  Г.К. Резанова  
(колы, күні)

Павлодар, 2006 жыл

## **Мазмұны**

Кіріспе.....	7-8
1. Жыраулар поэзиясындағы табиғат көріністері.....	9-14
2. Дәстүр сабактастығы, идея төркіндестігі.....	15-71
Корытынды.....	72-74
Колданылған деректер тізімі.....	75-76

## **Аннотация**

This research paper deals with the development of Kazakh literature. It is written in detail natural verses of Asan Kaigy, Dospambet, Abai and other poets and also problems of advanced ideas and traditions are analysed.

Бұл магистрлік зерттеу жұмысында казак поэзиясындағы табиғат лирикасы карастырылады, ең алдымен ауыз әдебиетінің көрнекті ақын – жырауларының жырларындағы табиғаттың көркі, келбеті сүреті қалай сипатталынғанына токталынады. Қазақ ақындары поэзиясында табиғат лирикасы қалай жырланған, онын такырыптық аясы, даму ерекшелігі арнайы сөз болады.

## Жұмыстың жалпы сипаттамасы

**1. Зерттеу жұмысының өзектілігі.** Жыраулар поэзиясының бастап, Абай, Шәкірім, М.Ж. Көпееев, Сәкен, Илияс, Мағжан, Мұқағали сынды классик ақындар шығармаларындагы табиғат лирикасын зерттеуімізге нысанан еттік. Такырып өзінің ауқымдылығымен, дәстурлік сипатымен ерекшелінеді, әрі әр кезең ерекшелігіне орай табиғат көріністері ақындар шығармашылығында әр алуан қырынан жырланып отырады. Жырланып отырған тақырып нысанасы бір болғанымен шешім де, баяндау, суреттеу, бояу нақыш та әр алуан келеді. Әдебиетіміздегі табиғат лирикасының даму үрдістері, дәстүр сабактастығы айқын сезіліп отырады. Айтылып отырған мәселелерді ашып көрсету тақырыптың ғылыми өзектілігін көрсетеді.

**2. Зерттеу нысаны.** Табиғат лирикасын арнайы қарастырып, ақын-жыраулар поэзиясында табиғат көріністерінің қалай сүреттелінгені, сондай-ақ қазақ классик ақындарының шығармаларындағы табиғат бейнесінің жырлануы зерделінді.

**3. Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.** Зерттеу еңбегіміздің басты мақсат-міндеті қазақ әдебиетіндегі табиғат лирикасының табиғатына талдау жасау, яғни 15-18 ғасырдағы ақын-жыраулар поэзиясы мен қазақ әдебиетінің атасы Абай, Шәкірім, М.Көпееев және т.б. классик ақындардың табиғат лирикаларына талдау жасай отырып, табиғат лирикасының даму тенденциясын ашу, олардың поэтикалық ізденістерін шығармаларындағы жаңаңылдық пен дәстүр жалғастығын зерттеп сарапап көрсету.

**4. Зерттеу жұмысының дереккөздері.** Лирикалық шығармаларға қатысты арнайы қалам тартып, жалпы лирикалық туындының көркем табиғатына көніл аударған Ю.Борев, Л.Гинзбург, В.К.Контор, В.А.Лось, А.А.Потебня, А.Бармин, М.Н.Эпштейн, О.Н.Яницкий, С.А.Липин, Ю.В.Бондарев (Борев Ю. Эстетика. Москва: „Наука„, 1969. — 318 с; Гинзбург Л. О Лирике. Ленинград, „Советский писатель“, 1974. — 217 с; Контор В.К. Русская эстетика и критика 40-50 годов 19 века. Москва, „Наука“, 1979. — 224 с; Потебня А.А. Эстетика и поэтика. Москва, „Искусства“, 1976. — 333 с. Бармин А. Своеобразие пейзажа в эпохии ХХ века. Москва, „Наука“, 1970, — 182 с; Эпштейн М.Н. Природа, мир, тайник вселенной. Москва, „Высшая школа“, 1990, - 410 с; Яницкий О.Н. Экология перспективы города: Москва, „Наука“, 1987. - 167. с; Липин С.А. Человек глазами природы. Москва, „Советский писатель“, 1983. — 290 с. Бондарев Ю.В. Человек несет в себе мир. Москва, „Молодая гвардия“, 1980. 256 с.) еңбектерін атап өтуге болады. Лирика жанрына қатысты талдаулар қазақ әдебиеті ғылымында Е. Ысмайылов (Әдебиет жайлы ойлар, Алматы, „Жазушы“, 1968. — 320 б), С.Қирабаев (Революция және әдебиет. Алматы, „Жазушы“, 1977. — 376 б), М.Дүйсенов (Ғасырлар сырьы, Алматы, „Жазушы“, 1965), Ә.Тәжібаев (Өмір және поэзия. Алматы, ҚМКӘБ, 1960) Т.Әбдірахмановың (Қ.Аманжоловтың поэтикасы. Алматы, „Жазушы“, 1988) зерттеулерінде зерттеу тақырыбының нысанасы болып стырған ақындар жөнінде, олардың шығармашылық қырлары туралы жақсы пікірлер айтылады. Сондай-ақ баспасөз беттерінде көптеген әдеби-сын мақалалар жарық көрді. Солардың ішінен З.Ахметов (Әлеңнің өрен жүйрік Құлагері // Қазақ әдебиеті. — 1994, 14 маусым), Айтов Н. (Талант тегеуріні // Қазакстан мұғалімі — 1985, 11 қантар) Абдуллин Х. Мағжан жене Сәкен // Халық кеңесі. — 1994, 14 шілде), Әбдірахманова Т. (Қазақ поэзиясындағы Илияс дәстүрі. // Ақырат — 1994, 66 — 68, 71-беттер), Сүлейменов Б. (Табиғат жыршысы. // Қазақ тілі мен әдебиеті. — 2002, 211) т.б. материалдарды атап өткен жөн. Қазақ поэзиясындағы лирика жанры жөніндегі Ә.Жөмішев,

Т.Токбергенов, Б.Ибраимовтын әдеби-сын макалаларын да атап өткен жен. Біз казак әдебиетіндегі табиғат лирикасын қарастырған кезде жоғарыда тоқталған авторлар еңбектеріне сүйене отырып, акын-жыраулар, сондай-ақ Абай, Үбырай, басқа да көрнекті акындардың шығармашылықтарындағы табиғат лирикаларына тоқталып, талдау жасауға үмтыйламыз. Табиғат көрінісі алдымен ауыз әдебиеті үлгілерінде, әсіресе, XV-XVIII ғасырларда ғұмыр кешкен акын-жыраулар шығармаларында суреттелініп, адам мен оны коршаған орта табиғаты жырга арқау болды. Сондыктан біз акын-жыраулар поэзиясының көрнекті өкілдеріне тоқталдық, олардың еңбектерін, жинактарын пайдаланды.

**5. Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негізі.** Бұгінгі қазак әдебиетін тану ғылымының зерттеу мектебі мен әдісі қалыптасқан ғылым саласына айналған. Бізде өз зерттеуіміздің теориялық және әдіснамалық негізіне әдебиеттану ғылымындағы зерттеу жұмыстарына, солардың әдіснамалық негіздеріне, әдебиет теориясына, әдіснамасына катысты еңбектерге сүйендік. Бұл Қ.Жұмалиевтің „Әдебиет теориясы,, З.Кабдоловтың „Сөз өнері,, З.Ахметовтың „Қазак өлең құрылсыы,, атты еңбектері, сондай-ақ басқа да ғылыми басылымдар мықты жетекші құрал бола алады.

**6. Зерттеу әдістері.** Зерттеу жұмысымында әдебиеттану ғылымында қолданылып келе жатқан едістерді үнемі басшылыққа алып отырдық. Ең алдымен табиғат лирикасының ерекшелігін ашу үшін міндетті түрде салыстыру, топтау, талдау жасау, өткен әдебиет үлгілерімен байланыста алып қарау әдістерін колдандық. Әдебиетіміздің жанрына бұгінгі күн түрғысынан, заман ағымы, өдеби мұраларды, күндылықтарды бағалау түрғысынан қарадық.

**7. Зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Зерттеу еңбегімізде 15-18 ғасырларда ғұмыр кешкен акын-жыраулар поэзиясындағы табиғат көріністерінің жырлану ерекшелігі накты талданады. Бұл такырып бұрын арнайы, жеке қарастырылмаған. М.Көпееев, Шәкәрімнің де табиғат лирикасы зерттелінбegen, біз мүмкіндігімізше мұны ғылыми түрғыда қарастырып зерделедік. Табиғат лирикасындағы лирикалық кейіпкерді, акынның шеберлігін, дүниетанымың, жанрдың эстетикалық сипатын, дәстүр сабактастығын жүйелі түрде талдау барысында қарастырдық. Табиғат лирикасындағы жаңашылдық сараланды.

**8. Қөрғауга ұсынылатыш тұжырымдар.** Бірінші, акын-жыраулар поэзиясындағы табиғат көріністерінің берілуі, оның жазба әдебиет өкілдерінен айырмашылығы. Абай, Үбырай, Шәкәрім, М.Көпееев жоме т.б. акындардың табиғат лирикасы несімен ерекшеленеді, ұқсастықтары бар ма, тақырып қайталаушылық сезіле ме. Акындардың шеберліктері калай көрінеді, бейнелеу, теңеу құралдары, ізденістері акындық мәдениеті қандай деңгейде көрініс тапкан. Дәстүр мен жаңашылдық табиғат лирикаларында калай бейнеленгені сөз етіледі.

**9. Зерггеудің теориялық және практикалық мәні.** Еңбекте табиғат лирикасының даму тенденциясы туралы қорытындылар жасалынады. Зерттеу табиғат лирикасын зерттеушілерге, жеке акындардың шығармаларын оқып-үйренушілерге көмекші, методикалық құрал бола алады.

**10. Зерттеу жұмысының макулдануы мен жариялануы.** Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары мына басылымдарда жарияланды: Павлодар унинерситеттіліп ғылыми хабаршысы №1, 2006. Р.Қазыбек. „Қазак поэзиясындағы табиғат коріністери. 0,4 б.т. С.Торайғыров атывдағы Павлодар мемлекеттік университеті. Халықаралық ғылыми тірактикалық конференция материалдары. Сәтпаев окулары. Павлодар .2006. Р.Қазыбек Ақын-жыраулар

поэзиясындағы табиғат корінісі. 0,4 б.т. «Қазак батырлары» 2006 «Мұқағалидің табиғат лирикалары»

**11. Зерттеу жұмысының күрылымы.** Зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан және қорытындыдан турады.

## Кіріспе

Қазіргі танда казак әдебиеттану ғылымында лирика жанры жан-жақты зерттеу объектісіне айналыш, оның тарихына, даму процестеріне, поэтикасына байланысты әр түрлі ғылыми еңбектер жарық көрді. Ал енді жан-жақты жеке қаралуға тиісті мәселелердің бірі — казак поэзиясындағы табиғат лирикасы болса, бұл такырып арнайы қарастырылмай келеді.

Лирика көркем әдебиет тегінің бірі ретінде, ақынның дүниеге қарым-жасынан, өмірге көзқарасын, толқынды көңіл-күйін, терең тынысты сезімін, іңкәр жүрегін мәлдіретіп суреттеу, образды бейнелеу арқылы жеткізеді десек те, кез-келген серілік пен әсер лирикаға арқау бола бермейтіндігін де ескергеніміз макұл. Ақынның өзі өмір сүріп отырған әлеуметтік болмысы күрделі адамгершілікке, гуманизмге толы қоғам, философиялық толғаныстар мен қоғамдық көзқарастар, халқына деген маҳаббатқа толы сезім — лирикалық шығармаға қашанда өзек болып келеді.

Лирика әдебиеттану ғылымында ертеден қолданылып келе жатқан, әбден қалыптаскан термин. Ертедегі Грекцияда лира деп аталатын музикалық аспаппен сүйемелденіп айтылатын өлеңдерді лирика деген. Осы ұғым бертін келе адамның көңіл-күйін бейнелейтін поэзиялық шығармаларға қолданылып, термин ретінде қалыптасты. Қазақ тілінде бұл терминге балама боларлық өлең деген сөз бар. Лирика деген ұғымды толық бере алатын осы сөз.

Дүние жүзілік поэзияның қай-қай ірі өкілдерінің творчествосына көз жіберсөніз, барлық ақын сокпай өтпейтін бір межелі нысана бар екенін білеміз. Ол — табиғат. Поэзия тарихында табиғатты жырламаған ақын жоқ. Оны қай ақын да шама-шарқынша жыр етуге ұмтылған. Олай болуы заңды да. Өйткені табиғат — адам атаулының ежелден бергі анасы. Адам біткеннің бәрі де өзін коршаған табиғаттың бай әлемімен ғұмыр бойы кіндіктес, сырлас. Адам тіршілігі өле-өлгеніше табиғатпен байланысты. Ендеше тіршіліктің тынысын тұғтеп тартып жырлайтын суреткөр назарының үнемі табиғатқа аууы — табиғи құбылыс. Бұғінгі танда қазақ әдебиеттану ғылымында табиғат лирикасы дегендеге жалпы ақындардың бірен-саран өлеңдерін көрсетіп өткенімен нақты қазақ поэзиясының табиғат лирикасына тоқталған ғалым жоқ. Қияхметова Шара Эсетқызының “Қазақ лирикасындағы табиғат пен тағдыр” атты диссертациялық еңбегі және Мутиев Зейнолла Жақсылықұлының “Фариза Оңгарсынованың лирикасы” атты диссертациясы сынды бірлі-екілі ақындардың поэзиясындағы лирика жайында жазылған зерттеу еңбектер бар. Әрине, арнайы айтылып түбекейті қарастырылмаса да, кейбір сын мақалаларда, зерттеу жинақтарда, монографиялық еңбектерде жекелеген ақынның шығармасын, оның көркемдік қуатын, поэтикасын, шығарманың стильдік-жанрлық ерекшеліктерін зерттеу барысында бұл мәселенің жалпылама болса да сөз арасында айтылатынын байқаймыз. Лирикалық шығармаларға қатысты арнайы қалам тартып, жалпы лирикалық туындының көркем табиғатына көңіл аударған Ю.Борев, Л.Гинзбург, В.К.Контор, В.А.Лось, А.А.Потебня, А.Бармин, М.Н.Эпштейн, О.Н.Яницкий, С.А.Липин, Ю.В.Бондарев (Борев Ю. Эстетика. Москва: Наука, 1969. — 318 с; Гинзбург Л. О Лирике. Ленинград, Советский

писатель, 1974. — 217 с; Контор В.К. Русская эстетика и критика 40-50 годов 19 века. Москва, Наука , 1979. — 224 с; Потебня А.А. Эстетика и поэтика. Москва, Искусства , 1976. — 333 с. Бармин А. Своеобразие пейзажа в эпопеии ХХ века. Москва, Наука , 1970, — 182 с; Эпштейн М.Н. Природа, мир, тайник вселенной. Москва, Высшая школа , 1990, - 410 с.; Яницкий О.Н. Экология перспектива города: Москва, Наука , 1987. - 167. с; Липин С.А. Человек глазами природы. Москва, Советский писатель , 1983. — 290 с. Бондарев Ю.В. Человек несет в себе мир. Москва, Молодая гвардия , 1980. 256 с.) еңбектерін атап өтуге болады. Лирика жанрына қатысты талдаулар қазақ әдебиеті ғылымында Е. Ысмайылов (Әдебиет жайлы ойлар, Алматы, Жазушы , 1968. — 320 б), С.Қирабаев (Революция және әдебиет. Алматы, Жазушы , 1977. — 376 б), М.Дүйсенов (Ғасырлар сыры, Алматы, Жазушы , 1965), Ә.Тәжібаев (Өмір және поэзия. Алматы, ҚМКӘБ, 1960) Т.Әбдірахмановың (Қ.Аманжоловтың поэтикасы. Алматы, Жазушы , 1988) зерттеулерінде зерттеу тақырыбының нысанасы болып отырған ақындар жөнінде, олардың шығармашылық қырлары туралы жаксы пікірлер айттылады. Сондай-ақ баспасөз беттерінде көптеген әдеби-сын мақалалар жарық көрді. Солардың ішінен З.Ахметов (Өлеңнің өрен жүйрік Құлагері // Қазақ әдебиеті. — 1994, 14 маусым), Айтов Н. (Талант тегеуріні // Қазакстан мұғалімі --- 1985, 11 қаңтар) Абдуллин Х. Мағжан және Сәкен // Халық кеңесі. — 1994, 14 шілде), Эбдірахманова Т. (Қазақ поэзиясындағы Илияс дәстүрі. // Ақықат --- 1994, 66 — 68, 71-беттер), Сұлейменов Б. (Табиғат жыршысы. // Қазақ тілі мен әдебиеті. — 2002, 211) т.б. материалдарды атап өткен жөн. Қазақ поэзиясындағы лирика жанры жөніндегі Ә.Жәмішев, Т.Тоқбергенов, Б.Ибраимовтың әдеби-сын мақалаларын да атап өткен жөн. Біз қазақ әдебиетіндегі табиғат лирикасын қарастырған кезде жоғарыда тоқталған авторлар еңбектеріне сүйене отырып, ақын-жыраулар, сондай-ақ Абай, Үбірай, басқа да көрнекті ақындардың шығармашылықтарындағы табиғат лирикаларына тоқталып, талдау жасауға ұмтыламыз. Табиғат көрінісі алдымен ауыз әдебиеті үлгілерінде, әсіресе, XV-XVIII ғасырларда ғұмыр кешкен ақын-жыраулар шығармаларында суретtelініп, адам мен оны қоршаған орта табиғаты жырға арқау болды. Сондықтан біз ақын-жыраулар поэзиясының көрнекті өкілдеріне тоқталмақпиз.

## 1. Жыраулар поэзиясындағы табиғат көріністері

Табиғаттың сұлулығы жыраулар поэзиясында да белгілі бір деңгейде жырланып, көрініс тапқан. Доспамбеттін, Шалқиіздін, Жиембеттін, Марғасқаның, Ақтамбердінің, Тәтікараның, Үмбетейдін, Бұқардың толғаулатында атажұрт, туған жер, кір жуып кіндік кескен ата қоныс, қоғалы көлдер, қом сулар әр қырынан жырланады. Көшпенділер поэзиясындағы туған табиғатқа деген сүйіспеншілік, елді, жерді қимаушылық, туған елдің табиғатын ардақтау сезімі ерекше патриоттық рухта жырға арқау етіліп отырады. Жыраулар бүкіл адам тіршілігін қоршаған ортамен, табиғатпен етene байланыста алыш, туған жер көрінісін айрықша әспеттеді. Жыраулар поэзиясындағы ата қоныс, кең жайлаған жайлау, қыстау мен күзеу, көктеу, адам жанын елжіретер сағынышпен, қимастық сезіммен жырланады. Атап, айтқанда, Еділ, Жайық, Сырдария, Қара Ертіс өзендері, Азау (Азов) теңізі, Түркістан, Таңкент шаһарлары және т.б. мекендер жырларына арқау болды.

Жыраулар поэзиясы ішінде Асан қайғы Сәбитұлының (1361-1469 ж.ж.) толғаулаты мен халық қамын жеп, желмаясына мініп, Жерұйық іздеуі ұрпақтан-ұрпаққа аныз етіп келеді. Асан қайғыны Ш.Уәлиханов ойшил, дала философы деп бағалауда үлкен мән жатыр. Кейбір деректерде Асан қайғыны қазақ хандығының іргесін калаушы Жәнібек, Керей хандармен пікірлес, оларға ақылгөй, кеңесшісі болған деген мәліметтер бар. Жалпы қазақ тарихында Асан қайғы жақсы қоныс, құт мекен, жері шүйгін, сұы мол, жеміс-жидегі жайқалған, жазы жайлы, қысы жұмсақ, Жиделі-Байсын жерін, Жерұйықты іздеғен дана шешен, батагәй абыз, әділдіктің төрешісі – би болған тарихи тұлға. Қазактың сайын даласын, Сібір мен батысты, онтүстікті, шығысын, орталығын желмаясына мініп аралап, табиғатына арнайы сипаттама беріп, жерінің бағасын айтқан Асан қайғы сынды бірде бір жырау қазақ әдебиетінде ұшыраспайды. Қазақ жерінің табиғатын бағалауда және де Асан қайғыдан асқан ешкім де жоқ. Жердің ең бір керемет жұмағын – Жерұйығын ізден тынымсыз шарқ ұрған дананың айтып кеткен ой-толғаулары – бүгінде біздің асыл ой маржандарымызды құрайды.

Еділ, Жайық, Жем, Ойылды кейінге қалдырып, Онтүстікке Түркістанға қарай бет алыш көшкен Жәнібек ханға Асан қайғының мына бір айтқан толғауында көп сыр бар:

Кырында киік жайлаған,  
Суында балық ойнаған.  
Оймауыттай тоғай елінің,  
Ойына келген асын жейтуғын,  
Жемде кеңес қылмадың.  
Жемнен де елді жәшірдің,  
Ойыл деген ойынды,  
Отын тапсаң тойынды,  
Ойыл жөздің жасы еді,  
Ойылда кеңес қылмадың,  
Ойылдан елді көшірдің...

Еділ деген қиянға,  
Еңкейіп келдің тар жерге...  
Еділ менен Жайықтың,  
Бірін жазға жайласан,  
Бірін қыста қыстасан,  
Ал, қолынды маларсың,  
Алтың менен күміске!

Асан қайғы коныс тепкен Жем, Ойыл, Еділ, Жайық өнірін тастап ақылға да тоқтам жасамай, кеңес шақыруға да құлқы болмай елді ұдерे көшіріп бара жатқан ханның жөнсіз көшіне көнілі қалып, нәлет айтады. Ақылды белден баскан Жәнібектің тірлігін, әрекетін жазғырады. Неге? Себебі табиғаты бай, сулы, нұлы, құнарлы жерді, атамекенді қимайды. Ата қонысы болған табиғаты әдемі жерден кешу - коныстан біржолата айырылу, жыраудың жаңына осы жай қатты батып нальытады. Жәнібектің құптарсыз тірлігін қош көрмей, шорт кетіп қатты ызаланса, бір кезде ата-бабасының қонысы болған табиғаты ғажап жерді қимай қуйініп қиналады, жер мен елге деген сүйіспеншілік ішті жандырып, тұла бойды өртеп, өзекті өксік қысып барады. Туған жердің табиғатына деген перзенттік махаббат, сағыныш пен құштарлық сезімі Асан қайғы жырларының өн бойына арқау болып, өріліп отырады. Ал, оның еліміздің теріскейі мен күнгейін, шығысы мен батысын, яғни төрт тараптын тұтас аралап, желмаясын шәктіріп, аунап-кунап, сұын ішіп, көлігін отқа шалдырған жерлерінің бәріне берген қадау-қадау бағасы, шоқтықты сипаттамасының орны мұлдем биік деу керек. Асан қайғының айтқан нақыл-толғау, ғибратты сөздері жыр ұлгісінде айтылған болуы керек. Бірак оның көп толғаулары бізге қара сөз түрінде жетіп отыр. Асан қайғы Ертісті көргенде: Мына шіркіннің баласы тойдым деп қарап отырmas, қарным ашты деп жылап отырmas. Сиырдың мүйізі, доңыздың құлағы шығыл тұрған жер , - еken депті. Сондай-ак Тұндік өзенін, Қызылту, Баянауыл тауын, Шу, Сарысу өзендерін, Қаратруды, Ашы жерін, Шідерті өзенін, Өленті өзенін, Сіленті, Жалаңаш, Есіл, Торғай, Терісақкан өзенін, Сырды көргенде айтқан түйінді ойларын керемет-ақ демеске лажың қалмайды. Ал Келесті көргенде желмаясын іркіп, көзін қадап тұрып қалыпты:

Сұлы Келес, құр Келес,  
Майлы қүйқа көк белес.  
Көргенде көзге жас келді,  
Көніліге салдың көп елес.  
Бал татыған сұың-ай,  
Қалың қамыс нұың-ай,  
Көзімді қадап көп тұрдым,  
Көнілдің жықтың туын-ай.  
Желмаяға бөктеріп,  
Ала кетсем деп едім,  
Сырға қүйған сағана,  
Соға кетсем деп едім.  
Бөктеріме сыймадың,  
Сонда да сені қимадым,  
Қапа, дүние кайран! - деп  
Желмаямды санға ұрғаным.[1.56]

Дала ойшылының бұл толғау жырында Оңтүстік өңіріндегі Сырдың бар сағасы болып саналатын Келес өзені суреттеледі. Суы арнасынан толып агатын Келестің жағалауы ну қамыс, сәмбі, жиде, шілік, тал бітік шығады, белестері де көкпенбек, суы бал татиды. Жырау сұнының дәміне дейін токталады. Табиғаттың ризығына разы көнілін білдіреді. Өйткені ел судың, өзеннің бойын куалай қоныстанып отырған ғой. Келестің бойы, оның Сырға құяр сағасы кен жайлай, малға жайлыш өріс болды. Келестің келбетін қимай, көзін ұзак қадап тұруы да соны мензейді. Толғау жанрын академик З.Ахметов: халықтық лириканың бір түрі ретінде талдал көрсетеді. [2.254] Демек толғау жырлар қазақ лирикасының бастау алар кәусар бұлағы, негізгі арнасы деуіміз керек. Асан қайғыны еске алғанда құлан қайтіп күн көрер деген толғауының бізге жеткен үзіндісі ойға оралады: Асан қайғы құйрығы жок, жалы жоқ, аяғы жоқ, қолы жоқ жыланның, жалаң аяқ балапан, қаздардың күнін қайтіп көрер деп қүніреніске түсуінің мәні жан-жануарларға аяушылық білдіріп отырғандығы ма алде табиғаттағы болып жатқан, бар құбылыстың керегар жайларын тақпақтай баяндаң, адам өмір-тіршілігіндегі көнілге қонбас қайшылықтарын баса көрсетуде ме? Әрине Асан қайғының айтайын деп отырғаны елінің мұны. Табиғат, жан-жануарларды суреттеу арқылы адамның тіршілік кейпін суреттеу – ежелгі көркемдік тәсіл.

Ақын толғауында да табиғаттың ғажап көріністері, өзі іздеген Жерүйық көкейде ұялап тұрып қалады. Табиғатына тамсанып, тандайын қақсан жыраудың мұддесі, көздеген максаты халқының тұрмыс-тіршілігі, қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын мамыра жай тіршілік кешуіне қол жеткізу, дала данасы соны армандаң, желмаямен желіп, жер кезіп Жерүйықты іздейді. Жерүйық табиғаты ғажап, мол сулы, биік шалғынды, малға ыңғайлы, елге жау тимейтін, жеміс-жидекті, қойын-қоншы кенишке толы, жердің ұжмағы дерлік ата қоныс. Жерүйық - бұл адам армандаған, табиғат ғажайыбының символы іспеттес. Жерүйық - ел-жүргітың бәрі молшылыққа кенелген, жүргіттың бәрі тең, талас-тартысы жоқ, ел іші берекелді, көніл қалауынша өмір сүретін мекеннің де символы. Демек, Асан қайғы іздеген Жерүйық шын мәнінде табиғат пен адамның табиғи біртұтастығы, гармониясы, қылаусыз үйлесімділігі.

Қазақ елінің ежелгі атажүрттың перзенттік мақтанышпен, масаттана жырлау – жыраулар поэзиясында қалыптасқан ұлттық сезімнің нақты көрінісі. Бұл, әсіресе, Қазтуған жыраудың Алан да алаң, алаң жүрт толғауында ерекше байқалады. Бұл толғауда жырау жүрт сөзінің мағыналық ауқымына арғы-бергі ата-бабалары қоныстанған, өзі рубасы, әскербасы, батыры болған Еділдің және оның салалары Ақтұба, Бозан өзендері жағалауларын қамти отырып перзенттік махаббатпен жырлайды. Ақата ордам конған жүрт, Жанға сақтау болған жүрт деп әсерілей бейнелеулермен толғаған жыры атамекеніне ғашық қазақтың көңіл-күйіне лайық тебіреністер екенін білеміз.

Қазақ жыраулар поэзиясында табиғат көріністері, бейнелері жоғарыда айтканымыздай, жеке тақырып ретінде алынып жырлана бермейді. Бір тақырып аясында табиғатты толғауды ақындар да мақсат тұтпаған-сынды. Бірақ, атамекен, туған жер, ата қонысты бүкіл жыр толғауларына арқау етпеген бірде-бір ақын-жырау жоқ десе де болады. Жыраулар поэзиясында да жерге, құтты мекен, ардақты қонысқа деген зар үні күшті сезіледі. Жерінен, ата-баба қонысынан, жайлауынан айырылу - қазақ халқы үшін ең үлкен қасірет-қайғы,

ұрпақ кешірмес қылмыстай саналды. Сайын дала мен сахара, атамекен, туған жер бүл қазактың ары мен намысы деуге болады. Табиғаты тамсандыратын туған жер үшін қазақ жаңын садақа етуге даяр халық.

XVII-XIX ғасырларда ғұмыр кешкен ақындар жырында туған жерге деген зар басым. Ол занды да еді. Өйткені, қоғалы көлдер, қом сулары нұлы, сулы жерлері, кең көсіліп жатқан жайларулы, қазыналы жер қойнаулары отаршылардың көзінің құртын жеді. Отарлау саясатының шенгелді қолы халқымыздың омырауына жармасып алқымынан сығып келе жатты.

Ілгеріде өткен Қазтуғанның үніне құлақ түрәйікші:

Жабагылы жас тайлақ,  
Жардай атан болған жер.  
Жатып қалып бір тоқты,  
Жайылып мың кой болған жер.

Сырт қараған көзге жас тайлақ пен тоқты жырға қосылып, малдың басының өніп-өсүін, береке-байлықтың бастауын аңғартып тұрғандай. Қазтуған тілі бейнелі, ойы терең орамды ақын, ол атам қазақтың тал бесікте тербетілген жерін. туған табиғатын өте бейнелеп дәл ұқтырады. Қазтуғанның жырлап отырғаны да нақтырақ айтқанда – табиғат, туған жер, ата коныс, шұрайлы, малға жайлы мекен, жерге, табиғаттың әдемілігіне деген сүйіспеншілік. Табиғаты әсем, шұрайлы жерді айту үшін төрт түлік мал фон қызметін атқарып тұр. Ақынның табиғатты жырға қосудағы зергерлігін, шеберлігін көрсететін өлең сөздің бүл да бір құпиясы. Мұндай әдемі дәстүр Бұқар жырауда да ұшырасады:

Үш жыл малды ту сақтап,  
Жиделі-Байсын жетініз.  
Кісісі жүзге келмей өлмеген,  
Қойлары екі қабат коздаған.

Жердің көркін бейнелеуде Бұқар дәстүрді одан әрі жалғастыра түседі. Кісі ұзақ жасайтын, табиғаты тамаша, жанға жайлы жер ежелден адам арманы ғой. Қойы екі рет төлін өргізетін, кісісі бір ғасырдай ғұмыр кешетін жер, тұмысы қалпын сақтаған табиғат жаннаты емей немене? Көреген жырауды әсем де тамаша, ауасы жұпар Жиделі-Байсынның табиғаты тамсанттырады. Өйткені ол табиғаты өмір сүруге өте қолайлы, жері де, сұы да, малы да мамыра жай тіршілік кешетін жер. Бұғінде елімізде адам өмірінің ұзақтығы орта есеппен ерлер арасында 60-қа, әйелдер арасында 70-ке де жетпейді екен. Табиғаттың бұзылуынан, экологиялық жағдайдың құрт нашарлап кетуі салдарынан адамзат шешілүі құрделі үлкен проблемаға тап болып отыр.

Бұқар жырау заманы, табиғаттың тәнір жаратқан бұла қалпынан әлі бұзыла қоймаған кезі, экологиялық қауіп деген ұғым-түсініктің өзі мүлде жок кез, сондай уақыттың өзінде, адамның ғұмыр жасын нақтыладап айту елең етерлік құбылыс. Ойпаз жырау бүгінгі ұрпактарына табиғаты ғажап, жердің жаннатында өмір сүрген біздің замандастарымыздың сүйегі қандай асыл еді деген ойды ұқтырғандай.

Қазақ ақын-жыраулары төрт түлік малының төлдеп, өсіп-өнуін жырлай отырып та табиғатын, туған жерінің құт-берекесін асқақтата көрсете білген. Бұл ұлттық ерекшелік, көшпелі елдің, мал шаруашылығымен айналысқан халықтың дүниетанымын, психологиялық ерекшелігін айқын

аңғартатын белгілер де. Ақын-жыраулар поэзиясында табиғат болмысы халқымыздың дүние танымы, ұлттық дәстүр үрдістеріне орай сан алуан қырынан бейнеленіп отырады. Дүние танымы кең ақын-жыраудың табиғатты танып, онын тылсым дүниелерін қабылдап бейнелеуі кең тыныспен беріліп отыратыны белгілі. Жыр жанары осы құрделі процестерді қалай қабылдай алады, әрине ол ақынның карымына, көзқарасына байланысты нәрсе.

Атамекенің берекелі табиғатының ол жерде мекендеп отырған жұртқа байлық пен молшылық, ырыс, құт, бақыт әкелетінін жырлау – жыраулар поэзиясының басты нысаналы көркемдік мұраты. Ақтамберді Сарыұлы толғауларында Қазтуғанның жыр жолдарымен үндес бейнелеу мен тенеулер бар:

Жағалбай деген ел болар,  
Жағалбай деген көл болар.  
Жағалбайдың жағасы,  
Жасыл да байтақ ну болар. [3.384]

Қазтуған, Ақтамберді толғауларындағы жұрт, қоныс атауларымен берілетін Қазақ хандығының жер аумағын білдіретін сөз Бұқар Қалқаманұлының толғауларында халық, ер мағынасында да жырланатыны бар. Бұған мысалы, Бағаналы орда, басты орда толғауы бола алады.

Қазақтың ежелгі ата- баба қонысын, жерін, атамекенін бүгінгі ұрпақтарға таныстыруда жыраулар поэзиясының манызы ерекше, сондықтан олардың жыр жолдарына назар аударып, жас ұрпақ бойына дарытып отыруымыз керек. Доспамбеттін Азау, Азау дегенің әл-Ғұсман патша жұрты екен, Айнала бұлак басы тең, Азаулының Стамбұлдан несі кем? деп, Еділ өзенінің төменгі ағысын, Азау (Азов) маңайы кіретін Кіші Орда хандығы мекенін жырлауы да дүниетануымыздың географиясын, өрсін кеңейте түседі.

Доспамбеттің, Шалқиіздің Стамбұлда, Бақшасарайда, Қырымда атойлап жүруі халқымыздың ежелгі мекендері екендігіне қуәлік береді, табиғаты көркем бұл аймакта Алтын Орда хандығы құлағанға дейін Дешті Қышиқ жұрты жайлайында малын өргізіп, теңізінен тайдай тулаған балығын аулап, жерінің байлығын иемденген айрықша бір мамыражай кезеңді өткерген еді. Жырауларға бұл тіршілік мейлінше таныс болғаны тарихи шындық.

Жыраулар поэзиясында атамекенің туған жер табиғатын сағыну, ардактау арқылы ұрпақтарды отаншылдық-патриоттық рухта тәрбиелеуге ерекше мән берілген. Доспамбет жыраудың жыр жолдарынан қаһармандық пен құрескерлік үн басым келуі осыны байкатады.

Ал, Жиembet жырау Бортогашұлының (XVII) Есім ханның қаһарына ілініп, Қазақ ордасының шығыс шекарасы жағына айдалып бара жатып, атамекенімен қоштасуы да жан дүниесі туған жерімен тұтасқан адамның ішкі сезім күйін айқын танытады:

...Қайырылып қадам басарға,  
Күн болар ма мен сорға,  
Өзен, Арал жерлерім?!

Қиядан қолды көрсеткен,  
Төбене шығар күн бар ма,  
Жотасы биік Дендерім?!

Жыраулар - қазақ хандығының ежелгі қонысынан, жерінен айырылып калмай, іргесі берік мемлекет болып қалуын армандалап, сол жолға өлеңі мен кару-жарақтарын қатар жұмсаған тұлғалар.

Шара Қияхметова өз енбегінде лирикадағы табиғат — қоғам — адам тақырыбына тоқталады: “Әдебиеттің даму кезеңдері адамның табиғатка эстетикалық қатынасы екі түрлі бағытта болатынын айқындал отыр: а) әлеуметтік өмірдің негізі ретінде; ә) сұлулық негізі ретінде. Екі жағы біріге отырып, ақындық таным жүйесінде біртұтас дүниеге айналады. Бірі-бірінсіз әмір суре алмайды. Сонын негізінде табиғатты эстетикалық түрғыдан тану концепциясы туындайды”.

Бұқар жырау:

Карағай судан қашықтап,  
Шөлге біткен бір дарак.  
Шортан шөлгө шыдамсыз,  
Балықтан шықкан бір қарап.  
Ойлама шортан үшпақ деп,  
Қарағайға шықпас деп,  
Құнбатыстан бір дұшпан,  
Ақырда шығар сол тұстан...

Шынына келсек, шортанның қарағай басына шығуы мүмкін емес сияқты. Судағы шортан таудағы ағаштың басына қалай шықпақ. Бұл істің байыбына барып, терең ойлап зерделеу мүмкін емес нәрсе сияқты болғанымен мүмкін болатындей. Бұл әдебиет айнасына түсіп, халықтың ой-санасынан орын атған шындық еді. [4.331]

Махамбет табиғатты суреттеп отырып та өзінің негізгі мақсаты — азаттық үшін құреске үйіріп соғады:

Жайықтың бойы көк шалғын,  
Күзерміз де жайлармыз.  
Күлісті сынды куренді,  
Күдірейтіп кунде байлармыз.

немесе:

Аспандағы бозторғай,  
Бозанда болар ұясы.  
Бозаңның түбін су алса,  
Қайғыдан болар анасы.  
Кара лашын, ақ түйғын,  
Қайында болар ұясы.  
Қайынның басын жел соқса,  
Қайғыдан болар анасы, — дейді ақын.

Жыраулар поэзиясындағы табиғат көріністерінің кескінделіп, бейнеленуі түptеп келгенде жазба әдебиет өкілдерінің шығармаларына да белгілі дәрежеде ықпал етті. Олар енгізген жақсы дәстүрді, үрдісті талантты ақындарымыз өз бойына сіңіріп, жырларына рухани нәр ете білді. Бізге жеткен жыраулар мұрасы аз да болса саз дерлік құнды жәдігерлер болып табылады.

## 2.Дәстүр сабактасығы, идея төркіндестігі

Сан-алуан жанрлы казак әдебиетінде табиғат лирикасы арнайы зерттелінген тақырып емес. Бірақ қазак әдебиеті туралы зерттеу, әдеби-сын макалалар жазған ғалымдар мен сыншылар бұл тақырыпты шама-шарқына қарай көтеріп, пікірлерін білдіріп отырған. Айталық, белгілі сыншы академик М.Қаратаев, ақын әрі ғалым Ә.Тәжібаев, С.Қирабаев, З.Ахметов, Ә.Жәмішев, Ж.Әбдірашев, Т.Токбергенов, З.Қабдолов, Р.Нұргалиев, Қ.Жұсіпов, С.Негімов еңбектерінен ақындарымыздың әр жылдарда жазған табиғат лирикаларына қатысты зерттеушілік ой пікірлер ұшырасады. Бірақ олар арнайы тақырып аясында қарастыруды мақсат етпеген.

Адамзат баласының тіршілігі табиғат аясында өтетіндіктен қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік пен аялаушылық сезімі оның бойында ана сүтімен даритындей. Табиғат ежелден тылсым күш, оның құпиясы тым терең, сыры мол. Осы құбылыс жыраулар поэзиясынан бастап-ақ көрініс тауып отырғанына токталып өттік. Қазактың от ауызды, орак тілді ақын-жыраулары жырында табиғат болмысы, бейнесі көбіне салыстыру, шенdestіru үстінде жалпылама суретtelініп отырады, ол арнайы жырланбаған. Оның да себебі болса керек, біріншіден өлең сурыып салынып айтылатындықтан – оның нысанасы белгілі бір оқиға, болмаса адамның іс-әрекеті, мінез-құлқы, жақсылығы, фибраты да болуы ықтимал. Табиғат көріністерін бейнелеу негізінен жазба әдебиет өкілдерінің еншісіне тиген. Жыраулар балығы тайдай тулаған, қарағай басын шортан шалар кабағынан қар жауып деп табиғат көріністерімен байланыстыра салыстырып, теней жырлағанымен, табиғаттың өзін жырға косуды мақсат етіп діттемеген сыңайлыш.

Табиғат көріністері қазак жазба әдебиетінде өз алдына көркемдік тұрғыдан, суреттеу нысанасы ретінде бейнеленіп, табиғат лирикасы қазак поэзиясының жеке тақырыптық саласы болып дами бастады. Жаратылыстың, құбылыстың жанды келбетін қаз-қалпында бар бояу бедерімен мейлінше көркем етіп суреттеуді мұрат тұтқан көркемдік концепция қалыптасты. Адамның көңіл-күйін, ішкі сырын немесе сыртқы түрін, бет әлпетін сипаттағанда, сан-алуан қиялға толы философиялық толғаныстарды білдіргенде, өмір, тұрмыс-тіршілік жайларын жырлағанда туған жер сипаты, оның айрықша сурет көріністері, табиғат құбылыстары бейнелік, образдық қызмет аткара бастады. Табиғат енді жалпы сезім бабы, көңіл-күй қатынасы арқылы көрініс тапты. Табиғатты бейнелеу субъективті сипат алғып, шын мағынасында жаратылыс пен адам жарастығы тұтас жырланған бастады. Адам табиғатка тек әлеуметтік өмірдің тірегі ретінде ғана қараша көзқарасынан арылыш, оны сұлулық обьектісі ретінде қабылдап, оған танымдық-тәрбиелік, эстетикалық-этикалық тұрғыдан қарап, сөйтіп дүние сырын көркемдік таным тұрғысынан игеруге күш салды. Күллі әдемілік әлемі, сұлулық сипаттың

барлығы дерлік табиғаттың өз бойында тұнып тұрғанын, оны ақындық сезім, ақындық қиялмен танып, ақындық тілмен жеткізе білу – поэзия еншісінде екенін таланттар мықтап сезінді. Табиғатты сүйем, сұлулыққа бас иемін [5.465]. дейді Байрон. Ал, Шелли: Шын поэзия жасырынып тұрған дүние сұлулығының шымылдығын сипарып тастайды [6.417] - деп жазған. Қарал отырсақ, өнер адамының қай-қайсы да бұл мәселеге соқпай кетпеген.

Ақындар әдемілік негізін тек табиғат әлемінен іздеген. Әдемілік – жарытылыс ғаламатына таңдана, тамашалай қарайтын адам жанына сырттан құйылатын, сырттан даритын ізгілік нұры. Ендеше адам сезімінен тыс табиғат шын мағынасында эстетикалық сапаға ие бола алмайды, ол үшін әр адам сұлулықты тани және бағалай білуі қажет. Бұл жөнінде З.Қабдолов былай дейді:

Нағыз пейзаж – Поэзия! Мінез! Адам! Неге десеніз, адамның суреті – пейзаж жоқ. [7.256]

Поэзиядағы табиғат лирикасын қарастырған кезімізде XX ғасырдағы қазақ жырының ірі өкілдерінің лирикалық шығармаларын орағытып өте алмаймыз. Бұл орайда С.Сейфуллин, И.Жансүгіров, М.Жұмабаев, Қ.Аманжолов және де Ж.Нәжмеденов, М.Мақатаев, Ж.Жақыпбаев поэзиялары мен қатар, қазіргі жас ақындардан Маралтай Үбираевтың, Алмас Теміrbайдың, Бақыт Беделханұлының, Назира Бердалының т.б. поэзиясындағы табиғат лирикаларын да тілге тиек етеміз.

XX ғасыр басындағы ірі қоғамдық-саяси оқиғалар мен ғылыми-техникалық революция бүкіл рухани қазына жайындағы түсінік, ұғымымызды кеңейтіп өзгертуі. Адамның өзін-өзі тануының, ғылымды игеруінің жаңа дәуірі басталды. Табиғаттың сыртқы бейнесін ғана тамашаламай, оның ішкі болмысына үнілуге мүмкіндік туды. Адам баласы жердің тартылышы күшін женип, ғарышқа шықты. Табиғатты зерттеуде, танып білуде жаңа белестерге көтерілдік. Бұл оқиғалар әрине поэзияда көрініс таппай қалмады. Лирика жанрына көркемдік талдау жүйесі енді. Табиғат суреттері арқылы адамның ішкі сырын, жан дүниесін ашып көрсетуге күш салды ақындар. Адам жан әлеміндегі тылсым, бейбәлім өзгерістерді, сан алуан құбылыстар ажарын аштын табиғат құбылысының сыры мен сипатынан оралымды, өрнекті сурет таба білді.

Табиғатты эстетикалық тұрғыдан тану дегеніміз — суреттің өзі жан сұлулығымен астасқан, оқушысын толғандыра отырып, көз алдыңа бейнелі, бедерлі жаратылыс суретінің қайталанбас керемет -келбетін, өзіндік сыр-сипатын мейлінше тұтас, мейлінше еркін жеткізу. Табиғатты эстетикалық тұрғыдан танудың алғашқы үрдістерін Абай лирикасынан көреміз. Абай табиғат лирикасы арқылы қоғамның тарихи-психологиялық суретін ашып берді. Сол арқылы жанр аясын кеңейтті. Өркенін өсірді. Абайдың ешкім деңдей алмайтын биік тұсы — осы. Осы тұста ол — суреткер. Табиғат, қоғам, адамға қатысты өз қоғамынан әлдекайда озық сөзді ол осы жерде айтты. Өйткені езіне дейінгі данышпанның қай тұрімен де ақыл-парасатын мөлшерден тыс толықтырған еді, — дей келіп, Абай — біреу. Ол деңгейге ешкім көтерілген жоқ. Ал, дәстүрі — сан тарап. Оны игеру, алға дамыту қазақ поэзиясының “түпкілікті мұраты” [8.1 20], - деген пікірді негізге алар болсақ М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, И.Жансүгіров XX ғасыр басында Абай салған, соны соқпақты Әлгері дамытып, Мұқағали, Қадыр ақын, Жұмекен, Жұматайлар жаңа көркемдік

ізденістерге құлаш үрды. Бұғінгі қазак поэзиясындағы табиғат лирикасын сөз еткенде тіпті де өзгеше сарын, өзгеше леп байқалады. Олар әдебиеттіміздің өміршеш дәстүрін терен де толық менгеріп, табиғатты жаңаша қырынан ізденіл жыртауға ұмтылады. Бұл жолда жеткен нәтижелер аз емес.

Сөйтіп, табиғат лирикасына қазак әдебиетінде қалам тартып, бұл тақырыпты да ілгері дамытып атып кеткен ақын – Абай. Абайда табиғат көрінісі мен бейнесі, жалпы бізді қоршаған ортаның тыныс-тіршілігі, қозғалысы, дамуы жаңаша леппен, жаңашыл көзқараспен жырланады. Абайдың табиғатқа арналған өлеңдері жылдың төрт мезгілін де тұстастай қамтиды. Онысы қазак әдебиетінде жоқ соны сүрлеу, батыс әдебиеті, оның ішінде орыс әдебиеті ақындарымен жыр мұшайрасына түскендей қабылданып отырады. Абайдың табиғат лирикалары табиғатты жаңаша танытады, біз ангара қоймайтын тылсым дүниенің құпия кілтін қолымызға ұстасып жібергендей сезім күйге бөлейді. М.Әуезов аса жоғары бағалаған Қыс деген өлеңін алайықшы.

Ак киімді денелі, ақ сақалды,  
Сокыр мылқау танымас тірі жанды.  
Үсті басы ак қырау, тұсі суық,  
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Бұл сурет, көрініс қазак танымында XIX ғасырда болып па еді? Әрине болған жоқ. Абай қысты қазак ұғым-түсінігіне барынша сіңісті етіп шеберлікпен бейнелеп, қыстырып-ақ жібереді. Қыс адам кейпінде, үстінде ақ киім, ақ сақалды, сонымен қатар тірі жанды танымайтын соқыр әрі мылқау күйінде бір суретtelініп алса, енді ол басының аппақ қырау, түсінің тым суық, басқан жерінің сықырлап келіп қалатынын бейнелейді. Жансыз үскірік аязды қыстың бейнесін бір сәт адам кейпінде көз алдыңа анық та айқын етіп суреттейді. Ақынның бейнелі тілінің, өрнекті ойының қуатымен қыс бейнесі адам бойында ызгарлы аязды сезінетін түйсік туғызатын бейнеге айналып кеткендей. Қыс өлеңі Абайдың шығармалары ішінде ақынның айрықша бір ізденісін, ақындық сатысын көрсететін шығарма. Қазак даласының сахаrasы, табиғаты, әсіресе, арнайы жыл мезгілдеріне арналған жырлар Абайға дейін дами қоймаған. Қысты Абай Әуезов айтқандай тірі жанды бейнелі етіп сипаттайды. Қыс бейнесі жаңа, соны сипатта сомдалынды. Қыс жанды бейнеде суреттелгендей қауырт, екпінді, бойында тылсым күш, оның дем алысы үскірік, аяз бен қар ерекше алалат дүлей боранды елестетеді. Ақын қысты сұрағанын алмай тынбайтын, келгіштеп есіктен кетпейтін қазақтың кәрі құдасына тенеп жібереді. Табиғаттың қытымыр қысын суреттеген ақын қыс алып келген әлекті, шаруаның жайына, малшылардың көніл-күйіне ауысады, тұмсығын салған қасқырға малды қор қылмау жағын ескертіп өтеді. Абайдың қыс көрінісін қарлы, аязды дала пейзажын суреттеумен шектелмей шаруа бақкан елдін тұрмысын қамтуы өз заманының реалистік шындығы болатын. Осы өлеңді ұзақ талдаған Әуезов: ...идея жағынан өзге өлеңдерінде жеткен өрісіне өрлемейді... тартысты танытарлық идеяның жетімсіздігінен, қыстың суреті, көбінше, көлденеңнен қоруші, салқын қанмен сөйлеуші адамның созерцаниеесі болып қалады, [9.137] - деп кемшиң тұстарын көрсетіп өтеді. Абай өлеңдеріндегі қоғамдық қайшылықтар көрініс таппады деген мәселе тұр.

Әуезов оны саясаттан сескенгендіктен айтып отыр. Абай бейнелеуінде кыс образы жалпы тұрғыда емес, нақты, дәл динамикалық қозғалыста алғаш рет қазак сахарасында сипатталынды деуімізге болады. Қазак поэзиясында Абайдай Қысты суреттеген ақынды табу қын. Ұлы ақын табиғаттың кай көрінісін сипаттамасын оның тұра, нақты көрінісін емес, образын, бейнесін суретпен, өрнекпен айшықтап шебер беріп отырады.

Қазак жазба әдебиетінде, жаратылыс, табиғат келбеті Абай поэзиясында көрініс тапқанындағы ешбір қазақ ақындарында көрініс тапкан емес. Абай табиғат лирикасының бастауында түр. Абайдың салып кеткен дәстүрі мықты да өміршеш. Ол дәстүрді кейінгі толқын ақындар дамытып ілгерілетіп алғып кетті.

Абайдың табиғат лирикаларынан мына ерекшеліктерді айқын байкаймыз: ірі ақындар, талантты тұлғалар кемелденген сайын табиғатқа жақындағы түспек, табиғатпен ол өзін етene біртұтас сезінбек, табиғат-ананың бір бөлшегіне айналып кетпек. Абайдың Желсіз тұнде жарық ай деген өлеңіне зер салтайықшы:

Желсіз тұнде жарық ай,  
Сәулесі суда дірілдеп.  
Ауылдың жаны терең сай,  
Тасыған өзен гүрілдеп.

Өте келісті, әдемі сурет, аса бір нәзіктік сезіледі. Көрініс тұнгі мезгіл, аспанда толған ай, дала сүттей жарық - сәт. Еірак ақын дала сүттей жарық еді демейді, оны бір ғана желсіз тұнде жарық ай деген сөйлеммен бейнелеп тұр. Ой бейнелі, тіл айшықты. Мамыра жай дала көрінісі, терең сайда, гүрілдеп аккан өзеннің бетінде ойнаған ай сәулесінің көрінісі ғажап. Табиғаттың әдемелігі, адам жанына ерекше бір нұр сәуле құйып тұрғандай. Абай мамыра жай тұнді қалай жырлау керектігін осы өлеңі арқылы өнеге, ұлғі көрсетіп тұрған жоқ па? Абай үнемі ізденип, ақындық шеберлігін ұштап отырғандығын айқын сезінеміз.

Ал ақынның Күз деген өлеңінде де бір ғана көрініс арқылы бүкіл өлең тақырыбындағы негізгі максатты ашып бере алған.

Қайыршы шал кемпірдей түсі кетіп,  
Жапырағынан айрылған ағаш, курай.

Күзгі салқын мен дауылды құндері ағаштың жапырақтарынан жалаңаштанатыны белгілі. Ал Абай бұған қурайдың да жапырағынан айрылғанын косады. Сол арқылы оқырман ойын тереңге бастайды. Жалпы Абай өлеңдеріндегі табиғат көріністері шебер дәлдікпен бейнеленіп отырады.

Ұлттық мінездің қалыптасуында ұлттың әдет-ғұрыптық, тұрмыс-салттық, кәсіптік-шаруашылықтық ерекшеліктері, ұлттық сезім бәрі де маңызды болып есептеледі. Дүниені біз ұлттық болмысымызben қабылдаймыз, оны ешкім де теріске шығара алмас. Табиғатты тануда да ұлттық ерекшеліктеріміз сезіліп отырады. Бұл нені аңғартады: бұл ата дәстүрдің сабакастығын, жалғастығын аңғартады. Бұл обьективті тұрде жүріп жататын процесс. Ол біздің алуан түрлі поэзиялық шығармаларымыздан көрініс табады. Біз соны дұрыс танып, талдай алымыз керек. Табиғатты тану мен бейнелеуде, кескіндеуде ұлттық таным-түсінік, ұлттық ұғым, ұлттық дәстүр барынша

көрініс тауып жатады. Оған таңырқай қарамау керек. Музыка әуені барлық халыққа түсінікті болғанымен онда да ұлттық колорит, әуез болғандықтан ұлттық сипатка ие болады. Осы орайдан келгенде, Абайдың табиғат лирикасының тереніне үніле білсек, бізге беймәлім сырдың беті ашыла түсетіні ақыкат. Әйткені “Абай — аскан реалист ақын. Оның табиғат жырларынан уақыттың әлдекалай жылы, айы емес, өзі өмір сүрген заман жайы, сол заманда тіршілік еткен адам жайы айқын көрініс табады. [10.35]” Мысалы “Жазғытұры” өлеңін алап карасақ:

Жаздың көркі енеді жыл құсымен,  
Жайрандасып жас құлдер құрбысымен.  
Көрден жана тұрғандай кемпір мен шал,  
Жалбаңдасар өзінің тұрғысымен”

Ұлы ақынның “Жазғытұры” ғана емес, басқа да табиғат тақырыбындағы өлеңдерінде казақ халқының әдет-салтына, тұрмыстық-шаруашылықтық кәсіпперіне байланысты өлең жолдарының көп кездесетінін жоғарыда айттық, міне олардың ішінде тікелей ұлттық сезімге қатысты сөздер мен ұғымдар, өлең жолдары мен тұтас шумактар, бедерлі бейнелер мен әдемі сез бейнелілігі жиі ұшырасып отырады. Ұлттық сезім тұрғысынан келгенде Абай өлеңдерінде жиі ұшырасатын бейнелердің бірі — кемпір-шал бейнесі. Мәселен: “көрден жана тұрғандай кемпір мен шал” (“Жазғытұры”), “кемпір-шал қыржан қағып, бала бүрсөң”, “қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп”, (“Күз”), “кемпір-шалы бар болса қандай қыын” (“Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай”) т.б. алсақ, біріншіден барынша ұлттық осы бейнелердің табиғат тақырыбындағы өлеңдерде жүруі де тегін болмаса керек, жыл мезгілдерінің ауысып тұратыны сияқты жастық та кәрілікке ұштасып жатады. Физиология, биологияның заңдылығы — жастың қартауы болса, адам баласының о дүниелік боларының алдындағы бір кезен — кемпір-шалдық дәурен. “Өз баласын өскенише, немересін өлгеніше” бағып-қағатын, көздерінен таса қылмайтын, қара шаңырақ иелері кемпір-шалдар бейнесі ұлттық сезімімізді басқа ұлттардың сезімдерінен ерекшелеп тұрады. Кемпір-шалын қаңғыртпай қолда ұстая, қамкор болу — арлы ұлдың, қасиетті қыздың ата-бабадан мирас еткен дәстүрі, тәрбиеі мен тағлымы. Кемпір-шалдар бейнесінің жанға жақын, ұлттық ойлау мән ұғымға барынша сәйкес келуі, ұты ақын өлеңдерінің қуатын қүшеттіп, қасиеттерін нактыландыра түседі, әсер-ықпалын қүшеттеді. Басқа да көркемдіктерімен бірге ұлы ақынның табиғат тақырыбындағы өлеңдерінің барынша ұлттық сипатын, мейлінше жинақталып берілген кемпір-шалдар бейнесінің тікелей ұлттық мінезге қатысын осылай түсіндіруге болады. Қаралайым түрде ұғынсақ, басқа ұлт ақындарының өлеңінде кемпір-шалдар бейнесінен қазақ ұлтының туыскандық сезіміндей ыстықтық, жылыштық сезіле бермеуі мүмкін.

Ақынның “Жаз” өлеңіндегі:

Жаздықун шілде болғанда,  
Көкорай шалғын байшешек,  
Ұзарып өсіп толғанда.  
Күркіреп жатқан өзенге,  
Көшіп ауыл қонғанда.  
Шұрқырап жатқан жылқының

Шалғына жоны қылтылдап,  
Ат, айғырлар, биeler  
Бүйірі шығып, ыңқылдап,  
Суда тұрып шыбындал  
Құйрығымен шылпылдап,  
Арасында құлыш-тай  
Айнала шауып бұлтылдап, —

деген сияқты өлең жолдарында да халық өмірі, тұрмысына табиғаттың көркем бейнесіне, көкорай шалғынды, көк майса дала келбетіне катысты белгі-бедерлер көп-ақ. Ұлы ақын жаз жайлауға “көшіп ауыл қонғанда” деп те тегін айтпаған, табиғаттың ерекше бір түрге енген маусымын, ауыл өмірін суреттеуге, оны бар көрінісімен жырлауға ерекше ынтызар көніл-күймен барып отырған. Жаз айында қазақ ауылының тұрмыс-салтын ғана емес, күнкөріс-шаруашылығын, халықтың руханият дүниесін, этнографиялық жайжансарын, әлеуметтік күйін толығымен, табиғат көрінісімен астасыра жанжақты көрсетеді.

Күні бүгінге дейін қазақ поэзиясының ең бір өрнекті, тұрақты тақырыптарының бірі ауылдың табиғаты, ауыл болуы кездейсоқтық емес, ол қазақ халқының генефоны, шыққан қайнар бұлағы болғандықтан, бүгінгі мен кешегі ауылдың айырмашылығы, ерекшелігі бар, соған орай әдебиетімізде бейнеленуінде де бұл айырмашылық, өзгерістер айқын өрнектелуде.

Поэзия - уакыт айнасы да іспеттес қой. XX ғасырдағы қазақ даласының табиғатын жырлаудағы Абай дәстүрінің ілгері жалғаса түсіп үрдіске айналуы ақындарымыздың табиғат лирикаларынан айқын сезіледі. Ауыл мен қала, дала тәсіндегі көптеген соны өзгерістер табиғат келбетіне де өз әсер, ықпалын жасады. Мұны ақындар, лириктер әртүрлі қабылдады. Жалпы қазақ халқының негізгі шаруашылығының төрт түлік малмен байланысты болуы, осыдан туатын көші-қондық, көшпелі тұрмыстық жағдайлар табиғи ортаға қарай бейімделіп отырды. Тіршіліктің бәрі аспан астында, жер бетінде ежелгі ата қоныста өтіп жатты. Қазактың тыныс-тіршілігі негізінен табиғат аясында өтетін. Табиғатка барынша жақын, сырлас халық. Халқымыз аспан әлемін бакылап, жүлдіздарға қарап бағдарын, ауа райындағы алдағы өзгеріс құбылыстарды, шөптөрдің түсіне қарап қасиетін, сұына қарап жерін, жеріне қарап астында жатқан казынасын болжап тап басып айта білген. Халық жадындағы бұл қасиет ақындар жырларынан да қылаң береді. Демек, Абайдың “Жаз” өлеңінде ауылдың аты ататуының, көрініс суреті салынуының астарында осындағы сырлар бар. Бір ғажабы, “Жазда ауыл келбетін ақын шабытпен суреттеп, сол суретке өзінің де сүйсініп отырғанын жасыра алмайды. “Қыз-келіншек үй тігер, бұрала басып былқылдап” деп қыз-келіншектер туралы, “жаутандаған жас бала, ет әндер деп қылқылдап” деп балалар туралы, “салтанатты байлардың, самаурыны бүркүлдап” деп байлар жайында, “білімділер сөз айтса, бәйге атындаған қылқылдап” деп ақылды-есті адамдар туралы, “ак көйлекті, таяқты, ақсақал шығар бір шеттен, малыңды әрі қайтар деп” деп шалдар туралы, “асау мініп теңселген, жылқышылар кеп тұрса” деп жылқышылар туралы, “мылтық атқан, құс салған, жас бозбала бір бөлек” деп жастар туралы айтқандарында қазақ аулының осындағы әлеуметтік топтарына әркырынан токталып отырады, осылардың шат-шадыман көніл-күйлеріне өзінің

ыстық сезімін қосып, табиғат сұлтулығымен жарасым тапқан ауыл ажарын асқан шеберлікпен әдемі суреттейді. Қазақ халқының тұрмысындағы осы бір жадыранқы тұстың жыл мезгілі — жазға сәйкес келгеніне көніл қошын коскандаі, ақынның өзінің де қуанышты әсер үстінде отырғаны өлеңнің әр жолынан байқалып отырады.

Осы өлеңдегі ауыл, дала сәні төрт түлік мал екені түсінікті, бірақ өлеңде мал түгел аталмайды. Ақын саналы түрде басқалардан гөрі жылқыны айрықша, ерекше көріп, оған “Жаздан” басқа да өлеңдерінде әр түрлі қырынан тоқталып отырған. Қазақ халқы “ат — ер қанаты” деп жылқы баласын аса қатты қадірлесе, қымызын ішіп қызықтаса, көлікке мініп көсілсе — бұның барлығы мәселенің беті ғана, ал ішінде ата-бабамыздың сол жылқымен байланысты сұлұлыққа, яки эстетикалық көзқарасы, ерлікке, батырлыққа ұрпақтарын тәрбиелеуі яки тәрбиелік-тағымдық ойлары жатыр.

Абай “Жазда” қозы-лақтар демейді, құлын-тайлар дейді, түйе мен сиырды да атамай, “ат-айғырлар, биeler” деп кетіп отырады. “Күз” өлеңінде де сондай “жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан” дейді. Қысқасы ақын шығармашылығындағы жинақталған типтік әрі ұлттық бейнелердің сапында жылқы, ат бейнесі айрықша орында десек болады. Абайдың сұлұлыққа көзқарасының ат сұлтулығымен астарласып жырлануында (“Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ”) ұлттық сипаттың өлең мінезінің негізгі айқындаушысы болып тұрғаны содан. Ат сының айтқан осы өлеңдегі барлық талап-талғамдар кепшіліктің көнілінен шығатынын ақын ескерсе және Абай талғамындағы ат асқан сұлұлығымен емес, мінезділігімен, төзімділігімен, қарапайымдылығымен ерекшеленсе — дәл осы жерде, атқа қойылатын Абай талап-талғамдарында, сынында ұлттық сипат бар, ұлттық мінез жасалған.

Табиғатты ағын судай, сымпылдап ұшқан үйрек, қаздай динамикалы халде алған сияқты, адамды да тепе-тек тыныш отырған үнсіз, қозғалыссыз күйде алмайды. Эркім әр алуан іс пен мінезде, құбылыста көрінеді. Осында буы аспанға шыққан, көшіп келген жәрмеңкедей жанды өмірді окушыға аса қонымды етіп, “дәл осындай болады” дегендей бас шұлғытып, иландыра біледі. Өлеңнің ішінде жанды тіршілік, қайнар қызу мол болғандықтан түрі менен өлшеу үйқастарында да аса жанды, қызулы жүрдектік бар. Үйқастарда келетін “шыбындал”, “шылпылдап”, “бұлтылдап”, “сымпылдап”, “сыңқылдап”, “жылпылдап” деген сияқты айтуга ауырлау келгенмен, тұрақты тыныштық күй емес, үнемі өзгеріп тұрған қозғалыс әрекетті көрсететін сөздер барлық өлеңге өзгеше ағындылық береді. [11.118]

Абай “Жаз” өлеңінде білімді адамдар жайында “білімділер сөз айтса, бәйге атындағы аңқылдап” десе, халықтың мінезін мінеп сынаған өлеңдерінде: “адам қылmas халқым бар, өтірік пен өсекке бәйге атындағы аңқылдар” (“Келдік талай жерге енді”) деп бәйге атын өсек, өтірікке аңқылдап тұрған халқының ұнамсыз мінезін жасауға тенеу ретінде қолданады. Жүйрік деген ұғымды контексте мағыналық тұрғыдан контрасттық-қарама-қарсы мәнде қолданады, жылқы, ат бейнесін сипаттауда ұлттық ерекшелік танылатынын дәлелдейтін мұндай мысалдардың тізімін ұзарта беру қыын емес. “Ат сынын айтып, өлеңдерінің мазмұнына төрт түліктің ішінен таңдал алып бүкіл творчествосын адамға қура білген қазақ классигі жылқыға неге мән береді? Бұның екі түрлі себебі бар.

Біріншісі, жылқы көшпелі қазактың ең қастерлі тұлігі еді. Екіншісі, бұл тұлік сұлуулықтың сымбатына жүретін еді” [12.75] Біздінше, осындай себептердің астарында жалпы әдебиеттің даму заңдылығы саналатын ұлттық сипат пен оның негізгі категориясы ұлттық мінез бар. Дәл осы тұста өлең өріміндегі ұлттық мінез категориясы, ұғымы жайлы бірер қорытынды жасауға болады. Табиғат, төрт тұлік мал туралы өлең-жыр Абайдан бұрын да болды. Бірақ “қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі төрт тұлік мал, ан-құс, аңшылық, малшылық жөніндегі өлең жырлар рулық дәуірде, V-X ғасырларда жасалған”, [13.19] - деуге, одан да бұрын жасалған деуге келісуге болғаныменен, оларда заман шындығын, когам жағдайын халық, ел өмірімен байланыстырып терең суреттеу, табиғат көріністерін, жыл мезгілдерін, сол сиякты малшылық, аңшылық кәсіптерді адам өмірінің сан алуан қырларымен байланыстырып жырлау, сөйте отырып халқымыздың әр түрлі таптары мен топтарының өмірінен алып, типтік бейнелер жасау болған жоқ. Сол себепті де Абайдан бұрынғы ауыз әдебиет ұлттықтарында ұлттық мінез жан-жақты, терең ашылған жоқ. Тек қайсыбір қырларынан көрініп отырғаны шындық. Демек, көркем шығармашылық өнердегі ұлттық мінездің жан-жақты толық ашылуы, терең әрі сомдалып жасалуы суреткер тұлғасына, талант ерекшелігіне, дарын дәрежесіне байланысты болады деген сөз. Бұған — Абай шығармашылығы дәлел. Бұндай ерекшелік, әрине әдебиеттің ұлттық сипаты мен тарихилығын жоққа шығармайды, қайта керсінше оған қосымша мағына үстейді.

Орыс ғалымдарының әдебиеттің ұлттық сипаты мен мінезін зерттегендеге Пушкинге айналып соға беруінде осындай мәніс бар. Әдебиеттің ұлттық сипаты мен мінезін ұлылар шығармашылығынан іздеу, яғни “Ұлы суреткердің шығармашылығында, тұлғасында ұлттық мінез сипаттары айқын және тұтастықта танылады. Пушкин тұлғасынан бүтін бір дәуірдегі орыс халқының дана қалпымен әрі жарқын көрінгендігін Белинский, Гоголь, Тургенев, Горькийлер ерекше атап айтады” [14.119] — деу еріккеннің ермегі емесі түсінікті.

Ұлы ақынның “Күз” өлеңіндегі “енесіне иіртіп шуда жібін, жас қатындар жыртылған жамайды үйін”, “кемпір-шал құржан қағып, бала бұрсен”, “кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң, үйде ит жоқ, тышқан аулап, қайда көрсөн” деген өлең жолдары күздегі сүренсіз ауыл өмірін соншалықты дәл әрі көркем бере алған десенізші, күздегі ауыл көрінісі бұл өлеңде де сол адам өмірімен, олардың әр түрлі топтарының белгілі бір қырларымен жасалған бейнелерімен байланыстырылған, жалт етіп көрсеткенімен сол бейнелерден көп сыр аңғарылып қалады.

Абай бірнеше рет жырлап көрген сахара табиғатының өзгеше кезеңдеріне көшпелі ауылдың күзгі тіршілігін суреттеген “Сұр бұлт” және “Қараша, желтоксанмен” дейтін екі өлеңінің орны ерекше.

Бұл өлеңдер көркемдік жағынан да, өмір шындығы мен мазмұн жағынан да және әсіресе ақын барынша батыл шыншылдықпен ашып берген қоғамдық тірлік, халықтық идея жағынан да бұрын Абай жазған табиғат тұрасындағы өлеңдердің барлығынан биік өрлеп, өзгеше сапа табады. ...Аз сөздермен барлық көшпелі шаруаның көп күйзелгенін таныта келе, әсіресе, күздің ауыртпалығы кімге түсетініне айрықша көніл бөледі. “Сұр бұлтта” да

жүдеулігі, күйсіздігі аса ауыр сорлылыққа жеткен кедей ауылды бейнелейді. Сол ауылдың адамы ғана емес, итіне шейін даланы кезіп, безіп кеткенін айту арқылы Абай көшпелі тіршілікке дәл осы өлең тұсында лағнет айтқандай болады.[15.150] Құздін сұрқай көрінісімен ауылдың жүдеу, арып ашыған тіршілігінін жайы үндесіп, әлеуметтік екпінді күшеттіп тұр. Көз алдында жаланаш сұрқай күз, сұрғылт ауыл кесе көлденең тұрады.

“Кұздегі” көрініс “Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай” да одан әрі терендеп, жіктік, әлеуметтік сипат ала тұседі. Енді ақын өлеңнің саяси-әлеуметтік мазмұнын терендептіп, қоғамның бай мен кедей болып бөлінуінің, қоғамдық құрылымның шындығын ашуға, әлеуметтік жіктелудегі ак, қараны ажыратуға, сол арқылы заман ағымымен, қоғам сырын танытуға ұмтылады.

“Ерте барсам, жерімді жеп қоям деп,

Біқтырма мен күзеуде отырап бай,” немесе

“кәрі қой ептеп сойған байдың үйі”, сондай-ак “үйі жылы киіз тұтқан айналасы” дегендерден қазақ байының тұрмысының тәуірлігі анғарылса,

“Кедейдің өзі жүрер малды бағып,

Отыруға отын жок үзбей жағып,

Тозған үйін жылтытып, тонын илеп,

Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып”

Немесе:

“Қай жерінде кедейдің тұрсын қуйі?

Қара қидан орта қап ұрыспай берсе,

О да қылған кедейге үлкен сыйы”, -

дегендерден кедей тұрмысының тапшылығы танылады.

“Бай ұлына жалши ұлы жалынышты,

Ағып жүріп ойнатар көздің жасы”

немесе “Асын жөндеп ішे алмай қысылады”, - дегенінде бай баласы мен жалши баласының ара жігінін алшактығы айтылады. Тұрмыс-тіршіліктегі арасы жер мен көктей айырмашылықты атап қана қоймайды, ақын әлеуметтік жіктелістің, бөліністің қоғамдық сырның үніледі, “байда мейір, жалшида пейіл де жок аңдыстырған екеуін құдайым-ай”, – деп күйінеді, әділетсіз, теңсіздікті ашына жырлайды. Өлеңнің өне бойын зерделеп қарасақ, мейірімсіз байлар мен пейілсіз кедейлердің мінездеріндегі айырмашылық қоғамдық құрылышка, әлеуметтік сипатқа, экономикалық жағдайға тіреледі.

Табиғаттың, айнала даланың сарғайып, жүдеу тартып, аспанды да түсі суық бұлт қаптап, жастардың да құлқісі тыылып сұрқы қашқан, жүдеу ауылдың күйі Құз өлеңінде әлеуметтік астар алады. Қазақ ауылдың тұрмыс жағдайының нашарлығы бірден анғарылады. Құз өлеңі табиғаттың сұрықсыз бейнесін казақ ауылдың күйзелісі мен астастырып жырлаған гумманист ақынның сұрқысыз жүдеу тіршілікке берген бағасында да қабылданады. Ақын халқының камын ойлап, жан дүниесі күйзеліске тұседі. Мына сұрықсыз тіршілікті мансұқтайды.

Абай өлеңдерінің ішінде оқшау тұрган – “Қансонарда бүркітші шығады аңға” болса, бұл туындының аңшылыққа арналғаны, ал аңшылықтың “қазақ халқының ежелгі кәсібінің бірі, күнкөріс құралы болса, бертін келе спорттық, саяткерлік өнер түрлеріне айналғаны”[16.10] бұрыннан белгілі жайт. Ұлы ақынның осы өлеңді жазуға саналы түрде баруының себебі, дәл осындай

аңшылық ләззатын, оның құмарлық құпияларын бұрынғы әдебиет өкілдерінің сөз етпегендігінен емес, қансонар арқылы да қазақтың мінезін сомдал, елдің саятшылық өнеріне елен еткізуді ойлағанында. Аңшылық, саятшылық кәсіпке, өнерге Абайдың айрықша мән беріп жырға қосуы қалай болғанда да тегін емес, ұлттық болмысымыздың табиғатын да андатқандай қансонар қыс мезгілінің ерекше бір сыйы іспепті. Қансонарда өлеңі табиғат аясында, қыскы сахарада өтіп жатқан ежелгі саятшылық өнерінің қыр-сырын, баптап түлкіге салған қыран құстың тегеурінін, алпыс екі айлалы алтайы қызыл түлкінің арпалысын кимыл, қозғалыс үстінде жандандырып суреттеген ақын көп нәрсенің астарына да үнілуге итермелейді, ой салып өтеді. Ит пен құстың өзін қолына үйретіп өз шаруасына пайдаланып келе жатқан ата-бабаларымыз жан-жануарлардың да мінез-құлқын, тіршілік-тынысын зерттеп зерделегені сонша қыран құстың, итегі мен қырғидың өзін құс болса да қолына үйретіп, баулып баптап күтім жасай білген, бұл құстың да тілін білген деген сөз. Қансонарда халқымыздың бай этнографиялық қазынасының көп жәдігерлік көріністерін ақын поэтикалық тілмен түйіндеп кетеді. Оқырман сырттай ғана емес, ұлттық болмысымен, ұлттық таным-түсінігімен қабылдайтын аңшылық көріністің картинасы – кең полотнолы суреттей көз алдында тұрады. Қыран құстың қызығы ақынның өзін де, оқырманың да елітіп, еліктіріп, желпіндіріп те жібереді. Сонда онда не сыр, не құдірет болғаны? Саятшылық өнерге, соның ішінде саят құстарына қатысты деректерді реті келіп тұрғандықтан келтіре кетейік. Өйткені Абай жырлап отырған құсбегілік өнердің табиғатын, қыр-сырын аша түссек, өлеңге тақырып болып отырған объектіні де кеңірек түсініп тани аламыз. Саятшылар құс атауларының: желбесін құстар, тұяқты құстар деп екі топқа бөледі. Желбесін құстар етін жейтін, жүнін мамық ретінде пайдаланатын құстар тобы. Оның өзі су құстары (акқу, қонырқаз, қоқиқаз, бірқазан, қалбағай, акқұтан, кекқұтан, керкүттан, әупілдек, шағалалар), қыр құстары (дуадақ, жорға дуадақ, безгелдек, окпақ, қарабай, тырна, шыңырау, тарғак), судың бойы мен қырды бірдей жайлайтын құстар – қырғауыл, құр, шіл, ұлар, тауқұдірет, орақтұмсық, сатауық, бөдене, бұлдырық сияқты тұрларі бар. Тұяқты құстардың өзі қыран затты, керексіз заттылар болып бөлінеді, соңғысына бұған: әртүрлі қаралқұстар (көкжөре, күшіген, балтакұстар, сақалтак) субүркіт, санқылтак, сарышағыл, саржала, жалмансыры, бөктергі, кезқүйрық, құладын, қүйкентай, ақсары, ақүкі, жапалак, сондай-ак құзғын, қарға, сауысқан осы топқа кіреді. Қансонарда Абай желбесін құстарды емес, болат тұяқты қыран құстың аң аулау тәсілін суреттейді әрі қызықтайды. Тұяқты құстардың ішінде ақылдысы әрі адам қолына үйренуге икемдісі, әрі пайдалысы, тұйсігі мол қыран заттылар, ол өте сезгіш әрі сезімтал құс. Тұмысынан аң, құс алып кәделі қызмет атқаруға лайықталып жаралған қыран құстардың негізгі тұқымы үш түрлі. Олар: бүркіт, қаршыға, сұңқар тектес қанаттылар. Бұл көрсеткен үш текті құстың жаратылысы өзге құстан бүтіндей басқа. Олар түз құсының ішіндегі ең қарулысы, тегеуріндісі әрі ұшқыры және олардың тұяқ, тұмсық бітісі де басқа құстан өзгеше келеді. Сондықтан оларды саятшылар тілінде қыран құс деп атайды, - деп жіктеп, салалап түстеп жазады Ә.Марғұлан Саят құстары және олардың жаратылысытағы ерекшеліктері деген мақаласында. [17.43] Қыран құстардың қыр-сырын аңшылықпен көп уақытын өткізген, саятшылық құрган ақын өте жақсы білген, өзі басынан өткерген. Қыран құстар биікке самғап,

көбіне қалықтай сыза ұшады, оның дене бітімі сұрапылдай ағызып, сыпырта, сыпылдаپ ұшуга ынғайлыш. Каршыға, лашын, сұңқар көбіне кенеттен жоғарыға атылып, не төменге қарай құлдилап, сорғалай, не қырындап бұлдырап ұшады, ол әте жылдам ұшатындықтан жемін қандай жағдайда да іліп түседі. Ал қыран бүркіттің аңға шүйлігі өзек, ірілік сезілетіндей:

Төмен ұшсам тұлкі өрлеп құтылар деп,  
Қандықөз қайқаң қағып шықса аспанға.

Ақын қыран құстын тұлкінің қай бағытқа қарай қашарына дейін аңдып білетін сергек қырағылығына тоқталады. Абай бүркітті батыр бейнесінде сипаттаса, енді бірде пан қалпында суреттейді, қыранға кейде адамға тән іс-әрекетті бейімдеп жырлап, табиғи сипатта жымдастырып жібереді. Айла-тәсіл, әдіс қолдану қыранның түйсікпен дағдылы түрде іске асыратын қаруы-машығы. Тұлкі жоғары өрlep құтылып кетпес үшін қыран лезде аспанға қайқаң етіп көтеріледі. Жаратылысынан түйсігі мол жануардың бұл тәсілін саналы жанға тән қимыл әрекеттей суреттейді. Енді биікке көтерілген паңың, батырдың қолындағы қаруын ақын:

О дағы осал жау емес қыран панға,  
Сегіз наиза қолында, көз аудармай

Батыр аял қылмайды ертең таңға, - деп бедерлеп, айшықтап суреттейді. Өте әдемі бейнелеу, алайда сегіз наизасы не нәрсе? Бұл ақынның тапқырлығы. Бүркітті батыр кейпінде жырлап отырған ақын, енді оның қолында сегіз наизасы бар деп бұрынғыдан да күшеттіп сипаттайды. Сегіз наиза жан шыдата ма? Сегіз наиза деп бір жағы жұмбақтап отырғандай бейнелеп өрнектеуі бұл қыранның ең мықты қаруы сегіз тұяғы. Саятшылар бірден ұға кететін әдемі әрі бұрын сөйлеу машығында ұшыраспайтын тың тіркесті теңеу. Сөз зергерінің бүркіттің ең мықты қаруын сегіз наиза қолында деп жырлауы ұтқыр да ұтымды шыққан.

Академик Ә.Марғұлан жоғарыда келтірген мақаласында былай деп жазады: Үлғи аңмен алысып күн өткізетін саят құстарының тарамыс бітісі де басқа хайуандікінен өзгешерек. Бұлардың тарамысы жембасар (алға қарай кеткен ұш саусак) мен тегеуріннің (артқа қарай біткен саусак) бауырын ала иректеле бітіп, оның әрбір ирегіне шодырайған сіңір қыры дәл келіп отырады. Сәйтіп, тұяқты қысып-жазғанда мықты тарамыстың ирегіне буындағы сіңір қырының дәл келіп отыруы құстар тегеурініне ерекше күш береді. Соның нәтижесінде оның шенгеліне түскен желбесін құстар темір қысқыштың арасына түскендей жаншылып отырады . Көктен сорғалап құйылған қыранның серпімді болат тұяғының шенгеліне іліккен тұз тағысы әп-сәтте-ақ ғаламат күшпен сыйымдалып жаншылып кетеді. Адам тісі stomatolog ғалымдардың зерттеуіне қарағанда 80 кг дейін күшпен қыршып тістейді екен. Бүркіттің шенгелінің аңының беломыртқасын қаусатып жіберетін сыйымдау күшін соған қарал-ақ шамалауға болар. Одан әрі ақын:

Қанат, құйрық сұылданы ысқырады

Көктен қыран сорғалап құйылғанда, - дейді, көзді ашып-жұмғанша, әп-сәтте, наизағайдай лезде жарқ ете қалған сұрапыл жылдам қимыл-қозғалыс. Жылдамдық барған сайын үдей түскендігі сонша қанат, құйрық сұылданы ысқырып зулап, ауаны тіліп барады. Ақын соншама дәл, нақты суреттейді. Атылған жебедей ғаламат шапшаңдық. Сорғалап құйылған бүркіттің болат

тұғының тегеурініне жемі қарсылық көрсете ала ма? Құс қанатымен ұшып, құйрығымен конады дейді халқымыз. Қыран құстың қанат пен құйрық бітімі, дене күрілісі басқа құстардан мұлде өзгеше. Айталық сұнқар мен лашын оқтай атылып, сыныра ағызып ұшады, ешбір құс олармен тең келе алмайды. Саятшылар мен ғалымдар – орионтологтардың бақылауына қарағанда саят құстары секундына 11-12 метр жылдамдықпен, лашын жемтігіне төнгенде секундына 75 метр жылдамдықпен құлдилайды екен. Ұшу жылдамдығы өте жоғары. Ұлы ақынның бүркіттің көктен құлдилауын сипаттаудың асқан байкампаздық көзге ұрып тұр. Сұлу сурет, жан дүниене, адам сезіміне әсер етегін сырлы полотно, аңшылық рақатынан адам бір жасап қалатын әсем көрініс.

Аңын да, құстың да мінез-құлқын, ерекше қасиеттерін қалыптың да тануы жағынан Абай көнігі саятшыдан да асып түседі. Қыран бүркіттің әдемі, келісті кимыл-қозғалысын шеберлікпен әрі шабытпен сипаттаудың соның айғағы. Абай Шокпардай кекілі бар, қамыс құлак деген өлеңінде жануардың ішіндегі сұлу түлік жылқыға берген сипаттамасы, сыны қандай ғажап болса, Қансонарда қыран құстың да бойынан сондай бір өзге жануарларға ұқсамайтын ерекшеліктерді танып, соны өлең тілімен тамаша мөлдіретіп өрнектей білген. Ақынның қыранды суреттеуінің астарында Абайдың өзі қанық болған, бізге бүгінде беймәлімдеу этнографиялық құндылықтарға айналып бара жатқан астарлы дүниелер табиғатының беткі көрінісі сипатталып өткендегі болатыны сондықтан. Ол көрініске үңілсен дала табиғатының мінезін, халқымыздың этномәдени мұрасын, этнографиясын, тұрмыс-салтын тануға алып барады. Ақынның бір сөзбен көп дүниенің басын қайырып кететіні, көріністеріне дейін сыр шертіп тұратыны сондықтан.

Қансонарда Әуезовше айтқандай, Абайдың жаңаша қалыптанған ақындық мәдениетін танытады . Ол қандай мәдениет, ең алдымен орыс классикалық поэзиясының дәстүрін сіңіру, солай бола тұра орыс поэзиясына тікелей еліктеу де жоқ, бұл таза қар жамылған қыскы далада өтіп жатқан аңшылъқ, саятшылық, ұлттық болмысымызға тән құсбегілік өнер. Құсбегілік өнердің қызық та қызығарлық сәттерін ақын өзі де оқиға ішіне еніп кеткендегі етіп еліктіріп суреттейді. Қансонар ақынның табиғатты да көркем суреттеген, бүркіттің қимыл қозғалысын, бүркітшінің ширақ әрекетін, томагасы сипырылған қыранның биіктен сорғалап түлкіге шүйілгендері көріністер аңшылдықтың тұтас картинасын береді. Абай Қансонарда даланы, тау мен тасты нақты суреттейді, реалистік дәлдікпен бейнелейді. Оқиға табиғат аясында, Абай өзі талай саятшылық құрган қыскы сахарада өтеді. Бүркіт пен түлкінің арпалысқан сәтін бейнелегендеге Абай жеке батыр шыққандай қан майданға деп дәстүрлі теңеуді де қолданып өтеді. Одан әрі ақын: қар – аппақ, бүркіт - қара, түлкі - қызыл, ұқсайды хасса сұлу шомылғанға деп батыл теңеу қолдана сипаттайтын. Аппақ қардың үстіндегі қара бүркіт пен қызыл түлкінің тайталасқан, қарбалас қалпын хасса сұрудын шомылғанына ұқсатып жіберуі ақын танымының, көркемдік әлемін қабылдаудың биіктігін, образдылғын көрсетеді. Табиғаттың көркін ерекше түрлендіре суреттеген өлең осы Қансонарда . Қансонар табиғат лирикасының ең бір гауһары десе де болады. Аңшылдық өнер, саятшылық бұл бір жағынан спорт өнері де.

Егер ақын:

“Құсы да иесі де қоразданар,  
Алпыс екі айлалы тұлқі алғанда,  
“Үйірімен үш тоғыз”, деп жымындал  
Жасы үлкені жаңына байланғанда” —

десе, бұл шумактан, біріншіден өлеңің таза ұлттық сипаты аңғарылады, “үйірімен үш тоғызды” жасы үлкенге сыйлау — қазақ дәстүрі. Ал, салт пен сана, тұрмыс, әдет-ғұрыптар — ұлттық міnez қалыптасуының қайнар көздерінің негізі. Үлкенді сыйлау, алдынан кесе өтпей, айтқанын екі етпен — ұлттық сезім ғана емес, міnez де. “Құсы да иесі де қоразданар” деген жолдар сәл нәрседен мәре-сәре болатын аңқылдақ, бала мінезді халқымыздың бейнесін беріп тұр.

““Кансонарда” өлеңінде орыс халқының өмірінен, не орыстың классикалық поэзиясынан тұлп-тура ауысып келіп, араласып тұрған ешбір сырт белгі дерек жоқ. Бұндағы көретініміз қазак халқы мекен еткен қысы қарлы, табиғат. Бүркіт салуға салт атқа мініп шыққан анық қазақтың аңшылар тобы. Ермек үшін еңбек еткен ширак, сергек, қажырлы әрекет үстіндегі адамдар. Көшілік елдерде, бұл замандарда қолданылмайтын бүркіт аңшылығы суреттелмек. [18.105]

“1895 жылғы ақын тудырған шығармаларының қатарында аса бір көркем, шеберлікпен туған жыр — “Көлеңке басын ұзартып” деген өлең. Табиғат жайында реалистік дәстүрмен, ірі суретшілдікпен туғызған шығармалардың қатарынан бұл өлең жаңа сапада бөлекше көрінеді. Бұнда орыс классикалық поэзиясының дәстүрінен ауысқан ірі ерекшелік бар. Онысы енді табиғаттың кезі мен көркін көлдененен көруші болып жырламайды. Өз көңілімен айналадағы дүниенің суретін, сырын шарпыстырып, табыстыра жырлайды”.[19.163]

Бұнда ақын үшін тың жаңалық — табиғаттағы стихия мен ақындық көңілдің шабытты стихиясы терең сырлы сипаттарымен ұштасады:

Көлеңке басын ұзартып,  
Алысты қезден жасырса.  
Күнді уақыт қызартып,  
Көк жиектен асырса.

Күнгірт көңлім сырласар,  
Сұрғұлт тартқан бейуаққа.  
Төмен қарап мұндасар,  
Ой жіберіп әр жаққа, —

деген шумактарда күн көкжиекке құлап, көлеңкенің басы ұзарып, кештің батып келе жатқанын әдемі өрнектейді. Кешкі мезгіл екенін ақын бір ғана сөйлеммен ұғындыра білген. Таңғы шақ пен кешкі мезгіл адам ұғымында бірдей қабылданбайды. Таңғы шақ тіршіліктің оянуы, дүниенің қозғалыс әлеміне енуінін, қым-куыт тіршіліктің басталғалы тұрғанын елестетеді. Кешкі мезгілде табиғат та, адам да, тыныстап, демалыс құшағына енбек. Ақын көңілі күнгірт бейуақытта әр саққа ой жіберіп, толғаныс күйді кешуде. Табиғаттағы мезгіл суреті мен көңіл күй үндестігі салыстырылып өтеді. Ал келесі шумақта:

...Адаскан күшік секілді,  
Ұлып жүртқа кайтқан ой.

Өкінді, жолын бекінді,  
Әуре болма, оны қой, — дейді.

Ақын мұнда күнделікті ауыз екі тілде колданып жүрген ұғымды тереңдетіп, корғасын құйғандай салмакты ете түседі. “Адасқан құшік” деген сөздің Абай колданысында философиялық мағынасы арта түседі. Құшіктің айласызы, әлсіз дал болуын көшіп кеткен ауылдың иесіз қалған жұртыймен байланыстырып барып, ақын өз басының ендігі мұнын соған теңейді. Көнілдің жұртыйнан, үміт пен арманның өрісінен көвшілік тірлігі, халық көші аулақ кетіп жатыр. Сондықтан бұның азалы ойы адасады. Үнін ешкім естімес, шерменде ой трагедиялық қүйде, ұлын жүріп зарланады. Абайдын табиғат лирикаларынан, жаратылыс, табиғат келбетін жырлауда мынадай ерекшеліктерін баса айтқан орынды. Ең алдымен Абай ауыз әдебиеті үлгісіндегі дәстүр машиқтан мұлде бөлек, батыс, шығыс әдебиетінің үлгілерін бойына сініре отырып табиғатты жырлауда жаңа ақындық мәдениетtelіктің үлгісін жасады. Абайда табиғат көріністері, қыр мен дала, тау мен тас, өзен мен жайлай жалпылама тұрғыда сипатталынбай, нақты, дәл, бедер, бейнесімен суреттелінді. Абайдың нақты бейнелеуі образдылық, бейнелілік сипатында ақындық тіл, ақындық ой, ақындық соны таным биігінен көрініс тапты. Абай табиғат құбылысын жанды, тірі бейне кейпінде бейнелеп, қазақ табиғат лирикасына жаңа үрдіс алып келді. Ұлы ақынның табиғат лирикалары мал бақсан шаруа тұрмыс құйімен, ауылдың сұрықсыз, жудеу жағдайымен байланыстыра суреттелінді. Ақын әлеуметтің муддесін, тіршілігін табиғат құбылыс, мерзімдерімен шебер астастырып жырлаған тұлға. Табиғат лирикаларында ұлы ақын жаратылыс кейпін сырттай суреттеуші ғана емес, өзінің де өз көзқарасын ашып, түйіндеп кетіп отыратын ойшыл ретінде де көрініп отырады.

Әдебиеттегі Абайдан кейін лайықты орын алатын ірі тұлға – Мәшінүр Жүсіп Көпееев. Ақын Абай өнегесін бойына терең сінірді, әдебиетке өзіндік із калдырыды. Соқтағын саралады. Дәуірлес, замандас болғандықтан, негізінен Абаймен үндес жерлері көп. Әсіреле, қоғам мен өмірдегі қарама-қайшылықты суреттеуде ұқсас тұстары барыштық. Дегенмен өзіндік қырынан көрінеді.

Ақынның Тұн кандай өлеңін алайық.  
Тұн болса алар тыныштық біраз жатып,  
Шаршағанның сілесі әбден қатып.  
Кол-аяғын ұйқы жау жілсіз байлап,  
Серейтіп алтып соғар табандатып. [20.50]

Ақын түннің өз сипатын күнделікті құйбің тіршілікпен байланыстыра суреттейді. Сол секілді адам баласының басында болатын қасиеттерді өлеңге қосады. Жалпы Мәшінүр Жүсіп Көпеевтің Абаймен ұқсас жері осындай. Тақырыптық жағынан паралелдігі де осы жерде анық аңғарылады. Ол да өз дәуірін табиғатпен ұштастырып жырлады, қоғамдағы келеңсіздіктерді ашып берді. Жоғарыдағы өлеңіне келсек, кейіптеудің маңыздылығын және ақынның тіркесті орынды қолданғанына күә боламыз. Тыныштық жатып алады дейді ақын. Тыныштықка жан бітіре отырып суреттейді. Бірак тыныштықты жанды ете стырып, орнайды деген сөздің орнына жатып алады деп алады. Бұл ақынның табиғатты жырлауындағы өзіндік ерекшелігі болып табылады. Осы арқылы түнде болатын құбылысты, табиғи өзгерісті шымыр көрсете білген. Екінші қырынан алтып қарағанда адамдардың тыныстап демалатын уақыты

дегенді мензейді. Егер өләнді сонына дейін оқып шыгар болсақ, пәлсапалық ойларға бекиміз. Бірақ ол басқа тақырып. Осы жерден Мәшһүрдің тағы да бір ерекшелігі көрініс табады. Яғни оның көп қырлы, тақырып кеңдігін аша отырып, бір-бірімен байланыстыра шебер беруі ерекшеленіп тұрады.

Ыбырай Алтынсаринді ағартушы, балалар жазушысы, сондай-ақ қазактың жазба әдебиетінде табиғат көрінісін өлеңге арқау еткен ақын деуіміз керек. “Өлең”, “Жаз” атты лирикалары күні бүгінге дейін өзінің көркемдік, мағыналық құндылығын жойған жоқ. Ыбырай өлендерінде табиғаттың тұнық та, тұма кезі көз алдына келсе, уақыт өтіп бүгінгі экологиялық апatty жағдайы еңсенді езіп, жүргегінді сыздатары сөзсіз.

Ыбырай бейнелеген көк орай шалғын, тау төсінен төмен қарай құлаған өзеннің тау мен тасты жанғырта, сарқыраған үні, жел тербеген қалың тоғайдың шуылы, малын бағып, балығын аулап, күнін көріп отырған елдің суреті жүрек қылын шертіп, сағыныш сазына бөлейтіндей.

Жалпы табиғат болмысын суреттеуге арналған Ыбырайдың екі өлеңі бар. Соның ішінде Өзен деген лирикалық өлеңіне тоқтала кетейік. Ыбырай нақты қай өзен екенін атап көрсетпейді, бірақ оның суреттеуінде өзен жалпылама ұғымда алынғанымен ақын әсем даланың көркі, тіршіліктің нәрі, саналған өзен кейпін шабытпен, еркін көсілтіп жырлайды. Өзендер бастаудың таудан алады, биіктен сарқырап аққан өзеннің күн сәулесінің нұрымен шағылысып жарқырап жататынын, тау мен тасты жарып арқыраған ағысын суреттейді ақын, ыстық аптапта көңілің сүйніштеп ашылады, дененде бар дертінді қашырады деп судың мөп-мөлдір көрмектігіне дейін жырға қосады, жан-жануар, жағасында жайқалған ағаш-тоғайлар да осы өзен сүйнан рахат тауыш, дамыл табатынына тоқталып кетеді.

Ыбырай да өзен жағалауларында ел қыстап, тіршілік етіп отырғанын, сүйнің сонда да қалыбынан айнымай ағып жататынын, балықтарының да алуан түрлері болатынына дейін тоқталып, мұның бәрі құдайдың құдіретімен, жаратушы жаппар иемнің әмірімен болып жатқанын атап өтеді.

“Өзен” өлеңінде “құдіретін құдайымның көресің бе, не нәжіс тоқтар өзен денесінде”, деп жер мен көктің, адам мен табиғаттың жаратушы құдайдың құдіретіне тәуелді екендігін алға тартады.

Сол сияқты ақынның “Жаз” атты өлеңінде сәуірде жауған несер, соның қуатымен желкілдей өскен көк майса, жер бетінде жайқалған көкпенбек шалғын, әлі де есейіп үлгермен жеткіншектердің ойдан қырға жүгірген шадыман шаттығы табиғаттың адам көзі тоймас қызығын қыздыра түсетіндей.

Ыбырайдың Жазы да жырлану үлгісі жағынан ауыз әдебиеті үлгісінен бөлек, ол жылдың көркі – жаздың бас кезін, күн мен түннің теңелген шағын, наурыз айын суреттеп өтеді. Оны ақын тең болар жарлықпенен күн мен түні деп анық атап та көрсетеді.

Ыбырайдың Жаз атты өлеңі мен Абайдың Жазғытұры атты өленінде өзара ұқсастық, үндестік сезіліп отырады. Оны суретtelініп отырған, жырға арқау етілген тақырыптың да ұқсастығынан туындал жататын құбылыс ретінде қарau керек. Ыбырай:

Жүгірер киік, құлан тау мен қырда,

Куанып ықыласпен келген жылға...

Алыстан мұнарланған сағымдары

Шакырып тұрар күліп кел деп мұнда...  
Көл бұзылып, көк шығып, қойнын ашса,  
Қанқылдал қонар оған қаз бен тырна...  
Адамзат сайран етер көнілі жай,  
Секіріп ойын салар құлын мен тай  
Кой маңырап, сиыр мөніреп шат болады  
Тасиды күркіресіп өзен мен сай.  
Аяғын алшаң басып түйе шығар,  
Жаратқан мұнша таңсық жаббар құдай. [21.37]  
деп түздін аң-құсын, киігі мен құланын, өзен суын, жан-жануарын  
түгел камти суреттесе, Абай:

Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,  
Күлімдеп, көрісіп құшақтасып.  
Шаруа қуған жастардың мойны босап,  
Сыбырласып, сырласып, мауқын басып!  
Түйе боздап, қой қоздап - корада шу,  
Көбелек пен құстар да сайды ду-ду.  
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,  
Сыбдыр қағып, бұрандап ағады су.  
Көл жағалай мамырлап қу менен қаз,  
Жұмыртқа іздел, жүгіріп балалар мәз...

Жаздың көркем бейнесін, кейпін Абай да келістіріп айшықты тілмен кестелейді. Қалай десек те бір дәуірде, бір заманда өмір сүрген қаламгерлердің жырларында іштей терең астасып жатқан үндестік барлығына мына салыстырылып отырған жолдар дәлел бола алады. Ұбырай әдебиетімізге ағартушы, тұңғыш қазақ хрестоматиясының авторы, балалар жазушысы ретінде енді. Сонымен бірге Ұбырайдың этнограф, тілші, ғалым, ақын ретінде де тануымыз керек. Ұбырайдың өлеңдері көп емес, бірақ жаратылышы ақын жанды жан-жакты білімдар тұлға әдебиетіміздің әр түрлі жанрында қалам тартқан. Оның бұл бағыттағы шығармашылығынан кейінгі толқын буын үлгі, өнеге алды.

Ақынның адамзат, қырдағы орман, ең ақыры аяғын маң-маң басқан түйелер де жаппар құдайға сәуірде көтерілген раҳмет туы үшін шуылдан шүкіршілік айтып тұр дегеніне шұбәсіз сенесіз. Өлең болып өрілген жаздың жанды суреті табиғильтік болмысымен бейнеленген.

Ұбырай елеңінде табиғат пен адамды жырлау үстінде жаратушы жаппар иемнің құдыретін сүйіспеншілікпен суреттейді, ал Абай өлеңдерінде табиғат пен адам тығыз байланыста, бір тұтас әлем ретінде, іс-әрекет үстінде бейнеленеді:

Жаздың көркі енеді жыл құсымен  
Жайрандасып жас құлдер құрбысымен.  
Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал,  
Жалбандасар өзінің тұрғысымен.

Жайрандаған жастарды, кемпір мен шалдарды ауызға алу арқылы ақын мәңгілік жас, сонымен қатар мәңгілік көне дүниенің жазғытұрғы сәні мен салтанатын көз алдыңа жайып салады. Жаңа бұлын саудалап, жалмандаған саудагер мен жерін жыртып, егін еккен диханшыларды, бір малы екеу болған

шаруаның асығы алшасынан түсіп, дәuletі еселей артқан мерейлі шағын, азалы ақ көрлесін сілке тастап, күлін қаққан жер, сағыныса табысқан күн — күйеу, жер — қалындықтың көнділіне шырай біткен сәтін астастырып, бірінен-бірін туындана суреттейді.

Ал “Қыс” атты өлеңінде де қыс суреті шаруа бақкан малшылардың бұрсен қағып, үсікке шалынған күйсіз жайымен қатар алынып суреттелініп, аскан шеберлікпен шынайы берілген, акын әлеуметтік мәселені тасада қалдырмайды.

Әуес көріп жүгірген жас балалар,

Беті-қолы домығып үсік шалды.

Шидем мен тон қабаттап киген малишы,

Бет қарауға шыдамай сырт айналды.

Ібырай мен Абай поэзиясындағы туған жер табиғатына арналған терен де сырлы әсем жырлар туған жерге деген ұрпақ махаббатын оятып, қазак жырының көк жиегін кенейтіп қана қоймай, көздің жауын алар небір жауһар жырлардың тууына да негіз салды.

Абайдың акын шәкірті Шәкәрім Құдайбердіұлы жырларында халық өлеңдерінің табиғатымен үндестік көп. Әрине, үндестіктің сөзін әрқылы түсініп, әралуан деректермен дәйектеп беруге болады. Мәселен, “Алпамыс батыр” [22.288] жырындағы:

Қарақан тауда қамалым, таусылған ба амалым,  
Баяғыдай болар ем,

Алпамыс келіп заманым,- деген жолдардың Шәкәрім каламынан туған мына бір шумақпен үндесіп жатқаны ақиқат:

Ауылым қонды Нұрага,

Мінген атым сұр ала.

Керексіз сөзбен бұрала,

Қазак сүйтпей тұра мА [23.12]

Ер Тарғын жырында Қартқожакқа Ақжұніс ару:

Қара жерге қар жауар,

Қарды көр де, етім көр,

Қар үстіне қан тамар,

Қанды көр де, бетім көр, [24.304]— демей ме? Шумақтағы аллитерацияны, керегар құбылыстарды шенденестіру арқылы бейнелі сурет жасау шеберлігін айтпағанда, өлең ұйқастарындағы Көр деген сөздің қаншалықты көркемдік мән атқарып тұрғанын өлемей өту мүмкін емес. Мұндай көркемдік тәсіл, дәстүрлі үлгі халық фольклорының шешендік сөз, мақал-мәтелдер тәрізді өзге де түрлерінен мол кездесетіні анық.

Шәкәрімнің Өлген көңіл, ындынсыз өмір өлеңінің көркемдік мәні жоғары екенін айтуда болады. Ақын бұл өлеңінде табиғаттың құбылыстарына өзінің көңіл-күйін сабактастыра отырып, психологиялық параллелизмнің тамаша үлгісін жасайды.

Қытымыр қыстың қыспакты кезеңі өтіп, көктем де келді. Аспан ауыр бұлтардан арылған. Ел болса қыстайғы тіршілік тұсауынан босап, қоныс жаңарту қамында. Ойын баласының, қызы-бозбаланың көңілді дауыстары мен көктемнің мейірімге сарапдау күншуағына алданып, күбір-күбір әңгімелескен

карттардың үні естіледі. Міне, елдің көші жайлауға бет түзеді. Эйтсе де табиғаттың осы бір әдемі сәтінің шуағы ақын жүрегін жылыта алар емес.

Өлілердің сүйегін,  
Тірілтті жайнал жапырақ.  
Жаралы менін жүргім,  
Жайнай алмас сол бірак...

Мұндай егіздеу түрлердің дастүрлі үлгілерін сонау ертедегі эпикалық жырлардан, фольклордың өзге де үлгілерінен көптеп кездестіреміз.[25.2]

Еш боямасыз, табиғи сұлулықты өлеңмен өрнектейтін лирика жанрындағы көркемдік құбылыс Абайдан басталса, ұлы ақынның шығармашылық бастауынан сузындаған Шәкәрім Құдайбердіұлы нәзік сырлы лириканы одан ары көркемдік-эстетикалық тұрғыдан дамытушы болды десек артық айтпаған болармыз.

Шәкәрім жалпы сұлулық ұғымын ең алдымен табиғат құбылыстарымен байланыстырады. Ол қашанда адам мен табиғатты қатар алып суреттейді. Сондықтан табиғат құбылысынан ұққан сырын өмір философиясымен сабактастырып отырады. Жаз келер атты өлеңінде ақынның лирикалық кейіпкерлеріне тән осы қасиеттер молынан көрінеді.

Жаз келер, қысты күні қысым өтіп,  
Қар, сұық, аяз, боран --- бәрі кетіп.  
Қасыктай қар, тобықтай тоң қалмайды,  
Табиғат барша жанға рахым етіп.  
Жетпекке үлкендікке жас балалар,  
Жүгірер қырдан ойға дубірлесіп.  
Шал-кемпір құншуақтап, көңілі жай бол,  
Откен күн, өмірін айтып күбірлесіп.  
Бота, құлын, бұзау, лақ, қозы туып,  
Куанып ойнактайды, олар да өсіп.  
Сөйтсе де адам көзі бір тоймайды,  
Харекет берсе-дағы қанша несіп.

Өлеңде табиғаттың әсем бір шағының, тіршіліктің бәрі түрленіп жаңарап жаткан көктемнің тамаша полотносы бар. Адамның, жан-жануардың көңілді абыр-сабыры, бала-шаға, кемпір-шалдың көңіл-куйі бәрі де осынау құдіретті табиғат-ананың жадыраған жүрегінен нәр алғандай. Эйтсе де, адам баласының көзі әсемдікке, шуақты құндерге, әдемілікке тойған ба, көңіл шіркін жақсылыққа қанағат еткен бе?

Ақынның “Өлгөн көңіл, ындынсыз өмір” атты өлеңі бастан-аяқ психологиялық параллелизимге құрылған. Мұнда да жоғарыдағы өлеңдеріндегі, көктем шығып, қыстаудан көшіп жаткан ауылдың бейнесі кескінделген. Құншуақта отырған кемпір-шал, даланы дүбірлетіп ойнаған боз балалар, әзілдескен кыз-жігіттер суреттелген.

Бетіме жылы тиеді,  
Күнгейдегі құншуақ.  
Жан жылыны сүйеді,  
Жанға рахат осы уак, -

деген жолдарды оқығанда өзінді де күншуақта отырғандай, жанына рахат сәулесі құйылғандай сезінесің. Бұл — табиғат сұлулығы, сол сұлулықтың адамдардың жан дүниесімен сабактастығы. Әйтсе де, Шәкәрімнің лирикалық кейіпкері ол сұлулыққа бұдан әлдекайда теренірек үніледі.[26.12]

...Өлі жердің сүйегін,  
Тірілтті жайнап жапырақ.  
Жаралы менің жүрегім,  
Жайнай алмас сол бірақ...  
Тоң еріді, қар кетіп,  
Жан-жануар балбырап.  
Қанғалы көніл тыры етіп,  
Қабағын ашпас салбырап.

Шәкәрім үшін адам мен табиғат егіз. Адамзат — табиғат-ананың перзенті. Табиғат адамға шуакты өмір сыйлайды, жанына нұр құяды, жүрегіне сезім нәрін сініреді.

М.Дүйсеновтың лирикалық тақырып жөнінде айтқан: “Махаббат, табиғат лирикасы деп шартты белгіленгенімен, түптеп келгенде, бұл – адам мен табиғаттың қарым-қатынасын танытатын лирика. Табиғат адам харakterін аштын фон”,[27.25] - деген пікірін ескере отырып, Шәкәрімнің мұндай өлеңдері Абайдың табиғат лирикасымен ойы астарлас екеніне құмәнсіз көз жеткіземіз. Шәкәрімде табиғат бейнесі фондық қызмет атқарады. “Табиғат құбылысы Абай поэзиясында күнделікті өмірмен, адамдардың күн-көрісі, іс-әрекетімен және өз көніл-қүйімен тығыз байланысты. Әсте, Шәкәрім де ұлы ақынмен бір ой арнасында тоғысады. Абай “Жазғытұрым қалмайды қыстың сазы”, десе, Шәкәрім: “Жаз келер қыстығұні қысым өтіп, қар, сұық, аяз, боран --- бәрі кетіп”, деп келтіреді. Осылай бастай келе ақын Абай қазақ даласының қам-қарекетінен көрініс берсе, Шәкәрім табиғат пен адамның ара-қатынасын тізбектете келе, адамзат баласының бола берсе, ала берсем дейтін қанағатсыз өмір кешуін өлеңнің сонғы екі жолында түйіп өтетіні бар. Өйткені ақын не нәрсеге де қанағат керек, әр нәрсенің де өлшеуі бар деп біледі. Ал өлшемінен асқан нәрседе үйлесімсіздік орын алған жағдайда қайшылықта тірелетінін гумманист, аскет ақын жақсы ұғынады. Шәкәрімнің табиғат лирикалары да әлеуметтік мәселелермен байланыста жырланады. Ақын табиғаттың көркін жырға жоса отырып, ауыл тіршілігінен окшау қала алмайды. Өйткені ол туған жерін асқақтай отырып халқының мұнын мұндалап, жоғын жоқтап күй кешуші ойшыл, әлеуметшіл, гумманист ақын. Табиғи гармонияның сақталуын қалайды.

Сөйтсе де адам қозі бір тоймайды,  
Харекет берсе-дағы қанша несіп...

Табиғаттың берген сыйына көнілі тоймайтын адам баласының менмендігі, ашқарактығы, тойымсыздығы жайлы ақын “Арман” атты өлеңінде ойын бұлайша жалғастырады:

Адамды, санай берсөң, көп арманды,  
“Мінсіз бақ, сансызы дәулет” деп арманда.  
Жердің жүзін жесе де қозі тоймай,  
Патшалар да болып жүр әлі арманда...

Ақында табиғат адамзат касиеттерімен өзара ассоциациялық түргыда карастырылады.

Шәкәрім табиғатты әсерілеп суреттемейді, оны қаз-қалпында жырлауға тырысады. Мәселен, “Тау басындағы ой”, “Күннен неге түсіп тұр мұнша жарық...”, “Қараңғы мен жарықты жүрміз өлшеп”, “Шымды жерде көресіз қара топырак” сияқты табиғатты жырлаған өлеңдерін мысал ретінде келтіруге болады. Ақын өзінің ой толғанымдарын, білім-ілімін, дүниетанымын, пайымдауын осы өлеңінде тұжырымдағандай:

Шықканым Шыңғыстағы бір биік тау,  
Жақсы екен тауға шығып тағдыр сынау...  
Күннен неге түсіп тұр мұнша жарық,  
Сегіз минут, шеріктे жерге барып...  
Қаранғы мен жарықты жүрміз өлшеп,  
“Күнгірт, жарық, қаранғы, көмескі”, – деп...

Бұл өлеңдерге Шәкәрім шығармаларының 1988 жылғы басылымындағы кітаптың соңында берілген түсініктемеде философиялық толғау топтамасы деп анықтама берілген. Басты идеясы ар-ұждан, терең ой мен таза ақылды дәріптейтін философиялық мәні бар өлеңдерінде ол философия, астрономия ғылымдары саласындағы категорияларды жетік түсінетіндігін көрсетеді делінген.

В.Г.Белинский жалпы лирикалық поэзия туралы: “Лирикалық поэзия — барлық поэзияның стихиясы деген Жань Польдың пікіріне келсек, бұл пікір өте дұрыс және терең негізі бар пікір. Лирика барлық поэзияның поэзиясы”, дейді сыншы. Белинскийдің бұл пікірін Шәкәрім поэзиясына қолдансақ, сөз жоқ ақын поэзиясындағы лирика жанрының мәнін-маңызын тереңірек ұғына түсеміз. Себебі ақынның табиғатты жырлауға арналған лирикасының жанрлық табиғаты кең де ауқымды. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Шәкәрім лирикасының қай жанрлық түрін алып қарасақ та, негізгі идея — халық мұддесі, ал табиғат көрінісі, айналадағы орта, дала мен қыр суреттері мен көріністері, аспан әлемінің құпия сырлары, жарық пен қаранғы фондық қызмет атқарады. Сондыктан Шәкәрімнің табиғат лирикаларының табиғатынан әлеуметтік мазмұн мен астар айқын аңғарылып отырады. Бұл Шәкәрім шығармасының ерекшелігі болып табылады. Өйткені гумманист ақын шарқ ұрып ізденіп, ғұмырын, шығармашылығын тұтастай халқына қызмет етуге жұмсаган Абайдың талантты шәкірттерінің бірі болды. Сондыктан да Шәкәрімнің лирикаларында табиғат, туған жер, ел, заман тақырыбы аса бір шеберлікпен көтеріледі.

Қазақ әдебиетінде табиғат лирикасын еркінше ерекшеліктер енгізе отырып жырлаған ақындардың тағы бірі — Илияс Жансүгіров. Илияс Жансүгіровтың Гималай өлеңі халқының тұтас тарихын көз алдыңа әкелетін шығарма. Сол секілді ақынның жалмау мен тонаудың, отаршылдықтың ортасында тұрган казактың қыж-қыж қайнаған тағдырына байланысты айтылған ойлары өріледі. Илияс Гималаймен биік тұр, оның кемелі сонымен өлшенеді. Сол секілді поэмаларында да табиғат көріністеріне қалам тартып, қарымдашылығын танытқан. Тек кана «Күлагер» поэмасының өзі кесек бір туынды ғана емес, ақындық өнердің ұшқары биігіне шыққан шығарма. Ақын бейнелеудің барлық тұрлерін пайдалана отырып, тартысты ерекше береді. Оқиғасын қою етіп дәп басып отырады. Ал басқа да лирикалық өлеңдерінде табиғатка жан бітіре отырып суреттейді.

I.Жансүгіровтың «Жауын» атты өлеңін оқи отырып, жауын жауар алдындағы құбылыстарға бой алдырамыз, көзбен көргендей күй кешеміз.

Көк шатырлап, жел қарпып,  
Жайлар түсті жайнақтап.  
Қап-қара сұр мұнартып,  
Бұл аспанда ойнақтап.

Бұл өлеңнен ұлттық өрнекті анық аңғарамыз. Қазақ халқы аспан әлемін көк дейді. Зеңгір көк деген сөз көпке түсінікті. Ақын қазақтың ұғымына сай синоним сөзді қолданып, ұғынықты етіп береді. Бұл жерде буын санын сактауды жетік мәңгерген ақын шеберлігін де айқын көреміз. Ол күннің күркірегенін көк піатырлап деп алады. Егер күн күркіреп деп алар болса, солғындау болып кетер еді. Ал көкті шатырлатып деу өлеңге әр береді. Әсемдік әлеміне бой ұрып қана қоймай, сурет секілді көз алдына елестетеді. Сол секілді жауын алдында аласұрған желдің өткір келетіні белгілі. Жаңбыр жауар бұрын самал немесе аңызак жел сокпайды. Осыны негізге ала отырып, қарпып деген сөзді қоскан. Осы бір сөз арқылы өткір деген эпитетті қоспай-ақ, аз сөзге көп мағына сыйдыра білген. Одан кейін өрістете дамыта отырып қаһарына мінген қара аспанды мұнартып көрсетеді де, бұлтты ойнақтатып кояды. Егер жел болмаса бұлт козғалмайды. Ал бұлттың ойнақтауы үшін қандай жел керек екенін айтпаса да болар. Міне, Ілиястың табиғат лирикасында осындай шеберліктері айқын көрініп отырады. Ол өзіндік ерекшелік, авторлық айшық болып табылады. Ілиястың Абай, Мәшіүр Жүсіп Көпеевпен ұқсастығы барышылық. Ол озық дәстүрді жалғастырған ақын. Ілияс та табиғат құбылыстарын суреттей отырып, елдегі әлеуметтік тұрғыдағы халықтың қылы тағдырын, күн көрісін негізгі нысанана етіп алады, әлеуметтік жүк артады. Біздің күзде өлеңі осыған дәлел.

От жақтырды жауаратып,  
Шынылтыр күзгі тымырсық.  
Маздаған от болмаса,  
Кемпір мен шал бүрісіп.

Бұл Абайдың «Күз» өлеңімен үндес. Осы тұста Мұхаметжан Каратаевтың айтқан мына пікірі орынды: Дәстүрге сүйену дегенді дәстүрге еліктеу немесе қайталау деп ұғынатындар болады және де дәстүрдің әсерін қабылдап, одан үйрену жолын осы ретпен іздеу жиі кездеседі. [28.25] Бірақ ақын мұндан қасиеттерге бой алдырмай, барын салады, бабын тексереді. Табиғат құбылыстарын жырлай отырып, қоғамдық тепе-тендіктің жоқтығын айшықтайды. Ақын күздің шыңылтыр тымырсығы от жақтырды дейді. Бұл жерде назар аудараптың тіркес шыңылтыр тымырсық деген тіркеске көніл ауады. Әсте күздің күні ауа тымырсық болады. Ал қара күздегі тымырсық ауаның шыңылтыр болғаны сұық екенін білдіреді. Осы арқылы күз мезгілінің ерекшелігін, өзіне тән сипатын көрсетеді. Оқырманды осы жағы қызықтырса керек.

Қазақтың аса талантты эпик әрі лирик ақыны Илияс Жансүгіров табиғатқа арнаған өлеңдерін ерте кезден жаза бастады. Илияс табиғатты суреттеуге келгенде Абайды өнеге тұтады, бірақ Абайға жалаң еліктемейді, өзінше өрнек жасауға, табиғатқа өзгеше тыныс беруге құлшынады. Илияс табиғаттың бейнесін динамикалық қозғалыс үстінде жырлайды.

Жансүтіровтың ақындық қолтаңбасы мықты да шымыр, әрі суарылған болаттай серпімді, суреттері кесек-кесек, сөм-сом бұлшық еттей білеуленіп, бұлт-бұлт етіп тұргандай әсер қалдырады. Адамды бірден баурап алады. Өйткені ақынның табиғат лирикалары таудан құлай ақкан судай арынды, екпінді, ойнақы келеді, кейде тұнған табиғат суреттеріне ұласады. Ондай кезде лирик ойын үдемелете, желдірте тұседі. Мұның бәрі кең тынысты ақынның ерекшелігін сипаттайты. Мысалы: “Ағынды менің Ақсуым” өлеңінде:

Таймандаған тайпақ ай,  
Желегі ме, туы ма?  
Шүйке шарбы бұлтты,

Қалқалай қалды қылқия, [29.43] - деп айды қылмындаған қызға тенесе, енді бірде айдың сәулесі мен қайынды сүйістіреді, “кұдиган коңыр құракты” судағы “саусағын” саудыратады. Бұл Ілиястың табиғатты суреттеуінде басқаға ұқсамайтын, өзіне ғана тән айнымас бір тәсілі тәрізді.

Ал, “Бұлт” деген лирикасында таудың биік шыңы тұнде “қабағы мұз, сүйк шал” бейнесінде тас жастаңып жатады. Бұлтты ақын жолаушылап келген керуен бейнесінде алады. Енді бірде мынандай теңеу жасайды:

Бұлт — бөбек, тау — ана,  
Ана төсін аймалай,  
Ұйыктай тұрсын ол бала,  
Шыққанынша жел қалай.

Ақын осындай бейнелі де соны образдар табуға өте шебер-ақ. Бұл Ілияс лирикасының ерекшелігі болып табылады. Ол табиғаттың сұлу сырларын, әдемілігін жыр жолдарына мөлдіретіп тұндыра қояды. Оның лирикасында табиғат көркі өзгеше бояу, өзгеше ренк, өзгеше тыныс алып, адам назарын еріксіз баурайды. Ойы, қиялы қанатты ақынның қаламынан туған гауһар жырлар шебер тігіншінің қолынан шыққан бұйымдай жұтынып тұрады. Ілиястың табиғат суреттері сырлы да сәулелі.

Ілияс мектепте мұғалім болады, балаларға арнап жылдың төрт мезгілі туралы “Жазғытұрым”, “Жазғы шілде”, “Күз”, “Қыс” деген циклді өлеңдерін жазады. Табиғаттың әр алуан мезгілдеріне байланысты қазақ аулының тіршілігін, өмірін бейнелейеді. Өмір тіршілігі баланың қабылдау мүмкіндігіне байланыстырыла беріледі де, мұның өзі негізінде ел өмірі туралы жазылған шығармаға айналады. Шағын-шағын төрт өлеңге ақын мол көріністерді сыйғыза білген. Ілиястың осы өлеңдеріне талдау бере келіп Ә.Тәжібаев: “Жаңағы аталған өлеңдер жеті буынды егіз үйқаспен шапшаң да шымыр жазылған. Әрбір қос жолда тұжырымды ойлар мығым айтылады да, сол қалпында суретке айналады, [30.124] - деп жазады. Осы дәл айтылған, әділ пікірді біз де қолдаймыз.

Күзді адам көңілінің қамығу, торығу сәтіне сәйкес толғау (суреттеу емес) жалық әдебиетінде бар тәсіл. Ілияста суреттеу, астарлау бар. Табиғатпен тілдесіп өскен қыр баласының көңіл-күйі мен гүл кейіпнегі көрініс астасып жатады. Гүл — ежелден нәзіктіктің, көркемділіктің, әдеміліктің символы. Ақын гүл арқылы табиғаттағы өсіп-өну, өзгеру процестерін лирикалық кейіпкердің ой елегінен өткізеді.

I.Жансүтіров тұған жердің қайталаңбас сұлу табиғатын ақындық бар шеберлігімен алдыңа жайып тастайды. “Ағынды менің Ақсуым” осы бір

тіркесте, бір-ақ ауыз сөзге өзенің бүкіл болмысын, бар сипатын сыйғыза білген. Ақын жаздың бір кешінде өзен жағалауын жалғыз аралайды. Лирикалық кейіпкер назарынан торғын тұннің бар сұлулығы тыс қалмайды: “жылмиған жұлдызы”, “қылшиған қалакай”, “таймандаған тайпак ай”, “сүйіскен қайың мен сәулө”, “судыраған құрак”. Өлең бойында лирикалық кейіпкердің осынау сұлу әлемге деген тандануы, тамсануы жатыр.

Тұған жердің сұлу көріністерін ақын нәзік тілмен, жүрек үнімен жеткізуге тырысады. “Тұған жер — тұған шежіре” екендігін Ілияс ақындай толғап сүйіспеншілікпен жырлай алған қаламгер кемде-кем шығар.

І.Жансүгіровтың “Ынтықтар” өлеңі Сәкенниң “Жазғы тұнде” өлеңімен өзектес. Сәкен жер бетін көз жасындаған мөп-мөлдір шық басқан тыныштыққа тұнған ауылдың жазғы тұнық тұннің әсерлі суреттейді. Аспан да, жер де меруеттей құлпырып, өзгеше бір өңге енген. Ақ нұрға малынып, ақ торғын перде жамылған тылсым тұннің тыныштығын сымдырап ақкан су әлде бір күйге бөлегендей. Осында маужыраған табиғат аясында сүйген жарын, ғашығын тосып ерке бала — жас жігіт тұр. Жігіт жанындағы арпалысты, үмітке толы сезімді ақын:

Келуге әлде ерініп,  
Маужырап, балқып керіліп.  
Жатыр ма екен төсекте?  
Үміт үзбей келер деп  
Ал Ілияс Жансүгіров ...  
Серт байласып сөйлескен,  
Ынтығын ынтық сағынар.  
Көңілі жақсы, тұн тапшы,  
Бір жолықса не ғылар...

деген өлең жолдарынан ауыл маңында маужыраған тұн құшағында сүйген сұлуын күткен жас жігіттің кескін-келбеті көрінеді. Қос ғашық “сыбырласып, сырласып” ақ таңды қарсы алады. Сәкен өлеңдеріндей ұзақ болмаса да, суретте, пейзаж табиғатында ұксастық бар. Сәкендерінде жымындаған жұлдыздар, сүттей жарық ай мұнда да бар. Бірақ бұл қайталау емес, қалам қарымындағы ақындық жарыстан тұған үндестік болса керек.

Табиғатты сезімге, сезімді табиғатқа бөлеп жырлаған мұнданың өлең Мағжанда да бар. Өлең мазмұны жағынан өзгеше. Жаздың қараңғы бір тұнінде жас жігіт қара көз сұлуын тағатсыздана алаңдап күтіп тұрады. Ал сұлу қыз сінілісін қимай, сүйген жігітіне кете алмай тұр. Лирикалық кейіпкер болса оларды асықтырады. Өлең соңында жігіт қызды алып қашады. Бүкіл әлем, табиғат олардың, қосылуын қалайды. Ақын да оларды кедергіге ұшырамай, алдарына жетсін деп тұнді жарық, айлы етіп алмай, қараңғылыққа тіреп қояды. Қос ғашықтың межелі жеріне жетуін тілеген көнілмен: “таң, тұра тұр, білінбе!” — деп, өлеңін аяқтайды.

Мағжанның осы тақырыптастар екінші бір өлеңі — “Күміс нұрлы ай”. Бұл өлең — табиғат бояуы әсем берілген, көркемдік тынысы кен, бейнелі де шымыр суреттерге, теңеулерге, лирикалық кейіпкердің әрекетіне толы. Ақын суреткерлік қарымымен құбылыстарды нәрлендірер өзіне тән үнмен, бейнелеу тәсілдерімен әрбір штрихы мен деталына дейін нәзік те сұлу, дәл де айқын жеткізуге күш салады. Тұнгі сурет ақын қаламынан судырай төгіледі:

Күміс нұрлы Ай. Жұлдыздар — алмас, жібек жел,  
Сыбырласып, жас қайыңдар бұраң бел...  
Кан кайнайды. Жас жүрегім сыйнайды.  
Бір сүйейін! Жақында, жаным, бері қел!

Сезім мен сурет дегеніміз осы. Ілияс лирикасының бір ерекшелігі табиғат құбылыстарын адам сезім-күшімен жымдастырып, үндестіріп жеткізуінде. Лирикалық кейіпкер көңіл-күйін табиғат болмысымен тығыз байланыста алып, кейде сол табиғат құбылыстары керісінше адам бойындағы нәзік сезім, көңіл-күйдің өзгерісін сездіргендей, ишара еткендей болып кетеді. 1924 жылы жазылған “Тұн” өлеңі он тармақтан тұрады.

Қараңғы түнді жамылып,  
Қайыққа міндік бір түні.  
Аспаннан шашу шашылып,  
Алтынға толды көл түбі.  
Сылдырап, толқын сыбдырладап,  
Жеңіл жел жұмсақ желпінді.  
Сүйтсе де тұнге ауырлық,  
Аударғандай басып, дел-сал қып,  
Жұдетті жан шіркінді.

Лирикалық кейіпкер көңіл-күйдің жүдеу тартып, жаны әлденеге мазасызданып қиналыс танытып тұрғаны өлеңнің алғашқы жолдарынан-ақ аңғарылады. Тұннің қараңғылығы - ссыған дәлел. Алайда, ақын суреттеуінде табиғат өз сұлулығын паш етіп, лирикалық кейіпкер ойын аша түседі. Ақын аспаннан шашу шашып, алтынға толы көл түбі деп жауынды шашылған шашуга, ал көлге сіңіп жатқан тамшыларды алтынға теңейді, сөйтіп әдемі сурет түзеді.

Ілиястың табиғат лирикасына тән ерекшеліктің бірі – оның ақындық танымының кеңдігі, сондықтан да оның жырларынан ерекше тыныспен өзіндік үн, лирикалық леп есіп тұрады. Табиғаттың сұлу сипатын, көркін қалай жырласа да, ақын ыстық, албырт жүрекпен, сырлы да нұрлы сезіммен жырлайды. Желді қарағай өлеңінде табиғат құбылысын төгіп-төгіп жіберген нәсер екпініндей екпінмен, толқынды ойлар қаумалағандай үдемелете отырып жырлайды. Ойды ой дамытып, ерекше үйлесімділік салтанат құрады, сурет үлкен ақындық өнер үлгісімен бейнеленеді. Желді қарағай өлеңі – таза табиғат көріністерін лирикалық кейіпкер тағдырымен тамырлас етіп жырлауымен өзіндік өрнегін аңғартады:

Жайлауым желді қарағай,  
Жайлауымда ем жараскан.  
Жанымда жайлау жағалай,  
Жанса, қалай жақ ашпан.

Жайлауды жеңіл желліген желмен сипаттай отырып, Осындай жайлауда елім деп жарасқан, мұны көрген мен қалай тұрам жақ ашпай деп лирикалық кейіпкер ойын айшыкты жеткізеді.

Табиғат лирикаларының ішінде Ілиястың басқа өлеңдерінен оқшау тұратын, 1925 жылы жазылған Жетісу суреттері атты өлеңі Ол жайында М.Әуезов: Мен Илиясты бұрын да білуші ем, өлеңдерін де оқып жүретінмін.

Бірак оны шын мағынасында дарынды ақын екенін мойындағаным сол Жетісу суреттері өлеңін оқығаннан кейін деген.

Бұл пікір Ілиястың бұған дейінгі жазған өлендеріндегі ізденістерді, жетістіктерді жокқа саймайды, қайта бұл "Жетісу суреттерінде" көрінген зор талантты дарынды ақынның қалам қарымын дұрыс аңғарып, зор баға беруімен құнды.

Тарбиған Тарбагатай жердін құты болған, Оранған ақ кебенек аруакты Алтай үшін ерте заманнан бері талас-тартыс болып келген жайды ақын:

Ертеде сол асқардың сәулетіне,  
Қыыспай қыргындақсан талай жұрты, –

– деп кетсе, жылысып бір мінезben жылжып ақкан Іле өзенінің жағалауы үшін талай шайқасулар болғанын ақын: Ел шайқап ердің қанын ішкен Іле – деп сездіріп отырады.

Бұл І.Жансұғровтың ақындық өнерінің күдіретін анық танытқан, осы уақытқа дейін жазған өлендерінің бір парасының қорытындысы іспеттес. Ақын әрбір көріністі көркем бейнелеулермен ғана береді. Көркем теңеулерді қиыстырып шебер қолданады, тың бейнелеулерді оп-оңай таба біледі, оны ойната барынша мол пайдаланып, айшықты бояуды армансыз-ақ құлпырта колданғанын көреміз. Бір шумақтан екінші шумаққа қошкен сайын бейнелеу, образ, көрініс үдей құлпырып адам жанын баураған үстіне баурап, барынша тарта түседі.

Жетісу кеуден асқар, аяғың көл,  
Қоңың құм, мықыныңда бар сексеуіл,  
немесе:

Шөгіскен шоғыр асқар қатпарланып,  
Кия құз мұсатыр мұз жақпарланып,  
Емес пе көк ала бас, ақ буралар  
Оралған шудалары макпазданып, –

десе, енді бірде мұз кейлек киген, белін мұнара сағыммен бұынған, бір-біріне тұғаса биікке таласқан таулар түйе бейнесінде алынады. Ал, көкала бас ақ буралар оның қарлы шындарындай болып елестейді.

Жетісу суреттері Ілиястың ақындық талантының зор екендігін танытқан, оның шығармашылығының алғашқы кезеңіне түйін жасаған туындысы болды.

Ілиястың Жетісу суреттері деген өлеңі – жер жанаты саналған Жетісұдың табиғатын, тауын, суын, жәндігін, жерінің түгіне дейін бөлек тақырып етіп жырлауымен құнды. Табиғаттың барлық кескін келбетін, тіршілік-тынысын, жан-жануары, аң-құстарына дейін толық дерлік кең қамтып, кең тыныспен жырлаған ақынның бұл шығармасы шын мәнінде шоқтығы биік туындыға айналды. Табиғат лирикаларының ішінде – Жетісу суреттерінің алатын орны да бөлек, өйткені көркемдік деңгейі табиғат, жаратылысты суреттеу мәдениеті де жоғары. Жерүйікты іздеген Асан қайғы бабамыз шын мәнінде Жетісу өлкесінің сұлу көркіне көз тоқтатпай кете алмаған ғой. Іздеген адамға жердің Жерүйіғи да, жаннаты да осында деген ойды ақын поэзия тілімен тамылжытып, еміреніп, елітіп отырып жеткізеді. Ілиястың бұл туындысын Жетісу табиғатын өмірінде көрмеген жан окитын болса, сөзсіз бір

көргө аңсары аудады... Ақын Жалпысын бөлімінде Жетісуды құрайтын: Құркілдек, Қөксу, Лепсі, Іле, Шу, Қаратал өзендерін санамалап өтеді, бұлтқа оранған, меніреу құз-шатқалдарға, тогай, құм, қоғалы көлдеріне тоқталады, малға, жанға жайлышы табиғатын жалпы сипаттағанымен, нақты, арнағы тоқталып суреттемейді. Ал енді Тау суреті бөлімінде Жонғар алатауы деп аталып жүрген өзіміздің Алатаудың Ақшұнақ, Жабағалы, Мыңшұңқыр, Таз деп аталатын сілемдерімен биік құздарына, сондай-ақ Аршалы, Амантекше, Қарасырық, Қараңгір, Қалмакасу, Каражырық, Салқынбел, Сайымбөлекке, Бүркітінің Үшбүйен шоқысына тоқталып қиял қанаты қыран көтерілер биіктен қарағандай сүзіп өтеді. Бала кезден білетін жыланы көп Қарататуды сырт қалдырмайды. Талғар тауы, Үшқараш, Қарқара, Мыңжылқы, Былшықсай, Бесыргалаң, Тұп, Үшқара, Лабасы, Хантәнірі түгел дерлік бейне бір топографиялық сипаттама жасағандай әсермен берілген. Илияс жердің бет-бедерін, ойысы мен сайын, тауларын, жота, құздарын, шыңдарын, жайлauларына дейін жақсы білген, өзі сейілдеп, елігін қуып, аралап көрген. Тау мен жота, шың құздардың отыздан аса атауын тілге тиек етіп, жырда өлең жолдарына үйқастыра, өмін-еркін төгілтіп баяндайды. Алатау тау сілемін құрайтын таудың бүге-шігесіне дейін географиялық атауымен жыр жолдарына әрнектейді, бұл оқырманды жалықтырмайды, қайта ақынның жерді, тауды, өзен-суларды накты сипаттап баяндауы қызықтырып отырады. Оның басты бір себебі, ақын Жетісудың тауларын зерттеп, жақсы танысып шыққан, тау жүйесін терең білгені сонша география маманының өзі Илиястың өлеңінде айтылып отырған атаулардың бәрін біле бермеуі мүмкін. Тауды жырлаған ақындарымыздың жырларында бірер таудың аты аталғаны болмаса, дәл Жансүтіровтей тұтас тұрғыда алып жүздеген шақырымға созылып еркештеніп, тізбектеліп жаткан табиғатымыздың сәні, өзен-суларымыздың бастау алар қоры тауларды жырлаған ақын жоқ. Жетісу суреттеріндегі таудың суреті – тұтас бір әлем. Жетісуга су суреті деп аталатын бөлімде Жетісуге өзендерін атап суреттейді, Қараталға тоқталады. Илияс Жетісуге алтын өзенін бөлек-бөлек баяндайды, елдің шаруашылығына жарап жатқанына тоқталады. Жетісу жәндігі бөлімінде: сілеусін, ілбіс, аю, бұғы, бұлан, қасқыр, қарақұлақ, шүйебөрі, карсақ, сусар, бұлғын, жанат, таутеке, асқар, құлжа, қарақұйрық, марал; құстарынан: газқара, құмай, су бүркіт, лашын, тұйғын, тұнжыр, тынар, мыки, ителгі, бәрпі, қырғи, құр, тұрымтай, бидайық, тығанақ, үкі, ақсары, құладын; Алатауды мекендейтін торғайлардан: қара, боз, сұық, бұқбас, сипті, шымшық; шапшақай, майлық, маубасбұқа, шөже, тоқылдақты, жалпы саны елуден аса жәндіктердің жырға қосады, бұл санда да аз емес, бұл келтірілген жәндіктерден, аң-құстардан бүгінде жойылып кеткені жетерлік, қызыл кітапқа енгені де бар. Ақын Алатауды мекендейтін, қазақ жерінің жәндіктерін, аң-құстарының атын атап, түсін түстеп, есепке, тізімге алғандай тізбелеп отыруында қандай себеп салдар бар дейсіз. Ақын аң-құстарды, жәндіктерді, жабайы андарды табиғатымыздың сыйы, Жетісуге көркі, тіршілігіміздің ажырағысыз бір бөлігі ретінде, біртұтас жан-жануарлар әлемін құрайтын дүние ретінде, бүгінгі тілмен айтқанда биосферамызды суреттеп отыр. Атам қазақ иттің иесі болса, бәрінің тәнірісі бар деп ұққан. Иесіз, басы артық нәрсе жоқ, дүниеде, табиғатта бәрінің де орны бар. Ақын табиғатты оның фаунасы мен флорасын сактау деген мәселені де жыр тілімен жеткізіп тұрған жоқ па, Жер

түгі бөлімінде ағаштан: қарағай, тал, долана, ұшқат, шетен, ыргай, арша, қызыл кайын, барша, шынар, шырганақ, сөңке, терек, сөгет, емен, үйенкі, шыргай, тораңғы, сары ағаш, қойқаракат, жиде, тобылғы, түйекүйрық, бауырқұрттар, қараған, бозқараған, шенгел, шілтік т.б. түрлері барын, бір ғана ағаш пен бұтаның 30-ға жуық түріне тоқталады. Осы ағаштардың ішінен барша, қойқаракат, түйекүйрық, бауырқұрттарды біле бермейміз. Шөптерінен: сарықүйік, тауқонак, шәйшөп, маңқа, құлынембес, сұттіген, енлік, мыңтамыр, жуа, рауаш, жаужапырақ, балауса, ран, жапырактенге, балдырған, у қорғасын, атқұлақ, жұлкеуір, бәрпі, шырыш, шытыр, сорғыш, селдір, ермен, бақбақ, сыбызығы, жалбыз, құлман, қарақияқ, шоқайна, мендуана, сора, шақпақ, шырмауық, кендір, қылша, жыланқияқ, қанжыға, қоға, сасық, акқой, таусарымсақ, қымыздық, қызсаумалдық, қалакай, атқұлақ, құстандай және т.б. ақын 50-дей шөптің түрін жырға қосады. Әрине мұның өзі де толық бола қоймас, ғалымдар Аксу-Жабағылы қорығында (Жамбыл, Онтүстік Қазақстан облысы аймағында таулы аймақты қамтиды) 300-ден астам өсімдік түрлерінің өсетіндігін мысалға келтіреді. Ілияс та небір поэтикалық атауларды да кезіктіріп, тау елі шын сүйіп ат қойғанына разы болғандай. Шын мәнінде төрт құбыласы, төрт тарапы сай келген сұлы табиғат, сөзбен баяндалап, жеткізе алмайтын Жетісу жерінің тамашалығын Ілияс екпінмен, төгіп-төгіп жырлайды. Табиғат көріністеріне, жеріне, өзен-сулары мен жан-жануарларына деген еміреніс, сүйіспенишілік, сондай-ақ ата-мекенге деген мәп-мөлдір азаматтық сезімі Жетісу суреттерінде соншама шынайы пәктік қалыпта берілген. Табиғат көркін оның табиғи сұлулығын бейнелеуге келгенде Ілиястың қалам қарымы домбыра шанағынан төгілген күйдей күшейіп, ойлары түйдек-түйдегімен үсті-үстіне үдете түседі, суреттеп отырған объектісі, нысанасы жанданып, оқырманды табиғат тылсымы әлеміне елтіп алып кетеді. Ақынның тілі өте бай, айтайын деген ойын еркін көсілте баяндалап, суреттеп жеткізе білуге шебер. Жыр жолдары хас шебердің қолынан қашалып түсіп жатқандай әсер қалдырады. Жетісу суреттері қазақ табиғат лирикалары ішіндегі классикалық туынды деп санауға әбден болатын шығарма. Па шіркін, табиғатты жырласан Ілиястай жырла дегізетін сәуле шашқан гауһар жыр.

Рас, Ілиястың ертеректе жазылған лирикалық өлеңдерінде көрінетін табиғат суреттері ептеп мұнда да ұшырасып отырады. Бірақ ақын өзін-өзі қайталамайды.

Көк орман, көркем тогай маужыраған,  
Сұлудың көзіндей көл жаудыраған.  
Малта тас, маржан, ахық, меруерт тас,  
Төгіліп көл жиекке саудыраған.

Көк кілем, балаусасы балбыраған,  
Көк жібек жапырағы жалбыраған.  
Ақ қанат аспандары сонда жауып,  
Бал бұлак таудан, тастан орғылаған...

...Көкшетау жер жәннаты жеке біткен,  
Жомарт тау дастарқанды, момақан тау.  
Бұл сұлу кен далада бойын күткен,

Шипа тау тазартатын барлық дерттен.

Осы шумақтарда Көкшетаудың әсем суретін ақын баяндай айтқанның өзінде ақ қант, бал бұлақтары мен бойын күткен сұлу қызға теңеп, дастарқандай, тағы да басқа асыл қасиеттерінің барлығы таудың көркем образын жасап тұрады.

І.Жансүгіровтың Көкшетау туралы жазған образды шумақтарында өзіндік ізденістен туған, тың, соқпақтарымен қатар, кейде С.Сейфуллиннің Көкшетау (1928) поэмасындағы көркемдіктермен де ұштасып, астасып жатады.

Арқаның кербез сұлу Көкшетау,

Дамылсыз сұлу бетін жуган жауын, --

деп С.Сейфуллин Көкшетауды кербез сұлу қыз бейнесінде жырласа, І.Жансүгіров Бұл сұлу кен далада бойын күткен дейді.

Осындай жекелеген образ ұқастықтары болғанымен негізінде екі ақында Көкшетау екі түрлі жоспарда, өзіндік өрнек-нақыштарымен беріліп отырады.

Илияс Құлагер поэмасындағы Туған жер деген бөлімінде өзінің тауда туып, оның тасында өсіп, асқар шынына қозы жайып ержеткенін ерекше леппен толғайды.

Шыныда да табиғат туралы өлең, жырларының ішінде, әсіресе мол жырланғаны - тау бейнесі. Ақын оны "Жетісу көріністерінде" айрықша тапқырлықпен жырлағанын баяндадық. Өмірінің соңғы кезеңдерінде Илияс сол тауына тағы да оралып, "Кавказ" деген өлеңін жазады. Бұл оның өмірінің соңғы жылдарындағы табиғат туралы жазған өлеңдерінің тәуірі болып саналады. Ақын енді табиғат суреттерін құр тамашалай бермей, тау қыртысындағы байлықты, бауырындағы қалалары мен курорттарын, поезы мен кемесін, жемісі мен сұларын, ГЭС, тағы басқа адам игілігіне жұмсалып жатқан пайдалы жайларымен сұлу етеді. Ақын табиғи сұлулық пен байлықты адамнан бөліп алған қарамайды.

Сәкеннің табиғатты суреттеген өлең жырларының өзіндік ерекшелігі, суреттеудегі дараланып тұратын қолтаңбасы, мәнері бірден сезіліп тұрады. Сәкен жаны нәзік, сыршыл да сырбаз ақын, оның талғам таразысы, бітімі бөлек, эстет қаламгер ғой. Оның үстінде ежелгі әдебиетімізді, халық поэзиясының нәрін бойына сіңіре білген ақын лирикаларында халықтық дәстүріміз, дүниетанымымыз молынан көрініс тауып отырады. Ол қасиет – Сәкен лирикаларын оқырманға барынша жакындана түседі. Оқырман Сәкеннің табиғат лирикаларынан өз көңіл-куйін, арман-мұратын сезініп отыратыны сондықтан. Сәкеннің табиғат лирикаларынан Абай дәстүрінің сабактастығын да айқын сезіп отырамыз.

Көкшетаудың сұлулығын барынша жырлаған ақын Сәкен Сейфуллиннің табиғат туралы өлеңдері өз елін, оның табиғатын сүйген ақынның шын сезімін анфартады. Нұра, Туған жерім, өз елім, Жайлауга көшу, Жайлауда қымыз ішу сияқты өлеңнің тақырыбы да, мазмұны да бір-біріне сабактас, бірін-бірі толыктырып отырады. Алыста окуда жүрген жас ақын — лирикалық кейіпкер тұған жерін сағынып іздейді, жайдақ атпен шапқылап, асыр салған өлке мен өзен бойлары, бәйшешегі құлпырып, құстары сайрап, тең күрбымен сыйнап күлетін сәттері, таң сәріден ауыл жапырылып жайлауга көшкенде балалардың тайға мініп шабысканы, жастар мен қыз-келіншектердің

катар тізіліп әзілдесіп, салт атпен жарысып, ел қонар жерге көшпен бірге жеткені, желі қағылып, шалғынға бие байланып, самаурынның қайнап жатқан көріністері — бәрі ақынның көз алдынан тізбектеліп өтеді.

Өртенді өріс, сұзы тұнық көлге кеп,  
Ауыл қонып, үй тігісіп жайласар.  
Көлге жауып жылқыларды суарып,  
Желі қағып, шалғынға бие байласар...

Абайдың “Жаз” өлеңіндегі көрініске ұқсастығы жоқ емес, ұзак замандар бойы бір қалыпта болып келген көшпелі ауылдың көрінісін қай ақын суреттесе де бір-біріне ұксас келуі әбден мүмкін.

Өртенді, көк орай шалғынды, сұзы тұнық көлді жерге қонған ауылдың еңдігі бір тіршілігі — жиналыштың ішінде.

Үкілі ожауменен қымыз құйып.  
Жаксы, жаман талғамай бәрін жиып,  
Қайта-қайта қымызды бергенен соң,  
Кім шықсын ондай үйден тастап қиып.  
Тізіліп босағадан төрге шейін  
Келген адам отырар бәрі сыйып,  
Кейлекшен, шапандарын жамылышқан  
Жалаңаш аяғына кебіс киіп.  
Малшылардан өрістің жайын сұрап,  
Дуылдастып, қызысып, ойнап күліп.  
Күлу үшін сөздерін бұра сөйлеп,  
Бірін-бірі сықақ қып сөзбен іліп.

Ауыл адамдарының бір үйге жиналыштың ішкен жай-күйін, мінез-құлқын дәл суреттейді. Бірақ ақын құбылышқа битарап қарайды. Сол қымыз туралы көріністің қоғамдық сырын ашуға бармайды, Абайда:

Ақ көйлекті таяқты,  
Аксакал шығар бір шеттеген.  
Малынды әрі қайтар деп,  
Бай байғұс десін деп,  
Шакырып қымыз берсін деп,  
Жарамсақсып жалпылдап,  
Шапандарын белсенген,  
Асау мініп теңселген,  
Жылқышылар кеп тұрса,  
Таңертеңнен салпылдап, ---  
десе, Сұлтанмахмұтта:  
Сапырсан сар шарага құлаш керіп,  
Жиылған мейманыңа құйып беріп.  
Ата ұлын, ене қызын безіп тастап,  
Кетпей ме екі удайда саған еріп.  
Кәсіпсіз көзін сатқан сорлы кедей,  
Кояр ма піспек аңдып тентіремей,  
Атағынды көтерер алғыс айтып,  
Байғұсқа бір жұтқызысаң “кет, шық” демей, ---  
дейді. Тіпті Мәшіүр Жұсіп те:

Жаз болса ауыл бойы ыңғай қонып,  
Кызық кой бұл жүрген деп мұндаі болып.  
Өнешін жылтыратып көп кедейлер,  
Айрылар ат-тонынан жүрдай болып.  
Біреуді пана қынып сүйегенсіп.  
Мәз болып отырғанға саумал ішіп,  
Мырзасы касына ерген нашарына  
Шығынды баса салар сырттан пішіп,—

деп, жайлауда, байдың үйінде жаналып қымыз ішуді жай бір тамашалық көрініс деп карамайды, әлеуметтік тенсіздіктің, терін сатпай, арын саткан жалқаулардың бір көрінісі деп қарайды. Мол қымыздың иесі байлар, ал кедей — жалышылар сол қымызды телміріп, жарамсақтанып, арын сатып сұрап ішеді. Арын сатып тіленіп ішкен қымыздың қандайлық қасиеті болмақ деген сұрауды қояды. Ақын табиғи көріністі жаратылыс кейпін суреттеуден гөрі ел тіршілігін ішер асқа жарымай жалақтап жүрген кедей-кепшіктердің халін бейнелеуге ойысыңқырап, әлеуметтік әділетсіздікке ашынады. Ал, Сәкен шындықтың бұл сырын аша алмайды.

Ақынның “Көкшетау” поэмасында сұлу Көкшенің жайқала өскен ағашын бейнелеп қана қоймайды, ол көбінесе тау әсемдігіне, ерекше бітіміне ден қояды. “Оқ жетпес” тарауынан үзінді алатын болсақ:

Сұп-сүйір бейне наиза шың, құз биік,  
Төбесі кейде тұрар бұлтқа тиіп.  
Қарасаң етегінен шың басына,  
Тақияң жерге түсер тұрған киіп.  
Тіп-тік шың қекке қарай кеткен бойлап,  
Тұрғандай таусылмайтын бір ой ойлап.

Тау, шыңың биік басы бұлтқа емін-еркін жеткені сондай, жай тұсуіне карамай, наизағайдай шаншылып тәкәппарлық сипат танытып тұрғандай әсер қалдырады. Міне, бұл суреттеуден кейін таудың алып жатқан жай дүние емес, алып шың, басын мұз құрсаулаған табиғаттың сұсты да айбарлы жаратылысы, табиғат ананын туындысы дейсін. Тау да, шың да, қатпар-қатпар жартастар да дала сөні, табиғаттың көрбез көркі, киял қанатын тербететін, адам ой-сезімін толықтыратын табиғаттың тамаша тартуы биік шындар өзіне адамның ықылас сезімі мен сүйіспеншілігін аударып отырған. Тау мен тасын, сайын даласы мен сахараасын жыр жолдарына арқау етпеген таланттар сирек. Тұған жер мен табиғатқа деген адам бойындағы ерекше құштарлық пен бұла құштің ана сүтімен, бесік жырымен аталардың аманатымен дарып жататыны шүбә келтірмес. Бұл сезім ақын жырларынан, әсіресе, табиғат лирикасынан ерекше сипатта, бедер-бейнесімен айшық тауып отырады. Ақын сонымен қоса Көкше аймағындағы қалың ағаш пен көрбез таудың ерекшелігін жырлаумен қатар, оның мөлдір сүйін, тынымсыз тіршілігін сабактастыра суреттейді. Мәселен:

Сылдырлап жасыл өзен аққан көлдеп,  
Күміс су, маржан құмды шалқар көл бол.  
Өзенге құркіреп кеп өзен құйып,  
Шымырлап, көк үйірім кеткен сел бол.

Көкшені мекендейтін құстардың ішінен қаршыға, бүркіт, аққуды бөліп алады. Құстарды да өзіндік сипатымен: шырқау биікке қанат қактырып

көк төсінің көркі іспеттес, табиғаттың үйлесімділігін паш етіп тұрғандай қайталанбас сәттерін жыр жолдарына мөлдіретіп түсіре салады. Мәселен:

Шаңқылдан тау жаңғыртып, шынға конып,

Жатғыз-ақ көк қаршыға ұялаған, —

деген жолдарда құсқа тән тіршілік әрекетті, маңайдағы тау-тасты елендететіндей етіп суреттеуі назарды бірден аударады. Табиғаттың, тау-тастың сәні де базарлы шағы да өріп жүргөн андарымен, көкте қалықтаған құстарымен қызыса, жаратылыш жәрменекесі, өмір қазаны қайнап жатпас па табиғатта. Көк майса шөбі мен саялы ағаш, бау-бақшасымен сәнді ғана емес, бір кездері аспанды торлаған бұлттай қаптап ұшқан каз-үйрек, ителгі, тырна, жыртқыш құстарымен де сәнді болған ғой. Аң мен құстар табиғаттың ажырамас ажары, тау мен даланың тынысын, табиғаттың түрлендіріп тұрған даламыздың сәні де ғой. Ақын жырында табиғат көріністерін суреттеген тұстарда дала сәні болған құстардың сипатталып өтуін таланттың талғамы десе де болады.

Сонымен, алдымен, ақын табиғат құбылысын бейнелеген кезде, нені көрсе соның бәрін тізбелеп суреттей бермей талғаммен қабылдан барып Көкше сұлулығын, ерекшелігін ашатында белгілерді екшеп алып, жарқыратада өрнектей біледі. Екіншіден, ондағы көріністердің әрқайсысы жеке-жеке оқшаша калып қоймайды. Сурет әйтеуір жырлау үшін алынбайды. Бар сурет: тау-тас, ағаш, су мен құс, т.б. — бәрі де табиғат көркіне үйлесіп, бірінде бар әсемдікті екіншісінің бойындағы қасиет байытып алуан үнді, сан қырлы тіршілік тынысын толыққанды бейнеге айналдырып жібереді. Үшіншіден, бұл тұлғаландырулар жымдасып, өріле келе — бәрі ортақ бір идеяға бағындырылады. Ол туған жер табиғатын ардақтап, кастерлей білуге үндейді. Төртіншіден, табиғаттың әдемілігін, сұлулығын, көркін жеке әспеттеумен шектелмей, ақын соған сүйсіне отырып, осы табиғат аясында өткен адамдар өміріне, ел тарихына үңіліп, сыр іздейді..

Сәкен күзге арнаған өлеңін Өткен күн деп атаған. Бұл атауда да астарлы сыр бар. Ол жазды жылдың жастығы деп атаса, күз мезгілін жер мен көктен сұр кетіп, кемпір-шалдай дәурені өткен ескі, ұсқынсыз заман бейнесінде алады. Өткен күннің өлендік формасы да өзгеше. Мұны ақын әр шумақтың соңғы жолдарын айкастырып отырады. Белгілі бір үйқасқа бағынған бұл зандылық өлең шумақтарын біріктіріп, бір тұстасықта сақтайды. Сонымен қатар әр шумақта айтылатын ой жалпы үйқасқа бағынған соңғы жолда қорытылып, түйінделеді. Әр шумақтың алдынғы үш жолында ақын белгілі бір объектінің жаздағы бейнесін суреттейді де соңғы жолда соның күз кезіндегі кейін ашады. Сөйтіп алдыңғы үш жол соңғы жолға қарсы қойылып отырады.

Сұлудай толып бұралған,

Жібекке жасыл оранған.

Жас өрім талдың жапырағы,

Сарғайып тұсті тізіліп.

Ұялшак көркем келіндей,

Сүюге тосқан еріндей.

Албырап тұрған қызыл гүл,

Солды қурап бұзылып.

Таңмен бірге жырлаған,  
Шырғап ұшып зырлаған.  
Койылды қазір бұлбұлдың,  
Құбылған үні сзызылып.  
Өлең осылай жалғаса береді. Ақын оны:  
Көк пен жерден сұр кетті,  
Кемпір-шалдан түр кетті.  
Жастығы жылдың - жаз етті,  
Карасан да сүйініп, – деп қорытады.

Жүсілбек Аймауытов “Мағжанның ақындығы туралы” деген макаласында былай дейді: “Ақын тұрмысқа өмірде қанағат етпесе, оның алданышы не болмақ? Не ушін жасамақ? Эрине, адамда аз да болса, бір үміт, бір таяныш болу керек. Ондай таяныш болмаса тіршілік етіп не керек? Адам — алдағыш, адам — жауыз, өмір --- азап, келешек — қараңғы, бәрі өзгергіш, опасыз. Өзгермейтін, алдамайтын таза қасиетті нәрсе не? Ол — табиғат. Табиғат, махаббат, көркемдік — міне, қашаннан бері ақындардың жырлап келе жатқан, бас иген құдайы, жабықсан жаңына ем болған даруы. [31.420]

Демек табиғатты жырлау ақынның ішкі түйсігімен, өмірді қабылдауымен тығыз байланысты. Оның өзі XX ғасыр басындағы табиғат туралы өлеңдердің жырлануында мынандай саралану байқалады: біріншісі — жылдың төрт маусымдық (көктем, жаз, күз, қыс) мезгілдерін бір-біріне жалғастыра жырлау. Бұлайша жырлауда Шығыс халықтарында белгілі бір ортақ жүйемен дәстүр сабактастығы сақталған. Яғни жылдың басы наурыздан бастап, жыл аяғы ақпанға дейінгі аралықтағы табиғат көріністері бір жүйемен жырланады. Мысалы Мағжанның “Жазғытұры”, “Жазғы таң”, “Жыл мезгілдері”, “Күз”, “Жазғы тундө”, “Жаз келеді”, “Жиіленді қара орман”, “Алатау”, Шәкәрімнің “Жаз келер”, Ілиястың “Күзгі гүлге”, “Біздің жазда”, “Жаз—қудаша”, “Май”, “Таң”, Сәкеннің “Жазғытұры”, “Жайлауға көшу”, “Май алдында”, “Жана жыл” және т.б.

Жыл мезгілдерін жеке-жеке суреттеу — Абай, Ұбырай қалыптастырған дәстүр. XX ғасыр басындағы қазақ лирикасында бұл дамытыла, жетілдіріле жырланады. Бір байқалатын ерекшелік — көктем мен жазға арналған өлеңдердің мол екендігі. Бәлкім, көшпелі тұрмыстың тауқыметін көп көрген халықтың жан жүйелік талабы, тілегі, жалпы бүкіл қызығы, тіпті болашағынан арман, үміт еткендері де осы жаз кейіптес болса керек.

XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының өлеңдерінде табиғат, дала келбеті, онда дамылсыз, үздіксіз жүріп жатқан процесс, козғалыс, өзгерістердің түрлі-түсті бояулары — бәрі де психологиялық тұрғыда суреттеледі. Дағаның өзендері мен көлдерінің, таулары мен ормандарының, аспанының, топырағының, өсімдіктерінің, ауасының — бәрінің өзара үндескен, табиғи сұлулық тұнған әлемін бейнелеуде ұлттық дүниетанымға сай нақыштарға көзігөміз. Ақындар жылдың көктемін-балалық, жас өспірімдік; жазын-есею, ер жету; күзін-егделеу; қысын-қартаю секілді адам өмірінің белестеріне баламалау арқылы өмір сырларының философиялық сырын ашады.

Жыл мезгілдерінің барлығына да ақын бейнеліліктің кейіптеу (олицетворение) және пернелеу (аллегория) тәсілдерін ұштастыра қолданады.

Табиғат құбылыстарын жанды түрғыда бейнелеу — көркемдік тәсілдерді осылай қолдануды қалыптастырыды.

Бұл тәсіл қазақ поэзиясында ежелден сілемі жоғалмаған көркемдік дәстүр. Мысалы, Мағжанның “Жазғытұрым” өлеңінде “Алтын ана — Құн”, ал “Жер — нәресте жас бала” түрінде салыстырыла бейнеленеді:

Аяқтарын көсіліп,  
Еркеленіп, есінел,  
Жер — нәресте жас бала,  
Жаңа оянып жатқанда,  
Жұмсақ ыстық бетінен  
Тәтті ғана сүйсем деп,  
Күбірлеп жылты жел жетер.[32.140]

Мағжанның “Қайың” атты өлеңіндегі лирикалық қаһарман ақынның қайыңның сұықта калтыраған, қайғылы халін суреттеуде кейіптеулік бейнелеудің аса әсерлі психологиялық қалпын танытады:

Сыбырлаймын,  
Дірілдейсің,  
Еңкейесің,  
Күбірлейсің,  
ЫІзғарлы жел,  
Соққан сайын.[33.136]

Ілиястың табиғат лирикасында да кейіптеулер кездеседі:  
Кезек-кезек қар жаңбыр  
Қыстың күні — қос қырсық.  
Кісі өлгендей шулап қыр,  
Жынданып тұр жел ұрысып.[34.157]

Ақындардың жылдың жаз мезгіліне арнаған өлеңдерінің барлығында да жайлау келбетінің қайталанбас ғажайып суреттері жасалынған. Мағжанның “Жазғы тан”, Сәкеннің “Жайлауға көшу”, “Жайлауда қымыз ішу”, Ілиястың “Жаз”, “Жайлау” және тағы басқа ақындардың өлеңдерінде қазақ халқының құтты қонысы, малының өрісі - жайлаудың сән-салтанаты бар болмысымен көрінеді. Мысалы Сәкеннің “Жайлауға көшу” атты лирикалық өлеңінде композициялық тұстастық сезіледі, өлең үш бөлімнен тұрады: біріншісі — көшуге дайындық; екіншісі -- көш салтанаты; үшіншісі — қонысқа орналасу. Әсіресе, жүк артқан түйелердің маңайында қызылды-жасылды киінген қыздар, бозбалалар, келіншектердің жайлауға көшіп бара жатқан кезін әсерлі суреттейді. Бәрі де көнілді, астарына мінген жорғаларын жарыстыра қалжындастып, әзілдері жарасып бара жатқан жастар. Себебі жаңа өріске, мал тұғы әлі тие коймаган шебі шүйгін, көк майсалы жайлауға бет алып барады. Жайлаудың әдемі табиғаты, жаңға жайлы ауасы мен мал отығар шалғыны, алдағы әдемі бір жердің көрініс-келбеті көштің көнілін де көтеріп, қуанышты мезетті сездіріп тұрады. Жайлау – көшпелі тіршіліктің ең бір сәнді кезі. Ауыл да, адамдар да жаңарып, жасарып қалады. Жайлау, күздеу, қыстау көріністері – табиғаттың маусымын, мезгілін көрсетеді. Ал оның өзі түптеп келгенде табиғатты жырлау болып табылады. Отырықшы халықтардың поэзиясында қыстау, күзеу, жайлау ұғымдары жоқ, бұл ұлттық ұғым, халқымыздың көшпелі тіршілігінің, әлеуметтік жағдайын көрсететін ұғым. Табиғат лирикаларының

халқымыздың тұрмыс-тіршілігін суреттеумен астасып жатуының бір зандалық жағы осында. Табиғат пен оның аясында өмір сүріп жатқан халықтың тыныс-тіршілігі өзектес, ажырағысыз. [35.21]

Өз-өзімен әлек болып кей жастар,  
Көшке мінген асаулары туласып.  
Көш артында қыз-келіншек іркіліп,  
Бір жүргүге бір-біріне қарасып.  
Қатарласып жорғаларын салысадар,  
Желіктепі, үкілері жарасып.  
Өзіне-өзі риза болып ыржындалап,  
Қастарында жүрген жігіт жанаасып.  
Тайға мініп балалар жылқы айдасадар,  
Ақсақалдар ілгері қоныс сайласадар

Мағжанның “Тұған жерім — Сасықкөл”, “Тұған жер”, “Орал тауы”, “Көкшетау”, “Алатау”, “Алатауда” өлеңдерінде табиғаттың қайталанбас сұлу көріністері ерекше ақындық шабытпен жырланып, әсерлі бейнеленеді. Ақын қандай бір ортаны, мекенді жырламасын қаламы үшқыр, көріністердің кескінін қайталанбас шеберлікпен жырлайды.

Ақынның “Алатау” атты өлеңінде де табиғаттың сұлу келбеті мен Алаштың атамекенін мақтанды, медеу тұтқан лирикалық қаһарманнның сыршыл да асқақ романтикалық тұлғасы тау мінезді, биік мақсатты, айбынды болып көрінеді. Осы “Алатау” өлеңіндегі тау келбеті бейне Алаш елінің символдық тұрғыдағы бейнеленуі секілді көрінеді. Ақын тілімен айтқанда көк мұнарға оранып, аспанды арда еміп өскен Алатау бейне бір Аспан-Ананың мерует қарға бөлең қойған бебегі іспетті. Ақынның кестелі тіл өрімдерімен жырланған тау келбеті жанды табиғаттың қайталанбас ғажайып суретін көз алдымыздың әкеледі:

Иірілген айдаһардай ашұлы асқар,  
Томсарған тұғаннан-ақ тарғыл тастар.  
Құздарды мәңгі меңреу мәңгі басқан,  
Жауһардай жарқыраған аппақ шаштар.

Тұқ басып, тұла бойы толған кесте,  
Қарағай, арша біткен өрлей төске.  
Қарағаш, тал, тобылғы, жасыл шырша,  
Каракат, жиде, шие, маржан тұсті.

Құздарда найза кия құстар шулар,  
Төменде тасты сабап толқын тулар.  
Алланың ақ төсінен орғып түсіп,  
Сайларда салар ойнақ асау сулар.

ХХ ғасыр басындағы казақ лирикасындағы айрықша байқалатын ерекшелік—адамдардың іс-әрекетін, қымыл-қозғалысын, қалайда табиғат құбылыстарымен байланыстырып жырлау. Күн, ай, жұлдыздар, жел, су, толқын, қара жер, жапырақ, тау, тұман, жыл мезгілдері және т.б. — сансыз суреттер, құбылыстар адам жанына, келбетіне, мінез-құлқына баламаланып жырланады. Мұнда да кейіптеулік суреттеулер мол кездеседі. Мысалы,

Мағжанның лирикасынан мынандай жанды қозғалыстағы табиғаттың тынысымен дидарласамыз:

Көкке тиген биік тау,  
Құшақтаскан тұмандын,  
Қосылысып есен-сау,  
Бал алысқан құмармен  
Алтын күн батып барады,  
Алтын күн ақырын өледі.  
Сорлы бұлттар — сорлы жар,  
Кан жылап Күнді көмеді.

Табиғат лирикасына қатысты бар алуан қазақ өлеңдерінің астарлы сарынмен жырлағанын анғарамыз. Лирикалық қаһарманың қуанышы да, күйзелісі де табиғатпен егіз. Шынында да жер бетінде алғаш пайда болғаннан бері адамзаттың өсуі, өркендеу жолында сырласы — табиғат болды. Мағжанның “Жиіленді қара орман” өлеңіндегі орманның күнмен, аспанмен астасқан, жел үрлеген құбылысын лирикалық қаһарман өз тағдырымен сабактастырады, баламалайды.

Мәңгі мылқау қара орман,  
Былқ етпейді, тұс көрер.  
Жел мінезді ессіз жан —  
Маған түрлі ой келер.  
Ұйықтасам мен орман бол,  
Тәтті-тәтті тұс көріп.  
Бетіменен тұрса жел жүріп,  
“Әпсүн” оқып үшкіріп.[36.170]

Мағжан Жұмабаев — табиғаттың әсем жыршысы. Ол жырлаған табиғат суреттері, жыл мезгілінің көріністері адамның әр жағдайдағы көңіл-күйімен үндесіп, ерекше бір сыршылдықпен өріледі. Орал, Көкшетау, Еділ бейнелері, теңіздің толқындары, тұнгі жұлдыз — бәрі де нақтылығымен, образ байлығымен бедерленіп ойнап құлпырып тұратын суретке айналады.

Талантты ақын Қасым Аманжолов та табиғат лирикасына қалам тартқан. Ол да тың ойлар толғап, соны леп ала келген ақын. Ақынның Алатау атты өлеңі ерекше шабытпен жазылған. Жалпы, Алатау туралы талай ақындар өлең жазып, шығармаларына арқау еткен. Әрбірі өзінше жырлаған. Ал Қасым ақынның жан тебіренісі, өзіндік мәнері мен көркемдік тәсілдері мүлде бөлек.

Алатау бұлт асырмай асқарынан,  
Тұр қарап туған дала аспанынан.  
Асылып Алатауга ай менен күн,  
Жарқылдан шұғыла шашкан тастарынан.

Осы бір өлеңде ақын таудың биіктігін жырлайды. Оны бейнелеп, айшықтай түседі. Ең бірінші ол асқарынан бұлт асырмайды дейді. Одан кейін жан бітіріп, яғни кейіндеуді пайдаланып, аспаннан қаратып қояды. Бұл ойын сабактай келіп, ай менен күннің тауға асылып тұрғанын айтады. Ақын таудың биіктігін қарапайым әрі бейнелі түрде келістіре суреттейді. Ал ай мен күннің асылып тұрғаны әдемі-ақ. Шың асқақтап көкпенен таласып тұрғаны ғой. Бұлт та шыңның шоқыларына ілініп тұр. Сонда ақын Алатаудың шыңы бұлттың арғы жағында жатқандығын меңзеп отыр. Бұдан биіктікті көрсетуге

талаптанған ойының дами түскенін аңғарамыз. Осыған қарап отырып сөзбен сурет салғанына еріксіз сенеміз. Көз алдымызды тұрады. Алайда осындай биік Алатаудың етегінде ойы аласа адамдардың жүргеніне кейде ренжитіні бар. Биік шындың таудың жанында да тұлғасы биік жандардың жүргені дұрыс қой.

К.Аманжоловтың Ертіс атты өлеңінен де сан түрлі өрнектерді көруге болады. Ақын былай дейді:

Арқада акқан күміс алтын арна,  
Ер ерке Ертісімдей өзен бар ма?!

немесе:

Жарқырап көз жіберіп айналага,  
Күй төгіп, кернейлетіп ағады Ертіс.

Ақынның өзен суын байлықта бағалағанын бір сөзден ангаруға болады. Тек қана бір сөзбен, яғни күміс дей отырып осы ойымызды дәлелдеп беретіндей. Күміс су турасында ойын айта келіп, оны әрі қарай ұстемелей түседі. Күміс акқан алтын Ертіс дегені осыған куә. Алтын арнамен күміс ағып жатса, одан аскан өзенге қандай байлық керек. Әрине, бұл ауыспалы мағынада айтылып тұр. Міне, осы жерде ақынның шеберлігі танылады. Ол байлықтарын тізбелемей, алтын арнамен акқан күміс суды айтады. Осыдан-ақ анық телегей қазынаның ортасы екенін білуге болады. Екінші мысалда жарқырап көз жіберіп айналага дегенінен судың тазалығын танимыз. Егер су таза мөлдір болмаса, күнмен шағылысып жарқырамас еді. Ақын осы жерде судың тазалығын бір сөзбен ғана көрсетіп отыр. Ал судың көптігін күй төгіп, кернелейтіп деген тіркестермен кейіптеу арқылы көрсетеді. Егер су аз болса, ағысынан мұндай дыбыстар естілмес еді.

ХХ ғасыр басындағы қазақ поэзиясындағы табиғат көріністері жоғарыда сөз етілген ақындар жырларында туған елдің суретін айна қатесіз салып, оқырман жүрегіне өз еліне деген құрмет ұрығын себіп, туған топырақ исі анқып тұрады. Табиғат пен адам әлемі үндес, сырлас екендігінің негізін дәлелдеп, әр ақын өзінше өрнек салады. Олар салған үрдіс, сара жолды ХХ ғасырдың екінші ширегіндегі ақындар өлеңдері жалғастырып, өресін кеңейте түседі.

“Табиғат пен адам! Өзіңіз айтыңызшы, тіршілікте одан ғажап, одан құпия не бар!” - дейді Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов. Табиғат әлемін терең де үңіле жазып, көркемдік биікке көтерген соғыстан кейінгі кезеңдердегі ақын өлеңдерінен көруімізге болады.

Л.Н.Толстой болса бірде өзіне өзі: “Сіздер білесіздер ме, кім менің сүйікті ақынным?”, - деп сауал қойып, оған өзі “Тютчев” деп жауап берген. Кейін: “Онсыз өмір сұру мүмкін емес”,[37.272] - деген оған тұжырымын қосқан. Тютчевті түсіну деген поэзияны түсіну, Тютчевті сую — лириканы сую деген сөз. Осындай талантты лирик, ақын Төлеген Айбергенов. Оның поэзия әлеміндегі орны ұлы ақындардан кем тұспейді. Тютчевті жер бетінде өмір сүрген аса ұлы ақындардың бірі, - деп білген Тургенев. Бізде Төлегенді қазақ топырағында туған, қайталаңбас, ғажайып лирик ақыннымыз деп айта аламыз.[38.254] Тютчевті табиғат жыршысы деп бүкіл әлем таныды, оны орыс халқы Баратинскиймен бірге философиялық лириканың да үлкен өкілі ретінде мойыннады. Асылында, табиғат пен философия ажырағысыз ұғым да ғой. Табиғаттың болмыс-бітімі философияға қарай жетелесе, философияның түп-

тамыры – табиғатқа келіп тіреледі. Түтчевтей таза табиғат жыршысы болмағанымен бүкіл бейнелеу құралдарын табиғаттан ғана алған, табиғатпен етene туыс дарын Төлеген Айбергенов шығармашылығын сөз еткенде, оның осы қырына арнайы тоқталуды жөн көрдік. Ақын Атамекен өлеңінде:

Көл-дария көкірегімнен бір тұнба ашып,

Мен тұрмын ата-баба жұртын басып.

Жаутандап қазір менің жанарымда,

Тұп-тұтас жиырма жеті жыл тұрғашық, -

дейді. Ақынның жиырма жеті жыл ғұмыры қарақалпақ жерінде, қалған үш жылы қазақ жұртында өтіпті. Жасындай ағып өткен ғұмыр! Сол үш жылда ақын құдіретті сезім кәусарына шомылады, көл-көсір, ағыл-тегіл жырлады, туған жер табиғатының қадыр-қасиетінен күш-куат алдып, қайта бір түлегендей болды. Тұлпар-жырдың тізгінін іркімеді:

Тұп-тұгел төрт құбыланды тұстік етіп,

Туған жер, мен сен салған құс тұлетіп.

Дүние-ай, қандай жақсы ед табаныңа,

Тұрганы өз топырағынан ыстық өтіп.

О, менің мәңгі басар нық тұрағым,

Қалайша махаббатымды ұқтырамын?

Мен сенің ақ төсіне шаңқай түсте,

Көлеңкем тұспесін деп тік тұрамын.[39. 107]—

Мұндағы атамекенге деген сезімін “мен сенің тұлетіп ұшырған құсынмын” дей келіп, “дүние-ай қандай жақсы ед табаныңа, тұрганы өз топырағынан ыстық өтіп” — сынды сезімді бастан кешу, жаутандап жиырма жеті жыл туған жеріне табаным тисе деп ғашық болған адамның, сағынған жаның қөкірегінен ғана үзіліп тұсер гауһар шумақтар. Сырт жүрген адам күнде туған жерге табаны тиіп жүрген адамнан гөрі, туған топырақтың қадір-қасиетін теренірек ұғынады. Тіпті, ақын туған жерін сүйетіндігі, қастерлейтіндігі соншалықты өзінің көлеңкесін де сол жерге тұсіргісі келмейді. Сондыктанда: “Мен сенің ақ төсіне шаңқай түсте, көлеңкем тұспесін деп тік тұрамын”, — дейді. Айбергеновтың “Атамекен” өлеңінен табиғат, пейзаждық лириканы бастауымыздың себебі ақын сол туған жер табиғатының суретін, бояуларын саяси лирикаға да, философиялық лирикаға да, махаббат лирикасына да тамаша колдана білуінде. Оның бейнелеу құралының қуатты каруы — табиғаттылсымдары. “Мұнарлар” деген өлеңінде:

Көзім менің!

Жатырсың жырақты алдып,

Кызыл гүлді барады қырап қашып.

Жиырмасыншығасыр жүр Манғыстауда,

Мұнаралар басына шырақ тасып, —

дай келіп, “табанымның астында қара дария, тас төбемде тайгасы мұнараның”, — деп әдемі суретті табиғатпен табыстырады да:

Өмір, өмір ойлайсың, толғанасың,

Жастиқ шағын аңсайды қарбаласын.

Мұңаяды жиырма бес — қызық дәурен,

Көкке осылай шаншылып қалмағасын, —

деп, Манғыстаудан — мұнараларға, мұнаралардан — табиғатқа, табиғаттан — өмірге ойысып, адамның кызық дәурені, ғұмыры — жиырма бестің арман-мұнына әкел тірейді. Бір-бірімен үйлесіп, ұнасым табады.

Төлеген үшін табиғат — үздіксіз қозғалыстағы мәңгілік жанды дүние. Табиғат тек қана шабытты қайнар көзі ғана емес, табиғатта да жүрек, табиғатта да бостандық, еркіндік, табиғатта да маҳабbat пен тіл бардай сезінеді, содан өлеңнің жан дүниесі ашылып, адам өміріне еркін енеді, сезімін тербейді. Табиғатты адаммен, адамды табиғатпен туыстастырып, әдемі тың теңеулер туғызады. “Манғыстау саздарындағы” жинағында сазгер Шәмші Қалдаяқовқа арнаған “Сырласу” өлеңінде, табиғатты Шәмшіге теңемей, керісінше Шәмшіге табиғаттың болмысын теңеу арқылы батыл да бедерлі, айшықты көркемдік шешім жасайды.

Көрсөң ғой шіркін, бәрін де көзben көрсөң ғой,

Жатыр-ау менің жазира далам өлшенбей.

Осынша сөзben ынтызар қылған аймаққа,

Бір әсем дария керек-ау екен дәл сендей.

Бұдан кейін ақын “қуаты керек мендегі асқақ арынның” дей келіп, “қара орман керек, қап-қара орман, түп орман, көзіндегі менің жарымның” деп табиғатқа теңеуін бірде Шәмшіден, бірде өзінен, бірде жарының жанарынан іздейді. Бұл да ерекше соны теңеулер. Енді бірде жер астынан фонтанша атқылаған қара дария-мұнайдың көрінісін “бұрымы сынды сіздің үйдегі женгенің” деп ойнакты бейнеге ұластырып жібереді. Төлегеннің теңеулері де тербелісті бір қалып танытып, құбылып, түрленіп тұрады. Үнемі жанды қозғалысқа енеді. Адам бойындағы қасиет, сапаны табиғат құбылыстары мен көрініс кейпіне теңеу — жақсы әрі жаңалықтай сезіледі. Теңеу табиғаттан адамға, керісінше адамнан табиғатқа ойысып отырады. Төлегеннің өлендерінің ішкі ырғағы, динамикасы шымыр әрі жыраулардың кескекті жырындай жұмыр, ұлттық сипаты құшті әрі басым. Төлеген енді бірде Атырау жағасындағы қаланы суреттейді.

Ак ерке осы қалаға

Айырмай көзін көк тігіп,

Тұрады екен көкірегін түгел өрт қылып.

Құс жолы мұнда андамай келіп шашылып қалған сияқты

Мұнарлардың занғар басына соктығып...

Мұндайда теңеулерді тамаша, әдемі деп тамсану аздық етеді. Жырдағы ақынмен бірге жаңа бір көрікті әлемді көргендегі сезінесің. Ақын жүргегі — оқырман жүргегі ақынның көкірек көзі — оқырман көзіне айналып, ақын мен оқырман бір тұтас тұлғаға айналғандай. Жырды оқыған адам өзі жазғандай сезінеді, дүниенің тылсым құбылысын көзге елестерлік теңеулерді өзі тапқандай қуанады. Сезінтіп әрі қуантып отырған ақынның шебер жазылған жыры:

Таң азаннан қыруар оттар зымырап ағып төске еріп,

Қойнына мың сан самаласымен жатады қайта кешке еніп.

Қол созым аспан шатырлап кейін шегініп кеткен сияқты,

Мына қаланың биіктігінен сескеніп.

Аспанды кейін шегіндірген прогрестің, қанатын кең жайған қаланың көкке ұмтыла биіктеуін суреттеумен бірге, ақын қаланың аумағының кенейіп

өсіп келе жатқандығын жәй сөзбен емес, образбен өрнектейді. Қала аумағы кеңіл бара жатыр демейді, “Ақ үйлер қырға барады жөңкіп, алдынан тілеп ақ сапар” дейді. Көз алмай қарар, сұлу сурет. Шебер суретшінің қылқаламынан туған туындыдай.

Мына жалған дұниеден адам өтсе өтер, бірак табиғат қалады. Табиғат мәнгілік құбылыс.

Мұқағали Мақатаев поэзиясында ерекше орынды иеленетін тақырыптардың бірі — табиғат лирикалары. Қазақ поэзиясының табиғат лирикасында өзіндік дербестік қолтаңба танытқан, өзгеше поэтикалық әлем ашқан жаңашыл ақын. Мұқағалидың табиғат лирикасының тақырыбы, жазылу шеберлігі әр алуан.

М.Макатаевтың туған жерге байланысты өлеңдері: “Апырай-ай, туған жер-ай”, “Дөңгелек жер”, “Рахмет, даңа”, “Қазақ жері”, “Жетісу”, “Туған жерге”, “Туған жер сағындырыды”, “Саржайлау”, “Қайран, Қарасазым-ай”, “Осынау шуақ шашқан кең өлкеде”, “Туған елге” т.б.

Ақынның туған жер табиғатының сұлұлығын көруі, сезінуі, жырлауы өзгеше. Ешкім аңғара, назар аудара қоймаған жактарын, сиқырлы әлемін өзінше ашып жырлайды.

Апырай,  
Туған жер-ай!  
Теңдесер кім,  
Бұл жерге сен болмасаң, келмес едім.  
Кіндігімді байлаған қазығым-ай,  
Сен болмасаң, бұл маңды көрмес едім...

Немесе:

Аһ далам, айхай далам, сағым далам,  
Бір бұдьыр жок-ау көзге шалынбаған,  
Аспан құлап кетсе де тарынбаған,  
Бір ғаламат бойында сабыр бар ау,  
Аһ далам, айхай далам, сағым далам!

Осы жолдар арқылы Мұқағали қазақ лирикасында даланы өзгеше бір көркемдікпен кестелейді. Ақынның нәзік жүрегі, сезімі туған өлкесіне дегенде ала бөтен, өйткені бүкіл тіршілігі ел табиғаты тағдырымен біте қайнасып кеткен. Суреттеу де, сезім де жырларында басым. Туған жерге ақынның бар махаббаты жыр болып төгіледі.

Табиғатты көркем туындыға тиек еткенде, әрбір суреткер оған өзінің қарым-қатынасын, кейде көзқарасын білдіріп отырады, сол арқылы адам өмірін, тағдырын, тіршілігін жырлауды белгілі деңгейде нысана етеді.

Табиғат,  
Жанымды алсаң,  
Алшы менің.  
Бір түйір жерге түскен тамшың едім.  
Мұқағали жоғалса қайтер дейсін,  
Артымда қалсын жерім, қалсын елім, —

деп, Мұқағали тебіренгеніндей, әр ақын өзін табиғат-ананың бір бөлшегімін деп санайды.

Адам назарын аударатын және адам тіршілігімен етene байланысты табиғаттың тылсым құпия сыры көп. Адамзат жарапғалы тіпті одан да бұрын жаратылған занғар, биік таулар мен шалқыған айдынды көлдер, ширатылып акқан өзендер қай заманда да ақын қиялын тербетіп, оның назарынан тыс қалмаған. Себебі қай ақынды алмаңыз, ең алдымен өзі өскен жердің табиғатын жырлап өткен. Мұқағали да сол дәстүрді жалғастыруши. М.Мақатаев тек тау суретін жырлауға бір топ өлең бағыштаған. “Хантәнірі”, “Жігіттер, дем алайық тауға барып”, “Біздің таулар кемедей шұбатылған”, “Мен таулықпын”, “Таудай болғым келеді”, “Тауда өстім”, “Ілініп түн тұр тауларға”, “Тау бір аңыз”, “Тұсіме тау кіреді”, “Ығысындар, ей таулар, ығысындар” т.б. Бұл өлеңдері біріне-бірі ұқсамайды, тақырыбы бір болса да, себебі айттар ой нысанасы алуан түрлі. Ақынға таудың тәқаппар биіктігі, жықтыл-жықтыл тастаны, асқар шындары, зенгір көкпен таласқан шоқылары рух береді, содан барып лирик табиғатпен сырласып өзі де бір іштей түлегендей сыр төгеді. Ақын тауды тұра табиғи кейпін жырлаудан гөрі тауды фон етіп алып өзінің сезім дүниесін, көңіл-күй әлемінің тебіренісін осы фонға ұштасырып жібереді. Табиғи көрініс те ақын сезімі де ұштасып өлең әлемінің терезесін айқара ашып жебіргендей болады. Бойды билеген сезім қуаты табиғат құбылысымен астасып кетеді, кейде салыстырып жібергендей, кейде теңеп отырғандай, енді бірде тебіреніс, толғаныс сәтіндей қабылданады. Тауды жырлай отырып, түйдек-түйдек ой айтады, философиялық топшылаулар жасап, адам психологиясына жарасымдылық ұғымының эстетикалық мәнін сініріп жібереді. Тау – кайсарлықтың, қаһарлықтың, биіктіктің, сонымен катар сұлутық пен кербездіктің, алыштылықтың да символы ретінде көрінеді. Жылдың әр мезгілінде тауды адам психологиясына, көңіл-күйіне ықпал, әсері де әрқылы, сондықтан лирикалық өлеңдерінде тарлан талант табиғат құбылыстарын әр қырынан жырлайды. Жай жырлап қана қоймай, ізденіп, бұрын ешкім айта алмаған көркемдік әлемінде соны із салады. Мұқағали терең халықтың поэзия үрдісін бойына сінірген ақын. Тау табиғатының тылсым сырының ақын қиялын тербетіп, сезіміне ыстық шок тастанап, бойына қуат дарытып отыруы да сондықтан.

Ақын табиғаттың әсемдігін жырлай отырып, өзінің табиғатқа деген қатынасын білдіріп отырады.

Тау дейтін алып жүрек Ана тұған.  
Мен — таулықпын!  
Таудан мен жаратылғам.  
Киіктің сүтін еміп ер жеткенмін,  
Қуат алып қыранның канатынан.

Немесе:

Талай да талай шынды астым,  
Тастағы гүлмен мұндастым.  
Қарағайлармен құрдаспын,  
Қайындармен сырласпын.  
Тайсалмай өзім тауда өстім,  
Таласар, кәні, бар ма ешкім?

Осылай бірде еркелесе, бірде еркін көсліп, табиғатқа поэзияға деген құштарлықпен қарап, оған деген шексіз сүйіспеншілігін, іңкәр көнілін сездіріп отырады. “Таудай болғым келеді” өлеңінде:

Елмесін дәп берген ғой тауды маған.  
Мен күрсінsem, күніреніп тау жылаған.  
Көнілімде бір құйын көтерілсе,  
Тауларымда тұрады қарлы боран,—

дейді. Ол тау табиғатын терең түсінгендіктен жансыз нәрсе деп қарамай, сырын ұғар сырласы тұрғысында келеді.

Мұқағали поэзиясының табиғатпен тұтастығы ақын даналығының әрі ажырамас бөлшегі әрі адастырмас өлшемі. Ол өзінің поэзиясына нәр мен жуатты туған жер табиғатынан алады, сондықтан өзінің сезін де, жырын да соған арнайды.

Жеті кат көкті, ай мен күнді, жұлдызды, арайлы таң мен мамыражай тұнді жырламаған ақын жоқ десе де болғандай. М.Макатаевтың осы тақырыптарда жазған өлеңдері: “Ай — аспанда, мен — жерде”, “Аласарып ай батқан”, “Тап-таза аспан тұп-тұннық”, “Шыңылтыр аспан шытынап”; тұн туралы: “Қайырлы тұн”, “Қазір тұн”, “Тұн маған ұйықтау үшін жаралмаған”; таң туралы: “Таң алдында”, “Қайырлы таң”, “Жаздың таңы”, “Тағыда міне таң атты”, “Таң алдында”, “Алдымнан атса болды ақ тандарым”; күн туралы: “Күміс жолды күн дейтін”, “Күн ұшып келе жатыр”, “Күн батты”, “Күн ауысып барады”, “Күн ұялып”, т.б.

Ақындық ізденіс жолында Мұқағали өзіне дейінгі поэзиямызда бар дәстүрді байытып, тын көркемдік бейне әкелді. “Ай — аспанда, мен — жерде” өлеңінде Абай дәстүрін дамыта отырып өзіндік қолтанбасын айқын көрсетеді:

Мен де жалғыз,  
Аспанда ай да жалғыз.  
Тып-тылсым  
Тыңдал тұр ма айналамыз?!

Мен — Жерде, Ай — аспанда,  
Екеу ара  
Үн-тұңсіз сырласамыз, ойланамыз,—

деп аспандагы кол жетпес айды, жерде тұрган өзімен үнсіз сырластырып қояды. Ақын қиял қанаты биікте қалықтайды. Аймен сырластым десе иланымсыз болар еді. Поэзия тілінде иланымды, көнілге қонымды, қайышылықсыз қабылдаттырып жіберуі ақынның жаңашылдығын, табиғатпен етенелігін білдіреді.

М.Макатаев өлеңдеріндегі жаңашылдық ең алдымен ой срамдарының сонылығынан, суреткерлік шеберлігінен және ұлттық дүниетаным өрісінің биіктігінен ақын көрінеді. Кәдімгі күпі киген қазақтың кара өлеңі Мұқағалидің ақындық тіл құдіретінің күшімен өзгеше құбылып, құлпырып кетеді. Мұқағалидің өлеңдерінің халыққа соншама жақындығын ең алдымен ақын поэзиясының халықтық, ұлттық сипатынан іздеуіміз керек. Талантты тұлғалардың жырында ұлттық колорит, дүние таным, психология бейнелеу құралдарынан, ой толғаныстарынан сезіліп, көрініс тауып отырады. Сондықтан да М.Макатаев жырларынан терендік те, сұлулық та, қарапайымдылық та, асқақтық сезім де табиғи үйлесімін тауып, жымдасып

жатады. Оның өлеңдері үйкас, ырғакқа ғана емес, сезімге, толғанысқа құрылады.

Ақын өлең жолдарынан табиғат құбылысының мінезін сезесің, әрі сыршыл лирик өзінін сезімін де қоса өреді. Ол үшін туған жердің көктемі ала бөтен ыстық.

Ақын көктем тақырыбына әр алуан жыр арнады. Оның әрбір өлеңі --- жана бір дүниенің кілтін ұсташаңдай. Бірін-бірі қайталай бермейтін көктемнің әр килі суретін, көрінісін әр алуан қырынан аша жырлайды. Макатаевтың қай өлеңін оқысан да, үлкен эстетикалық ләzzатқа бөленіп, жан дүниен жадырап сала береді. Ақынның бес шумақты “Соғыстың соңғы көктемі” атты шымыр өлеңі бар. Зерттеуші А.Егубаевтың сөзімен айтсақ: “Бес шумақта бес бестік баяндаумен де, бес бөлімді кітаппен де жеткізгісіз үлкен картина көзге елестейді. Тұғас бір дәуірдің көктемі”.

Жасылмен бояп қойған ба?!

Жап-жасыл таудың бөктері.

Қырлар да мынау ойтар да,

Жап-жасыл болып көктеді.

Соғыстың соңғы көктемі.

...Жап-жасыл шыбық, тал-дағы,

Орманның жасыл шекпені.

Куанта, бірақ алмады,

Сонау бір үйді, шеттегі...

Табиғат пен адам тағдыры. Көктемді кім жырламады, бірақ Мұқағали талайлардың жүргегіне жара салған, сызат түсірген, қайғы қасірет әкелген соғыстың соңғы көктемін жап-жасыл мына әлеммен ұштастыра отырып, Женіс әкелген, дүниеде жауыздықтың ойранын ордасына түсірген 1945 жылдың көктемін көз алдыңа куанышы мен қабырғанды қайыстырар қайғысын қатар кояды, контрастық сипат береді. Куанышты дүниенің гүлденген, жасыл желекке бөленген дүние – көктемнің куанышсыз сәтін де бейнелейді. Соғыстан қасірет шекпеген бірде-бір шаңырақ қалмады, ел арыстарынан айырылды, миллиондаған адамның азаттық жолында төгілген қанымен келген көктем. Бұл көктем талайлардың үмітін көктей солдырған көктем, Женіс туы биік желбіреген мерейлі де көктем. Ақын шеберлігі қуаныш пен қайшылықты көрініс халді, контрастық тұрғыда үйлестіріп, баяндағ адамзатқа үлкен қайғы-қасірет алып келген соғыс зардабын бір-ақ ауыз сөзben жеткізуінде.

Мұқағалидың жаз туралы өлеңдеріне көз жіберейікші:

Жарықтық,

Жаздың таңы-ай!

Жадырап, қанатымды жаздым талай.

Жарықтық,

Жаздың таңы-ай белден аскан!

Бауырын жерге басқан, шөлдеп аспан.

Кия алмай жаз төсегін, жар төсегін

Киылышп бозаруда жер мен аспан.

Көз алдына сиқырлы сұлу әлем елестейді. Ақын өзге жан андай алмас сұлұлықты байкайды. Сол сұлұлықты сұлу сөз, сұлу бейне, сұлу өрнекпен кестелейді.

Енді қыс тақырыбына жазылған “Анау — аспан, мынау — бақ” өлеңіне ой жіберіп көрелік. Ақын сипаттап отырған қыс көрінісі, кейпі, бейнесі бұрын жырға арқау болған қыстан тіпті өзгеше. Мезгіл бір, баяндау, ақынның қабылдауы, ой елегінен поэтикалық образben өткізуі – соны құбылыс. Мұнда қыс Абай суреттеген қыска ұқсамайды. Қыс бейнесін Мұқағали ақ халатты, қолында дәкесі бар дәрігерге балайды. Өйткені табиғаттың денесі, тәні жаралы, ол саналы жандардың іс-әрекетінің салдарынан зардал шеккен, азып-тозған, экологиялық апатқа ұшыраған дерпті табиғат. Дәрігер-қыс жараны ақ дәкемен таңып тастағандай елестейді. Мұқағали жырлаған қыс-дәрігер кейпінде бейнеленіп, табиғаттың бүлініп бара жатқанын көркемдікпен аша түседі. Ақын шеберлігінің, оның табиғат лирикасының ерекшелігінің бұл да бір қырын көрсетеді. Ақын образben ойлайды, ал образы табиғат болмысын көнілге қонымды ете түседі. Қыс аппак түстің, кіршіксіздіктің, тазалықтың символы іспеттес.

Аспан жердің арасын  
Дәрігер — қыс алуда.  
Табиғаттың жарасын  
Ақ дәкемен тануда.  
Таңдырып ап маңдайын  
Тағы көйлек сұрап жүр.

Бакты кезіп, тал-қайың,  
Жалаң аяқ жылап жүр.  
Қу бұтағын құшақтап,  
Тұксиеді кәрі емен.  
...Қыс — тазалық, қыс — аппак,  
Әрі өкініш, әрі өлең...

Өлеңдің поэтикалық құш-куаты, өлең тамырының бұлк-бұлк соғысы окушысын эстетикалық әсер құшағына баурап, оқиға ішіне енгізіп жіберетіндей. Тосын да тың бейнелеулер ойды ажарлы ете түседі.

Ал күзді бейнелеудегі ақынның қолданған көркемдік әдісі өзгеше. Лирикалық кейіпкердің көніл-күйін, жан-толқынысын, сезімін бейнелеу, суреттеу арқылы күздің кейпін береді.

Тағы да күз, тағы міне, сары таңды ұзак түн,  
Уысында тағы да мен ұйқы дейтін тұзактың,  
Ой хой, шіркін, тағы да бір күзді, міне ұзаттым...  
Немесе:

Сен менің тынысым ең, тұрмысым ең,  
Сен үшін өмір сүріп тырысып ем.

Жыл құсымен оралған жаным менің,  
Бірге аттанып кетесің жыл құсымен.

Қызылы жоқ қырманда – күзде міне  
Қайтқан құстың қараймын тізбесіне, -

деп өз сағынышын, күрен күзді өмірін мұндана еске алып, құлазыған көнілін қайтқан жыл құсына балайды. Мезгілдің ауысып бара жатқанын қайтқан құстың сапарымен салыстыра бейнелеу – бұл да бір ізденістің іздері.

Мұқағалидың табиғат лирикаларының тақырыбы әр алуан, бояу нақышы, бейнелеу машықтары, поэтикалық ізденістері де басқа ақындар шығармасына ұқсай бермейді. М.Мақатаев қазақ поэзиясында айрықша өнімді еңбек еткен, жемісті жырлар қылдырған талант.

Ақынның табиғат лирикалары ой мен сезімге, толғанысқа адам жан дүниесіне әсер ететін көріністерге толы. Дұлдұл ақын – ұлттық ақын, сондықтан да оның лирикаларында ұлттық дәстүр, ұлттық таным, ұлттық бояунақыш басым. Ақынның табиғат лирикаларынан да бұл үрдіс айқын сезіледі. Мұқағали табиғатты адамның сезім, ой-толғаныстарымен тұтас бітім кейпінде шебер бере біледі. Жапырақ - жаздың жүргегі Мұқағалидың қанатты өлең жолдары. Ақ қайыңға жан бітіріп, лирикалық кейіпкерді ақын қайыңның орнына алмастырып, мына дүниеге қайынның көзімен қарайықшы деп толғауы тосын емес, жаңалық, жылдылтық желі, әуені төгіледі. В.Г:Белинский былай деп жазды: “Поэзия не описывает розы, которая так пышно цветет в саду, но отбросив грубое вещество из которого она составлена, берет от нее только ее ароматический запах, нежные переливы ее цвета и создает из них свою розу, которая еще лучше и пышнее”.[40. 64]

Ұлы сыншының тұжырымы Жұмекен ақынның поэзиясынан қалай көрініс талқан?

Жарық!

Көрем сені жанарынан тамшының,  
Шешендердің таңдайынан көрем мен.  
Көрем сені көмейінен әншінің,  
Ал кейде бір туып кеткен өлеңнен...

Бұл өлеңде мән-мағына беріліп екпін тұсіріліп тұрған сөз – Жарық! Ақын жарықты күн сәулесінен ғана іздемейді. Күн сәулесі – табиғи жарық, ал басқа жарықтар астарлы мағынада келтірілген. Бүкіл әлемде тіршіліктің тірегі жарық болатын болса, шешениң таңдайынан, әншінің көмейінен, тамаша өлеңнің жолдарынан төгілетін жарық бар, сондай-ақ ана мейірімінде, жанарында жарық символына баланатын адамдық қасиеттер бар. Шешендік пен даналық, жезтаңдай әншілік пен мағыналы өлең, сәбидің шат күлкісі, ана мейірімі, мәлдірекен көз – бәрі жарықпен сипатталады. Жарық ұғымы, кең тұсінік, поэзияда ақын осы ұғымның адам қасиеттерінің сыр сипатын, табиғатын ашуға кілт ретінде шебер қолдана білген. Табиғат-ананың, тәңірдің ғажайып сыйы – жарық, күн сәулесінен нұр болып таралған сэтте ол физикалық құбылысқа ие болса, жер бетін, әлемді нұрға бөлеп, тіршілік думанын қыздыратын құдірет ретінде адам танымында философиялық сипатқа ие болады. Ақын өлеңінде табиғаттың ерекше құбылысы адам бойында көп қасиеттерге етene сінісіп кеткендей, диффузиялық (кірігіп кету) құбылыстай сезіледі.

Лирикалық өлең іңкәрлік сезімді, табиғаттың табиғи қалпын дәл жеткізе алған.

Жапырақтар, жапырақтар саялы,  
Жапырақтың төсінде шық таяды.  
Бүкіл осы Алматыны табиғат,  
Жапырақтардың бояуымен бояды.

Табиғат көрінісінің бейнесін қаз-қалпында өрнектеген. Жапырақтар жайқалып айналасына сая болып, көрік беріп тұрса, нұрға малынған терек көк төсіне шаншылып аскақтайды, ал жапырақтың төсінде тайған шық өлеңнің осы

шумагы - қаланың жасыл желекке малынып тұрған кейпін бейнелейтіні даусыз. Ақынның тұспалдаған айттар ойы ол – табиғаттың күтіп, аялау қажеттігі.

Таптамашы, адамдардың аяғы! - дейді ақын.

Өлеңнің үшінші бөлімінде айттылатын ой: жастық шақтың да дәл осылай жапырағын жайып, құлпырып көркейетіндігі. Ақын табиғат пен адам өмірінен ұқсастық іздейді, сол ұқсастық пен үндестікті өмірден табады. Өмір де осы желек аткан ағаш сияқты. Бірақ тағдырдың ғажайыптылығы сол – баяғы жастық шақта адаммен катар өскен, катар көктеген ағаштардың тал-бұтақтары картайған кезде тағы да қажетке жарап, адамның сүйенетін таяғы болады. Автор осы ойды бейнелеп айту арқылы адам мен табиғаттың бір-бірімен етene байланысын дәл салыстырып аша түседі. Табиғат бізді қоршаған ортағана емес, табиғат сонымен катар адам тағылым алатын, тәубесіне келетін сырлы әлем де. Табиғаттың занын адам тәжірибесі арқылы терең танып білген сайын, соғұрлым табиғат болмысын тануы да күрделене түседі, табиғатқа қарсы әрекет ету – күйреуге, қайшылыққа әкеп соқтырады. Ақынның соғысқа адамғана қарсы тұрмай, табиғат-ана да соғыс салған жарага тыжырынып шиыршық ататынын Сонау соғыс күндері деген өлеңінде әдемі жеткізе білген.

Лирик ақын соғысқа қарсылығын атойладап, айқай салмай-ақ, өлең жолдарымен биязы түрде астарлап-ақ сездіреді.

Ізі аппақ таспадай,  
Ракеталар жүгіріп.  
Шыққан кезде аспанға  
Ілініп қалар гүрлі.  
Одан гөрі бір тұрлі,  
Мына аспанға сиқырлы,  
Жарасатын сияқты,  
Қараашаның қикуы.

Бейбіт аспан төсінде айқыш-ұйқыш жолақтар тастаған ракеталардан гөрі автор табиғаттың өз үнін, қараашаның қикуын қалайды.

Лирикалық кейінкілер өзін аялап өсірген туған жеріне, еліне қазырдар санайды. Сондықтан да албыртым, асығамын аз өмірде, туған жер, ойлаймын деп өзін жайлар, кетсе де қайғы қысып, қырсық ұрып сен туралы жырлаймын деп алдына мақсат қойып уәде етеді. Ол кіндік кескен жерін көзінің қараашығындағы қорғауға дайын. Автор сынып түссе бір бұта, қабырғама қараймын, - деп туған жerde өскен ағаштың әрбір бұтасына дейін өзіне қымбат санайды, өйткені ол оған ыстық көрінеді, сондықтан да сынып түскен әр бұтада өз қабырғасы сынғандай жаны ауыратынын жасырмайды. Табиғат тәніне түскен сызат ақынның нәзік жан дүниесін жарапад өтеді. Лирикалық кейінкілер туған табиғатқа сергек қарайды, оны бүлдіріп, отағысы келетіндермен күресуге даяр. Туған жер-туған үйі, өзі өмір сүріп жатқан шаңырағы дағой. Ақын Грибоедовтың Алыс жүрсөң туған жерден, жат мекен, туған елдің түтіні де тәтті екен деп жырлағанындағы, Жұмекен үшін өзі өскен жерінің әрбір тасы, әрбір бұтасы, әрбір ағашына дейін қымбат. Ақын табиғаттың сыйын, бағасын, қадір-қасиетін жақсы біледі, сондықтан да аландалап мазасызданады. Табиғатқа адам баласы қатігездікпен қарап, бермесін тартып аламыз деп жыртқыштың мінез көрсетті. Қоршаған орта шектен тыс әбден бүлініп, ластанды. Ақын

жүргеі адам өз қатесін түзеп, қатігездікке жол бермесе дейді. Ақын ойының түйіні де түйісіндіретіні де осы.

Тұған жер – алыс болашакка аттанар, жетелер – арман алаңы. Ғұламағалым да, ақын да, бармағынан күй төгілген қүйші де, күміс көмей әнші де алдымен тұған жер топырағында көктеп өседі, ер жетеді. Оның балалық барлық арман-кияллы, көкіректе ұялаған үміті осы топырақта туады, осы жерде қанат қағады. Тұған жер – табан тіреп тұрган қасиетті тұғыр да. Ақынның:

Келеді атып тағы да  
Ғажап қой дала тандары.  
Ұялап жатыр жаныма  
Ұміттің балапандары, –  
деуі сондықтан. Ол ойын одан әрі қарай дамыта түседі.  
Тұған жер, сенін кеуденде  
Салайын деп ем бір ізді, -- дейді.

Жұмекеннің тұған жер туралы өлеңдерінде ауыл адамдарының ақжарқын, кеңпейіл, дарқан мінезі, бауырмашыл кейпі шынайы табиғи болмысымен ұлттық мінез-құлқымен кескінделіп көрінеді. Табиғаты дарқан далада өніп өскен, қанына қонақжайлық қасиет пен кеңпейілділік ана сүтімен, ата дәстүрімен дарыған қазақилық сипат айқын сезіледі. Табиғаты дарқан халқының пейілі де дарқан, қөнілі де көл көсір, жатты да жатсынбайтын тұмса мінезі осы ортада қалыптасады.

Қысылма, досым, бұрай бер, қай үйге түсе қалсан да,  
Атыңды сенің байлайтын бар шығар інің бір жаман.

Ақын меймандостық, дарқандық пен жомарттық сияқты асыл қасиеттерді жалпылама баяндамай, дәл детальдар арқылы суреттеп, қөніл төріне ұялата біледі, онысы ерекше бір сүйсініс тудырады.

Ағып келсен, алдыңнан әже шығар  
Теріс киіп, қебісін, кимәшегін.  
...Сүрініп бірін тастап, бірін істеп,  
Кетеді үй маңы кіл жүгіріс бол.  
...Карт кетер теріс қарап, пышак қайрап,  
Қалады жымың етіп бұған ішің.

Біік таудың көрінісі, ұясына батып бара жатқан күн, маужырап басқан түн, арайлап аткан таң, шұғыла шашқан күн, дала төсін қақ жарып, асыр сала аққан өзен, көк аспанды торлаған казбауыр бұлт сияқты табиғаттың сан алуан құбылыс, кейпі Жұмекен жырларына арқау болып отырады, ақын осы көріністерге ерекше қызығады, себебі ой іздейді, сыр тартады, кейде іштей сырласып та кетеді. Табиғат әлемі-сырға, үнге, қайшылықты құбылыстарға толы да ғой. Ақын осы құбылыстардан жырына нәр іздейді. Ақын қиялына билік, әмірлік жүрмейді. Оның талғамы нені қаласа, сол – ол үшін құдірет. Табиғат жыршысы атанған С.Есенин көгілдір түсті ұнатады екен. Бұған өлеңдері күә, ақын өлеңдерінде көгілдір түс туралы ой орамдары мол ұшырасады. Демек, С.Есенин үшін әдемілік символы көк түске байланысты болғаны. Сол сияқты Жұмекен де жаны ұнатқан құбылыстарды табиғат лирикаларына тақырып етсе, оның сырын ақын талғамынан іздеген жөн. Талантты ақынның эстетикалық талғамы табиғаттан өзі сүйсінерлік әдемілік табады.[41.20]

Табиғат лирикаларында Жұмекеннің ақындық шеберлігі жана бір қырынан танылып отырады. Ол жылдың қай мезгілін жырласа да сол маусымнан көз тоятын көрік тауып, жан тебірентерлік сырға қаныққандай болады. Табиғаттың әр мерзімінің көрінісін өз жүрегінің қалауымен, жан дүниесімен қайта түрлендіріп, әрлендіріп жібереді. Тұн – адам бойына көбіне қорқыныш пен үрей ұялататын мерзім сияқты қабылданады. Жағымсызыдау нәрсені қараңғыға, тұнекке салыстырып жатамыз. Ал Жұмекен жырында керісінше, тұн – дамылдамайтын тынымысыз тіршілік, адамға жақсылық қана сыйлайтын сәт. Ақын тұнде үрейдің пүшпағы да жоқ деп сипаттай отырып, дос пейілмен сырласып кетеді, тұнгі тыныштық адам ойын тербейді, толғанысқа түсіреді. Ал, кеш болса – өзгеше бір өмір. Бояулар құбылып көзінді арбағандай. Құн ұясына батар шақтағы табиғат көрінісі Жалындал барды да батты құн деп басталатын өлеңде алуан түске құлпырып алаулаған құн табағының көкжиекке сіңіп, табиғатты қимай бара жатқанын сәтті бейнелейді. Бойындағы бар жарығын аспаннан төгіп, жерді жарық нұрға бөлеп тұратын құн шатырына кірерде бүкіл нұрын әлемге сарқа шашып кетейін дегендегі қатты қызарып, жалындал бара жатқандай адам жанарында қалып қояды.

Құннің батуы мен кештің тұсуін, тұннің салбырап басуы сияқты алмағайып, қарбалас тылсым сәттерді тасалап тау мен қырды тұн қызғанды , Тұн, тымырық тұн, тымырық тұн , Ай қарайды сығалап ала бұлттан , «Құн кешкіріп батады, құн кешкіріп», «Қарбалас қам жасасып жатыр бәрі», «Тұн жыры» деген өлеңдерінде анық та айқын бейнелей алған.

Ақынның бір топ өлеңдерінің тақырыбы тауға арналған. Тау – қайсарлықтың, биіктіктің, сұстымалықтың белгісі болса, Жұмекен үшін тау – сұлулық символы. Тау ақынның бойына шабыт нұрын құйып, ойын қоздатып жіберетін табиғаттың ғажап бір туындысы. Тау бірде тәқаппар, бірде қол жетпейтін арман, бірде аскак романтика, бірде биік қиял көрінісі. Тау үстінде деген лирикасында таудың өзінен де, таудан басталатын өзендерден де лирикалық кейіпкер кайсар күшті сендер қайдан аласындар деп, сұрақ тастанап, іштей тілдеседі. Көз алдымызда лирикалық кейіпкер кенет алып-күшке айналып, тау шындарын қапсыра құшақтап, өзендерді бөгеп тастайтын күш-қуатқа кенеліп кеткендей көрінеді. Тауларды адам кейпінде сипаттап, суреттейді. Таудың іс-әрекетіне адамды сырттай бақылаушы ретінде көрсетеді, сөйтіп адамдар арасындағы келенсіз қылықтардан жирентеді, бұл – Жұмекеннің жаксы бір ізденісі сияқты. Өлеңдеріндегі Жарылып тұр , тірлікте тартыс аздай басқа тіпті , аскарды күндел-күндел , тістесіп бір-бірімен тас қатыпты деген тіркестер автордың айтайын деген ойын күшеттіп, өлеңнің негізгі идеясын аша түседі. Тауды жырлай отырып, адам өміріндегі келенсіз жайттарды, көрсетіп өтеді. Тау табиғаты адам табиғатын аша тұсуде мықты көркемдік құрал, деталь қызметін атқарып-ақ тұр.

Жұмекен -- табиғаты құмды жерде туып, бала кезінен құм мінезіне қанық болып өсken ақын. Оның каламынан құм туралы бірнеше өлең туған. Бұрын құмның мінезін білмейтін кісі бұл өлеңдерді оқыған соң, жаңа дүние есігін ашқандай болады. Ақын үшін туған елдің қасиетті жері сияқты құмы да ыстық. Балалық шағының қызық дәуренін құмда аунап-кунап, асыр салып өткізген, табанының ізі қалған құмның дүлей де сүренсіз кейпі ұмытыла ма.

Құм, Жалқау құмдар, Қошалак құмында, Құм теңеулері, Бетпак даладағы шоқ гүл деген өлеңдерінде ол құм туралы ойларын ортаға салады.

Құмның адам өмір-тіршілігіне келтіріп жатқан зиянын ашына жырға қосады. Жұмекен тек Қашалақ емес, басқа да құм басқан елді-мекендерде көнілсіз жайлардың бар екендігін еске салады. Құмның кесірін:

Талай ізді осы құмда жоғалтпақ,

Талай жылды осы құмда тонатпақ, - деп айта отырып, еңбектің еш болып, құмға сіңген судай көзге көрінбейтініне ренішін де білдірді. Ақын Жалғыз құмдар атты өлеңін юмормен қорытындылайды.

Жел үп емсе кемсөң-кемсөң етеді,

Қып-қызыл құм иегіндей кемпірдің.

Осы үзіндіден құмның шынайы суретін көреміз. Табиғатты жырламайтын ақын болмайды. Себебі Мұзғафар Әлімбаевша айтсақ: Табиғат тәрбиеші, тәрбиеші болғанда тамаша тәрбиеші. Өйткені табиғат бәріміздің ұлы анамыз, андан асқан аяулы тәрбиеші бар ма? [42.149]

Жұмекен өлеңдерінен кейіптеудің әр алуан сипатын кездестіреміз. Ол жансыз нәрселердің өзіне жан бітіріп, адамға тән мінез-қылышты, әрекетті қозғалысты табиғаттың өз болмысина қосарластыра баламалап жырлауға шебер. Адам бойындағы қасиетті табиғаттың бойына қондырып, қозғалыс әрекетке түсіріп кескіндеуі сәтті шыққан әрі шебер көркемдік тәсіл. “Балауса” деп аталатын өлеңін бастап бұл көркемдік тәсілді ұштап, жетілдірумен болды. Бұл көркемдік тәсілді Абайдан, жыр дүлдүлі Қасымнан үйреніп, бұл үрдісті дамытып, ілгерілетіп алғып кетті.

1. Жатыр, жақпар... қарағайды аралайды жел ескен.

Жапырақтар, жапырақтар сыйыр-сыйыр кенескен.

2. Тау сұлары таусылмады, ынтықтырып ағады,

Қыз-толқындар бірін-бірі шымшып құліп барады. т.б.

Жапырақтар сыйыр-сыйыр кенессе қыз-толқындар шымшыласып барады, адам болмысина тән қимыл-қозғалыстар ғой, жапырақтар, толқындар қалай түрленіп, жылы қабылданады. Ақын ойының бейнелігі құбылысты жатсындырмайды, қабылдауға жақындастыра түседі. Образ деген осы, шеберлік дегеннің нақты мысалы да нақ осы.

Жұмекен детальды, бейнелеуді орынды қолданады, әсіресе, табиғат көріністерін бейнелеуде бұл тәсілді шебер пайдаланады, онысы өте ұтымды діттеген нысанадан шығып жатады. Мәселен, оның келтірген деталь, штрихтарының, көрініс белгілерінің дәлдігі сондай, тіпті өлеңнің тақырыбын оқымай-ақ жылдың қай мезгілі, күннің қай сағатын суреттеп отырғанына дейін дәл елестете аласыз.

Кештің бейнесі:

Сайлардан қаптаған көлеңке,

Тауларды қусырып барады.

Күз бейнесі:

Су кетіп мойнына қайың, емен,

Үстінде тамшы аунайды жапырақтың.

Көктем бейнесі:

Тұрды жолда от боп жанып бір тал гүл,

Сол даланың үмітіндей көктекеген.

Кіндік қаны тамған жер, туған өлке бейнесі, мәселен талантты ақын Жұматай Жақыпбаевтың өлеңдерінде Сарнокай тауын жырға арқау ету арқылы көрініс тауып жатады. Ол байтак да ламыздың табиғатын өзіне етene жақын Сарнокайға деген сүйіспеншіліктей іңкәрлікпен, перзенттік махаббатпен елестетеді, өз туған ауылы мен жеріне деген оқырманның сағыныш-сезімін оятауды.

Оқырман Сарнокай тауын ойын-сауық өткізетін, әсіресе, ат бәйгесі, қызың қуу, бәйге аланы ретінде қабылдайды. Себебі ақын жырында бұл мекенге ерекше мән бере жырлайды:

Сауыққой жұрттың тұрағы,  
Сарнокай деген тауында,  
Ай сайын той бол тұрады.

Аспандап кеткен ауылда, —

дәйді ақын Арман атты өлеңінде. Ж.Жақыпбаевтың бұл мекенге арнаған Сарнокайға сәлемдеме атты үш өлеңнен тұратын жыр циклі бар.

Ауа, суы... боялған бәрі көкке  
Бәрі шаһар дегенім дәлірек пе?!

Менің атам жайлаған суреттердің,  
Абыройы аспаннан әріректе, —

деп дәріптейді ақын туған жерінің тауын. Автор бойындағы қымбат қасиетін Сарнокайдан жырақ кеткенде жоғалтып алғандай, сол ата жұртта қалып қалғандай етіп жырға қосады. Онысы нанымды да, адам бойындағы серілік те, өрлік мінез де туған жермен байланысты болғандықтан, сол жерден ұзаған сайын бойындағы асылдар сонда қалыпқалғандай сезінетініміз бар. Балалық кез, бозбалалық шак, жігіттік кезеңнің бел-белестерінің ізі өйткені ата-жұртында қалып барады. Бір жағы сағыныш, екінші жағынан ел табиғатын, ата жұртын, асқар тауын аласартпай асқақтату бұл.

Бағым күнде жаңаша жанды дедім,  
Жаным көшіп тағы бір алды демін.  
Бір жұртымда жоғалтып серілігім,  
Бір жұртымда өрлігім қалды менің.

Ақын үшін Сарнокай тауы эстетикалық идеал ғана емес, ғұмырлық мәні бар, шабытына шабыт қосар қиялын қанаттандыратын рухани бұлак іспетті. Талдықорған облыстық газетінде қызмет істеп жүргенде редакторға жұмыстан босатуын сұраған өтінішін ұсынып тұрып: Жаз шығып қалды, Сарнокайға барып ат жүгіртіп, өлең жазып қайтсам ба, деп едім, — деуі сағынышының айғағы. Төбеге шық деген өлеңінде автор:

Биікке шық! — ақын басқа не десін,  
Иемденіп өлкенің бір төбесін,  
Тым құрыса құбыланың қабағын  
Елден бұрын және ертерек көресің!!! —

деп өмірдегі биіктікті өнер иесіне тән асқақ үнмен астастырып жібереді және оны да Сарнокай тауымен байланыстырып сабактастыра түседі. Ж.Жақыпбаевтың туған жерге арналған өлеңдерінің тағы бір парасы оның пейзаждық лирикалары. Бұл топтама өлеңдерінде ақын туған өлкесінің тауы мен сайының, өзен-бұлағының атын атап, түсін түстеп, нақты көрсетіп суреттемегенімен, оны лирикалық кейіпкер сезімі астарынан аңғарып

отырамыз. Демек, кейде Жұматайдың табиғат лирикаларында туған жердің атын айтпағанымен оқырман поэтикалық бейнелеулер арқылы толық сезініп отырады.

Жұматай шығармашылығынан, әсіресе, табиғат лирикаларынан туған жерге, ата мекенге деген перзенттік маҳаббаттың мөлдір де кіршіксіздігін аңғармау мүмкін емес. Мұндай шығармаларының ішінен Күзгі ауылда, Күрайдың ызыңдайды-ау тілі сымдай..., Сауда, Шажаның суы, Аспан мен желге құмартып..., Намазшам, Қашаған құсап құйғытқан қия жермен де..., Бұлт айтыпты ағаң аттан түспесе..., Атамекен, Көкпеңбек өрттің жылуы, Нұрлы бақта, Шыңда, Жонғар, Мамырым менің, Көктемге хат, Жаз күні, Ойсазда, Той, Сарыжайлау, Көл беті – көкорайда жоқ өсімдік..., Көкторғын шалғын көк гүлмен тұр-ау шұбартып сияқты өлеңдерін бөле жара айтуға болады. Бұл шығармаларында ақын сөзбен сурет, өрнек салады. Ешкімге де еліктемей, ел табиғатын, ауыл тынысын, жаратылыс кейпінің болмыс бітімін жыр жолдарына қашап түсіреді. Жұматай сөзге эмоционалдық реңк, екпін сала біледі, ойын көркем бейнелей алады. Оның қаламынан туған табиғат суреттері еріксіз өзіне тартып баурап алады. Оқырман Жұматай жырлап отырған табиғат көрінісін, өз ауылының табиғат кескініндей, тауын өз ауылының тауындей, суын өзі өскен жердің суындей, даласын өз ауылының сахараасындей қабылдайды, солай сезінеді. Өйткені ақын сезімін, көңіл-қүйін окушысымен бөлісіп, мұндасып, сыр бөлісіп отырғандай кестелейді. Нәтижесінде жұрттың көкейіндегісін ақын біліп, көріп тұрғандай етіп жеткізе біледі. Лирикалық кейіпкер табиғатпен де тұтасып, оқырман ойымен де астасып жатады. Лирикалық кейіпкер өз көзқарасын да білдіріп:

Үйкым да қашып, үйдегі қымыз ішілмей,  
Отырмын қазір Роден салған мұсіндей,  
Құйқалы жерге қырсығып шыққан сүйелдей  
Қыналы таста  
Еш нәрсеге де түсінбей.

Немесе:

Көк тоғайдан сәлем жолдап бір ыстық,  
Мың сайрамдар көрсетті-ай кеп туыстық –  
Мөлдіреуден мен су ішіп тұрғанда  
Карандыздың жапырағын ыдыс қып, –

деген жолдарда ақын бейнелеп отырған табиғат көрінісі, адамның көңіл-қүйі әдемі, келісті шыққан.

Мамырым менің және Көктемге хат лирикалық туындыларында Жұматай аға буын ақындардың дәстүрін жалғастыра түседі, жаңашылдық танытады. Ақынның бұл елеңдері С.Мұқановтың атақты Майға сәлемің еріксіз еске салады. Бұл табиғатты адам бейнесінде кейіпте, көркемдік тәсілмен жырлаудың бір формасы, түрі. Маймен тілдесудің өзі қазақ поэзиясы үшін бұрын кездеспеген кадам болатын, [43. 200] - дейді ғалым Раманқұл Бердібаев. Мамырым менің өлеңінде де ақын жыл мерзімі мен маусымын тірі адам кейпінде жырлап, оған өз атынан қарата сөйлейді. Ақынның бұл туындысының С.Мұқановтың Майға сәлеміне ұқсайтын тұсы да осында. Ал суреттелген жыл мезгілдері, дала суреті екі ақын жырында екі басқа. С.Мұқанов май айының атына жолдас деген сөзді қосақтап, лирикалық

кейіпкеріне кеңес азаматына тән саяси ресмілік сипат дарытады. Май мерамының өзін ақын Жолдас деп атап, оны жаңа адам, жұмыскер бейнесінде елестетеді,[44.504] – дейді ғалым М.Базарбаев бұл туралы. Ал Жұматай Жақыпбаев мамырының суреттелуі бір бөлек. Ол:

Жұпары молым, жұлдызы көбім, жарығым,  
Аспандатар аламның алуан дарынын,  
Жер бетін түгел көгерткен, жөні бөлегім,  
Мамырым менін мамырым!

деп мезгілдің адам жаң дүниесімен астасар тұстарын баса көрсетеді. Ж.Жақыпбаевтың туған жер тақырыбына арнаған жырларының үлкен тобы арнау сипатында болып келеді. Ақын көптеген өлеңін туған ауылына, туған жеріне, ата мекеннің өзен-суларына арнайды. Бұл қатарда “Шығынық гүл төркіні” жыр жинағына енген “Туған ауылда”, “Сарнокайға сәлемдеме”, “Сарнокай саздары” өлеңдерін, “Көктемгі хаттар” жинағына енген “Өзгелер мәнсап жолдан жөнелсе өрге”, “Жан-жағы толы тау суға”, “Жүйкеге тиер жоқ жүзім, жоқ мұнда, жоқ алма...”, “Туған жерге”, “Қаратал” сияқты туындыларды атауға болады. Бұл өлеңдерінде ақын туған өлкенің әсем де ғажап табиғатын, өзені мән тауын, жерін, ауыл адамдарының есімдеріне дейін жиі атап отырады. Сол арқылы ақын туған аймақтың бүкіл тыныс-тіршілігін танытып қоймай, екінші жағынан соларға деген маҳаббатын да анғартып тұрады. Алайда ақынға Қазақстанның кез-келген аймағы ыстық, өйткені ата-бабамыздан ұрпағына аманаттап қалдырған ең бағалы қазынасы, мұрасы сол, кең байтақ даламыз мактанышымыз. “Алатауга” деген өлеңінде ақын:

Халық жоқ барлық халықтың халқынан ұлы...  
Әйгі етсөн де болады жалпыға мұны:  
Атырау-Алтай арасы-ай! Аумағы-ай жердің  
Алтыдан бірдің -- біздің жер — алтыдан бірі! [45.287]  
— десе, “Арысқа барғанда” өлеңінде:  
Атаңнан қалған алты Арыс жерім болмаса,  
...Көрерсің қайдан көгілдір инеліктерді, —

деп табиғатының тамашалығын, жеріміздің кеңдігін көрсетеді.

Табиғатты жырлау ақыннан ерекше сезімталдықты, байқағыштықты талғампаздықты, суреткерлікті талап етеді. И.В.Гетеңің “Суркетер табиғатты зерттеп білуі керек. Өйткені қасиетсізден тектіні, сиқысыздықтан сұлулықты екшеп алу онай емес”[46.623] – деуі көп сырды анғартады. Ж.Жақыпбаевтың шығармашылығына тән нәрсе талғампаздық, оны табиғат, жаратылыс көркін суреттеген жырларынан айқын көреміз, ол тақырыбын таңдал жырына арқау етер көріністерді екшеп ала біледі. Табиғатқа арнаған жырларынан табиғильті, таза мөлдір сүйіспеншілікті, азаматтық үнді анғарамыз.

Казақ поэзиясының көп ғасырлық тарихындағы көркемдік дәстүрлердің жаңа сарындарымен жаңғыра жырлануынан лирикалық жанр табиғатындағы эстетикалық танымның әсемдік тағылымын танимыз.

Табиғат суреттерін, туған жер көріністерін жас ақындар шығармасында өзгеше леппен, өзгеше сарынмен жырланып келе жатқанын көреміз. Олар өз жырларында табиғаттың ажарын, даланың тынысын көңіл-күйімен, сезімімен астасырып, әдемі өрім жасап кестелей біледі. Табиғат пен туған жерін ақындардың бәрі дерлік де жырлап келеді, бірақ жыр-

тұлпарларының шабысы әр түрлі, ол талант –бабына, талғам-таразысына, ақындық мәдениетке байланысты болып келеді. Жақсы жыр жазғысы келмейтін ақын бар ма, айтыңызшы. Бәрінің де өлеңге бар таласы. Талас ұғымы бәсеке ұғымына да сәйкес келеді. Жас ақындар ізденістерінен жақсы туынды туғызуға талас та, бәсеке де бар.

Қазіргі жастар поэзиясы туралы сөз козғалған кезде ауызға алғаш болып ілінетін өршіл өлеңдерімен жұрт назарын аударып жүрген Маралтай Райымбекұлының есімі. Орда бұзар жастан асқан жігіт жырлары несімен ерекшеленеді? Ең алдымен ақын жігіт өлеңді өзінің тағдыры санайды, оның бар куанышы, бар мұны, бар қайғысы өлең жолдарында, өлең оның өмір-тіршілігі, бір сөзben айтқанда, өміrbаяны деуге болады. Нұрлан Оразалиннің: Маралтай табиғатқа мейлінше жақын, етене сезімдерді өз орам-махамына сала біletін, содан жанаша ой түюге бейім ақын, - деуінің астарында осындай сыр жатыр. Табиғатқа барынша жақын Маралтай:

Жүргімнен жұз бұтақ әріп шығып,  
Айналып кетсе, шіркін, талға денем...

деп батыл айтады. Табиғатқа етенелік анық суретпен бейнеленеді. Ақын Қасым Аманжолов Абдолла деген поэмасында жауға қарсы ыза-кекті бейнелеп, жау жолына атам сені, бомба бол да жарыл жүрек деп керемет теңеу жасайды. Маралтай жүргінен жұз бұтақ өргізіп денесінің талға айналып кетсе деуін сәтті шыққан ой орамдары деу керек. Аға буын ақындардың үлгісін, дәстүрін басқа бір қырынан дамытып ілгерілету сезіледі. Адам тағдыры табиғат-ана мен тамыр тарта карасақ тағдырлас, соның аясында өтіп жатады. Шын таланттар ғана мұның сырынан мән, сазгерлер әуен іздейді. Маралтай жырларында бейнелілік ой орамы берік, мығым, сініріп қаққан шегедей нық. Кейде ақын ішкі түсікпен өз халінің мүшкілдігін табиғат көріністері арқылы, әртүрлі нақыштармен еркін жеткізеді. Тұман атты өлеңінде адам баласының о бастағы жаратылысын өмір философиясымен ұштастырып, табиғат суреттерімен бірде тенеп, бірде астастырып жібереді.

Күздің таны. Күн тұман. Салқындаған,  
Алмасымды tot жеді-ау жарқылдаған.  
Жебем қисық, атуға адырнам бос,  
Құзғындарды тәбемде қарқылдаған.

Күздің таны. Айналам ала тұман,  
Ала тұман тағдыр боп жаратылғам.  
Бүгін бұл үй көнілсіз (той боп жатыр),  
Той біткенше Қенсайға бара тұрам.

Лирикалық кейіпкер әлдекімді сағынады, әлдебір биіктікті іздейді, әлдебір нәрсені күтетін де сыңайлы. Табиғаттың алмағайып мінезіндей ішкі дүниесі беймазалық күй кешеді. Алай-түләй сезілетіндей. Маралтай табиғат кейіпін, айналамыздың көркін әдемі детал, тосян теңеу тауып, түрлендіріп, құлпыртып жібереді. Көнілді көктем деген лирикалық өлеңінде ақын ару қала Алматыға деген сүйіспеншілігін жырласа, Алматы жастардың кіршікіз арманы да ғой. Маралтай да әсем қалаға берік байлам жасап, болашағын байланыстырып келген. Үлкен шаһарда әсемдікпен, арманмен қоса, сұлулық пен бірге опасыздық, арсыздық, саяси ойын әлемі қоса жүретін қайшылығы да

жетерлік екен. Ақын жаны осындай келеңсіздіктен, саналы жанға жат тірліктен түніледі.

Көңілді көктемде :

Қазақта көктем осындай -- барлығы... саясат.

Запыран тастап жас көңіл зарға қонады.

Шіркеуіне өзгенін қарлығаш ұя сап,

Мешітімізге ал біздін қарға қонады...

Маралтай жырында күз айы сағыныштың символы секілді. Алматының аспанында бір мұң бар..., Түсінгеннің бірге кетер ішінде деуінде ауыр мұң бар. Күз. Алматы өлеңінде Алматы ақын үшін мәңгілік сағыныш, мәңгілік мұңға оранған кала ретінде жырланады. Жалпы табиғат пен адам егіз, адам табиғат перзенті. Солай болғанан соң, әркез соны мойындан тұруы да керек шығар.

Ақынның Күз өлеңі табиғат пен адам арасындағы ұқсастыққа құрылған:

Алтын шашты, қызыл кірпік мына күз,

Жұма-ағамның жырларында жымиған.

немесе:

Алты ай қыстың бір жұмбағын шешіп Ол,

Қайта оянар сан құннен соң өсіп, өр...

Мына күздің тұрпатында текті өң бар,

Есағамның өлеңіндей есі мол.

Жардан емес, ардан тауып миятты,

Ойы бойға сыйыстырған ұятты.

Өзегінді өртейді екен мынау күз,

Гүлнәр қыздың сезіміндей қуатты.

Сондай-ақ сағыныш символы іспеттес күздің өзіндік сыйсыз, күйсіз, сұрықсыз жайы да жок емес, ақын оны мына жолдар арқылы жеткізеді. Мынау күзге карап кейде күйесін, Мылтекеңнің сөздеріндей мисыздау . Адам мен табиғат, табиғат пен адамға алма-кезек ойысып отыратын өлеңді табиғатқа арналған жыр ретінде қабылдайсың, сонымен қатар адам қасиетін де ашып тұрған жырлар. Бұл тұрғыдан шеберлік танытады. Күздің көріністерін әр ақынның бойындағы ерекшеліктермен салыстыра сипаттайды, айталақ Есағанның өлеңі мен, Гүлнардың қуатты сезімімен теңейді ақын. Ал енді күздің сыйықсыздығын да адамның сұрықсыз мінезд-қылышымен астастырып көңілге қош еместігін көрсетеді.

Махаббат пен табиғаттың астасқан тұсы әрине көктем. Көктем махаббат айы, ғашық жүректер айы болса, арман қуып шарқ іздейтін маусым. Ал енді адамдарда бұл айда ықылас пен ілтипат биік, ал күз айы болса сол куаныштың ұрлаушысы, тонаушысындағ қабылданатыны бар.

Күйінсем-дағы қараймын кешіріп

Күнге,

Гүлдерді ертеп кеткендей көшіріп

Күлге, --

Күз келді, қарғам![47.99]

Табиғат жыршысы — С.Есениннің көгілдір түсті ұнатқанындай көгілдір түсті өз қабылдауында сұлулық символына айналдырыған ақын қызымыздың бірі -- Назира Бердалы. Оны Көгілдір тұн, Көгілдір... сынды өлеңдерінен айқын көреміз. Назира үшін бүткіл жаратылыс көгілдір, жастық шағының көктемі де -- көгілдір.

Көгілдір, жасыл, көгілдір, жасыл, көгілдір, жасыл шыршалар,

Көгілдір жиек, көгілдір желмен желбіреп жиі бұлт ауар.

Көгілдір сағым - кол бұлғап маған қоштаспай кеткен балалық,

Көгілдір ғана қырқалар.

Жас жанымды мұн шалар.

Балалық дәурен мен қоса қол бұлғаған туған жердің табиғаты сезім пернелерін шертіп, әлде бір әлемге жетелеп алып кететіндей әсерлі жеткізілген.

Көгілдір таулар,

Көгілдір баулар, көгілдір қырлар, жоталар,

Көгілдір көлді көркейтіп тұрған көгілдір сонау топ арал.

Туған жерден, туған елден ыстық, одан сұлу ел, одан сұлу жер қайдан болсын! Бәріміз де ауыл көрінісін, сол ауылда өткен әдемі кездерді мәңгіге ұмытпаймыз. Табиғат берген бар қасиетті де сол туған топырақтан аламыз. Ең ақыры тәтті де, бал дәуреніміз он сегізben де сол жерде қоштасамыз. Сондыктан да Назира бізге:

Бақыттың құнын барменен ғана, барменен ғана өлшеңіз...

Көгілдір көктем, көгілдір көктем: келмеске кеткен Он сегіз...

деп өткінші өмір белесін еске алады. Ал Көгілдір тұн атты өлеңінде көгілдір сөзін бір рет те аузына алмайды. Өйткені бұл өлеңінде кейіпкердің қарамай кетуін, махабbat майданы тұрасында тұркі ойын астарлы екі жолмен: Көктем келген күн. Қайтадан қар жауып жатты, - деп береді.

Өлең -- үздікken көнілдің үзіліп тұскен моншак-нұрлары...

Өлең – адам жанының жауынды, дауылды сэттерінің көрінісі...

Осыншалық көгілдір бояудан өз жан тебіренісін, терең түсіністігін кезіктірген Назира қыз өмірге деген құштарлығын да, өкпе-назын да, тіпті сезім селдерін де, жан күйзелісін де табиғаттың көріністері арқылы жырлап байыздайды.

Көгілдір тұн.

Көк тұннің көктемі -- гүл.

Жұлдыз сүрер бір-ақ тұн көкте ғұмыр.

Сонау алыс жұлдыздар алтын емес,

Мынау тұн қап-қара емес, көп-көгілдір.

Көк тұннің көктемі – гүл, тұн қап-қара емес, көп-көгілдір метафора, әпитет жастар поэзиясының ұшқыр да орынды қолданатын көркемдік құралдары. Ұлттық бояу, ұлттық әр, нақыш. Оқырман қалай қабылдайды. Жастар жырында осындаған айшықты, терең де тамырлы ізденістер бар.

Бақыт Беделханұлының Көкемарал [48.5] жинағына енген жырларын оқып отырып, оқырман адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасқа үніледі, табиғаттың құпия беймәлім сырына қанығады, адам жаратылысына қатысты ой орамын поэзия тілімен түйіндейді. Адам ақын өлеңдерінде философиялық түйін жасап отырады. Бәлкім бұл үрдіс қазіргі жастар поэзиясына тән құбылыс та болар. Бақыттың жыр жинағының Көкемарал

агалауында да астарлы мағына бар. Көкемарал – тамыр қошы аңқыған иірдейін иелі, киік-отындай киелі дәру шөп. Үйірін жауга бермейтін кербез де кесек кер бұғылар жыртқыштардан жазатайым жаракат ала қалса, Көкемарал дәреүіне аунап-қунап сақаяды. Керелаң замандардың талайын бастан өткеріп, енді-енди ғана еркін тыныстай бастаған еліміздің де жан жарасы мен тән жарасы жетерлік. Менің Көкемаралым соған шипа болса игі еді!... . Бұл байланыс табиғатпен тамырлас. Түпкі иені де байырғы бабалар дәстүрімен Жұпар иіе ( Жұпар Алла ) деп атайтын Бақыттың Көкемаралының іші толы - өлең-шөпте! Табиғат жаратылысына үңілу, оның әдемілігін сезіну, бағалау Бақыт жырында тіпті өзгеше. Тәңір-гүл өлеңінде бір жағынан туған жер көрінісін тілге тиек етсе, екінші жағынан Тәңір-гүл тағдырының үзілмегендігін әспеттейді. Ақын үшін тәңір-гүл туған елдің жұпар ауасы, асқақ рухы, тіршілік тамырында бұлкілдеп соғып тұрган қаны, табиғаттың асыл сыйы.

Тәңір-гүлі үмітімнің шырағы,  
Нұрлы ауаға нілі сініп мәңгілік.  
Ай мен Күннің аймаласа шуағы,  
Оятатын жүргегінді жаңғырып.

Тірлігінде таусылмайтын дауасы,  
Ақындардың жан-дертінің емі – бұл...  
Тәңір-гүлі туған жердің ауасы,  
Адам-Ата, Хая-Анамен тегі бір.

Туған даласының қайнаған тіршілігі мен табиғаты ақын санасында үнемі жаңғырып тұрады, себебі ажырата алмастай етіп, нәзік жіппен шырматып тастағандай. Ақынның ішкі әлемі Тамшы-тағдыр өлеңінде ашила түседі. Адам тағдыры табиғатпен тағдырлас екендігін, табиғат-ананың перзенті екендігін жырлай отырып өмірдің мәнін көркемдік тұрғыда бейнелеуге тырысады.

Тамшы, тамшы мөлдірден де мөлдірсің,  
Мөлдірлікті көрген мынау көз құрсын.  
Тамшы десе көлшіктерде көлгірсіп,  
Өзендер-ай, өксіп-жылап өлгірсің.

Тамшы, тамшы көлшікten де лайсың,  
Лай судан тұнық өмір құрайсың.  
Құрайсың да құдіретімен құдайдың  
Тіршіліктің кілтін тауып бұрайсың.

Табиғат-ана өз бесігінде тербеген осынау жер бетінің нәрі бір ғана тамып түскен тамшыда, осылай барып, тамшы-теніз , тамшы-тағдыр , тамшы-мұн болып жалғасып жатады.

Жер жаннаты Көкшетауда туып-өскен Алмас Теміrbай ақын туған жерін, ел табиғатын өзінше өрнекпен жырлайды.

...Елге кетем!  
Ен далада қой бағам,  
Елсіз жерде емін-еркін ойланам,

Көкшетау бір таза жер пері жүрген, мұнда жоқ жын мен сайтан өріп жүрген , - деуші еді ғой Илияс Жансұғиров. Алмастың өлеңдерін оқығанда осы жолдар орала береді. Жаны таза, рухы биік, дүниесиау заттарға алданбаған,

былғанбаган жас жүректің лұпілі сезіледі бұл өлеңдерден. Алмас өлеңдеріндегі өзгешелік шумақ басының аллитерацияға құрылуы. Ол Қысқы түн. Көңіл-күй. Аңсау өлеңінде:

Көк жөтел қысып, көксау науқастар жөтеліп,  
Көк мұзға тайып жығылған көбі халықтың.  
Көк жамбас болып, көп жатып қалған еті өліп,  
Көк соққан мінез, көк мылжың қыстан жалықтым.  
Ақын қыс мезгілін жек көрмейді, жалпы көктем айын сағынады,  
кутеді.

...Көкпаршы уақыт көксерке жылды сүйрелеп,  
Көк дөнен көңіл жетуге асық көктемге!...

Алмастың табиғат көріністеріне арналған біршама өлеңдері бар. Көктем, Ақпан, Ай, Туған топыраққа тағзым, Қараша т.б. Табиғат құбылыстарының мінезін адамға, адам мінезін табиғат құбылысына қабыстырып жіберу Алмас поэзиясына тән. Оның Ақпанда деп аталатын өлеңі бар. Мезгіл мінезін, акпан айын дәл суреттеген ақынның жырына құлақ түрейік:

Тоса-тоса таусылып бар шыдамы,  
Алты ай жаздың алғашқы жаршылары.  
Жер жамбастап, жантайып жатқан төрге,  
Ақпан шалдың арқасын қамшылады.

Алмас та Ақпан айына Абай атасындағы жан бітіріп, тірі құбылысқа айналдырып, шал кейпінде суреттеуі оралымды шыққан бейне. Одан арғы іс-әрекет қалай өрбиді:

Арка басы ойылып, үлбіреді,  
Ажал айдал тұр ма екен, кім біледі.  
Құтырушы ең ел-жүртты қалишылдатып,  
Өзіңе сол керек! – деп Күн күледі.

Күн сөзіне Ақпан шал болып кекті,  
Бұк түсіп, теріскейге беріп бетті.  
Сырын ашпай, сазарып жатты дағы,  
Үш күннен соң үн-түнсіз өліп кетті...

Ақпан шалдың жерді жамбастап, жантайып төрде жатып алуы қазақы мінез бен бейнені дәл бедерлеген. Абайдың дәстүр үлгісі анық сезіледі. Ақын жырларынан табиғат көріністерінің әсем қайталанбас бедерін көреміз. Ақын үшін туған жерден асқан бақыт, туған елден артық ел жоқ. Алмастың А.imatыдан елге кету себебі – кіндік қаны тамған жерді қимауы. Ол туған топыраққа тағзым етеді, туған жерді тастан кетпеу керек, одан артық жер жоқ деп дәріптейді. Алмастың азамат ретіндегі басты ұстанымы осында - Туған жермен табыстырышы тезірек, не болмаса мені ешқайда апарма!

Ағайындар!...  
Ай мен күнің аманда,  
Көшпе елден, кетпін еріп жаманға.  
Туған жердің бұлты төнбес басыңа,  
Туған жердің тасы батпас табанға.

Таусылса да тіршіліктің тынысы,

Таусылмайды туган жердің ырысы.  
Не қылсан да қолында ғой, Кәкшетау,  
Өзің кескен кіндігімнің бір ұшы.

Ел мен жер қадірін білмейтін үрпаққа ұлгі, өнеге болар ой тастайды.  
Алмас алмастай өткір лирикаларымен туган жер табиғатын жырларында  
барынша мадақтайты. Дала сырь бала күнгі көңілді өзіне ынтықтырып тартады  
да тұрады, табиғатқа тағзым етіп, жырлауының да бір себебі осында жатса  
керек.

## Корытынды

Қазіргі казақ поэзиясында тамырын табиғатпен байланыстырып, туған өлкесіне жыр арнамаған ақын кемде-кем. Мұнда бір жазылмаған зандылық та бар сияқты, адам ең алдымен дарап сияқты, табиғаттан, туған топырағынан нәр алып жазушының қалам қуаты қандай биікке көтере алса, оның орны сол жерде болмақ . Табиғатқа арналған қазақ ақындарының жырларын саралап, зерттеп зерделеген кезімізде әр буын туған табиғатты өз таным, түсінігімен, түйсігімен, бояу-нақыштарымен, көркемдік тәсілдерімен ата дәстүрін дамытып жырлауға тырысып отырған.

Корыта келгенде, жалпы табиғат, қоршаған орта қазақ ақындарының лирикаларында кеңінен орын алып жырланып келеді. Қазақ поэзиясының көп ғасырлық тарихындағы көркемдік дәстүрлер үрдісінде табиғаттың жаңаша жаңғыра жырлануынан лирикалық жанр табиғатындағы эстетикалық танымның әсемдік тағылымын танимыз.

Шоқан айтқандай: табиғат пен адамнан тіршілікте одан ғажап, одан құпия ешнәрсе жоқ .

Махаббат, саяси философиялық, табиғат лирикасы деп шартты түрде бөлгөнімізben, түптеп келгенде, бұл – адам мен табиғаттың қарым-қатынасын танытатын лирикалық жанр түрі. Табиғат адам мінез-құлқын харakterін ашатын көрініс, бейне, фон. Бір қарағанда табиғат лирикаларында тартыс, сюжет жоқ та сияқты сезіледі. Шынында да солай ма? Туған жерге деген сүйіспеншілік табиғаттың сұлулығын танумен оны өзгеге таныту, оқушының эстетикалық талғамын ұстарта тұсу, жанына жалын, жүргегіне от қосу емес пе? Бұл дегеніміз сөзсіз жана ұрпақ бойында эстетикалық талғамды қалыптастыру үшін күрес деген сөз. Демек, тікелей болмағанымен мұны тереңірек қарастыrsaң мазмұнында күрес жатқанын сезіну қын емес. Бұл табиғат сұлулығы мен оны тани біletін адам жанының, ойының қабысусы гармониялық үйлесімділігін сақтау үшін күрес. Адамға деген сүйіспеншілік пен махаббаттың өзі де түптеп келгенде осы табиғатқа деген сезімнің бір бөлшегі. Өйткені адам – табиғаттың перзенті.

Табиғат құбылыстарын бейнелеудегі қол жеткен көптеген жаңалықтарды, жақсы нышандарды жетістік дей отырып, дәстүрлі бейнелеулер, теңеулер, кейбір қайталаулар әлі де орын алып жатқанын жасырудың керегі жоқ. 20-30-жылдары қазақ ауылшының бар жаңалығы ақындарымыздың лирикасында кең көлемде, мол жырланған жақсы дәстүрі бар еді. 50-ші жылдардан бері қарай осы дәстүрдің ілгері дами алмай келе жатқан жайы сезіледі,[49.40] -- деп сыншы, ғалым М.Қаратаев өз ойын білдірсө, ол да артық айтылмағандығы.

Қазақ даласының, ауылшының қазіргі, бүгінгі жаңалықтары 20-шы жылдардағыдай кең көлемде жырланбай келеді. Қаланы жырлау, урбанизация процесі ақындарымыздың алдында тұрған күрделі тақырыптардың бірі. Ал, табиғат туралы жазылған көп өлендердің тапқыр, нақты, жанды суреттерінде әлеуметтік астарлар, өзекті мәселелер, мензеулер үнемі жетісе бермейтінің де ұмытпағанымыз жөн.

Біз сөз еткен сонау жыраулар поэзиясынан бастап, Абай калыптастырған дәстүр мен сдан кейінгі жыр өкілдерінің поэзиясындағы табиғат лирикасында уақыттың кескін келбеті, понорамасы, бедер бейнесі ғана емес, өзі өмір сүрген қылыш заманның жай-жапсары сол заманда тіршілік кешкен адам жайлыш айқын көрініс тауып отырады. Поэзия – халық жадының айнасы.

Сол дәуірдің тіпті, табиғаты таза, мөп-мөлдір сұзы, аңы мен құсына дейін жырларда әдемі бейнеленген. Уақыт тынысын сезіп, сезініп отырамыз. Замана сырды әр жолдан, әр шумақтан айқын сезіліп жатады. Бұл да өлең сөздің құдіреті болса керек.

Оқушысын өз жыры арқылы туған топырағын сүюге баулыған ақындар легі Сәкен, Илияс, Мағжандардан кейін бұл үрдісті кейінгі толқын жалғастырып, дамыта білді. Илияс дегенде санамызға Жетісу өнірінің суреті бейнеленіп, Сәкен, Мағжан есімдерін айтқан кезде сырлы да сұлу Кекше елестейді. Десек те, әр ақынның ерекшелігі, сүйіп жырлайтын тақырыбы бар. Кекшетауды сөзіне, жырына қоспаған ақын бұл дәуірде кемде-кем. Бұл қазақ жүртүн, табиғатын шын беріле жырлап, туған топырақты соншалықты қадірлеуінің белгісі.

ХХ ғасыр басындағы қазақ лирикасындағы айрықша байқалатын ерекшелік – адамдардың іс-әрекетін, қымыл-қозғалысын, қалайда табиғат құбылыстарымен байланыстыра жырлау. Лирикалық қаһарманың қуанышы да, құйзелісі де табиғатпен егіз. Шынында да адамзаттың өсу, өркендеу жолындағы сырласы – табиғат болды.

Біз табиғат лирикасын қарастырған кезде әр кезеңнің өзіндік ерекшелігіне куәгер болдық. Мұқағали, Жұмекендер табиғат пен адам, адам мен табиғаттың ажырамастығын жырларында көсіле жырлады. Табиғатты көркем туындыға тиек еткенде, жалпы әрбір суреткер оған өзінің қарым-қатынасын, кейде көзқарасын да білдіріп отырады, сол арқылы адам өмірін, тағдырын, тіршілігін жырлауды белгілі деңгейде нысана етеді.

Мұқағали тебіренгеніндей, әр ақын өзін табиғат-ананың бір белшегімін деп санайды. 60-70-жылдардағы ақындар өлеңінде тағдыр мен табиғат құбылысы қатар суреттеледі.

Жастан поэзиясы табиғаттың сырлы сұлулығын жырына арқау етуімен ерекшеленеді. Олардың өлең арнасынан сезім пернесін шертер туған жер сұлулығына деген інкәрлік, сүйіспеншілік есіп тұрады. Сүйген сұлуын, қоғамды немесе көніл-күйін жырлап отырғанның өзінде қалайда табиғат құбылыстарымен астаңтырып ойлы салмақты теңеулер жасайды. Ауыл мен қала, табиғат пән адамның арасындағы табиғи қарым-қатынас арнасы бұзылып, табиғатқа адамның бір жақты қатынасы үстемдік ете бастаған кезде, табиғат, қоршаған орта, экологиялық дағдарысқа душар болып отырған қазіргі кезеңде поэзияда туған жер топырағына арналған өлеңдерде мұн, не болмаса өткенді ансау сарыны аңғарылып жатады. Қазақ поэзиясындағы табиғат лирикасы үнемі дамып, көркемдік биіктікке көтеріле беретін өміршеш құблыс деуіміз керек.

Жоғарыда біз сөз еткен қазақ әдебиеті өкілдерінің табиғатты жырлаудағы озық үлгілері, бүгінгі таңдағы жастан поэзиясынан орын алуының себебі де осы жалғастықтан дәстүр сабактастығынан шығып жатады. Қазақ елінің бай да байтак, даркан даласы, жайқалған жасыл желекті табиғаты, шөлі

мен шөлейті, тау мен тасы, өзен-көлдері, аң-құстары базарлы тіршілігіміздің байлығы. Жыр жанарларынан соны көреміз, табиғат-ананың тынысын сезінеміз.

Табиғаттың тылсым сырына үніліп, жаңа көркемдік түрғыдан игеру, зерттең зерделеу, жаратылыс бейнесінің тәнір жаратқан кейпінің мінез-қасиеттерін адамзаттың бойындағы кісілік сипаттарымен үндестіру, үйлестіріп бүтін бітім жасау – қазақ табиғат лирикаларындағы жетістік, жаңалық деу керек. Бұл дәстүр мен жаңашылдық бүгінде жалғасып өміршенендігін дәлелдеп келеді.

## Қолданылған деректер тізімі

1. Н.Төрекұлұлы. Қазақтың 100 би-шешені. Алматы, Қазақстан , 1995, 56-57-беттер.
2. Ахметов З. Казахское стихосложение. А-Ата, 1964 с. 254-256.
3. Бес ғасыр жырлайды. 2 томдық. Құраст. М.Магауин, М.Байділдаев, А., Жазушы , 1989, 1-том, 384-бет.
4. Э.К.Пертаева. Д.Бабатайұлының ақындығы. А., Қазақ университеті , 2000 ж, 331-б.
5. Байрон. Собр. Соч. В 3-х томах – Том 2, Москва, Художественный литература , 1972, стр. 465
6. Шелли. Письмо. Статьи. Фрагменты. – Москва, Наука , 1972, стр. 417
7. Қабдолов З. Қөзқарас. Таңдаулар мен толғаныстар. А., Рауан 1996, 256-б.
8. Е.Ысмайылов. Әдебиет және сйлар. А., Жазушы , 120-б.
9. М.Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. А., Жазушы , 1985, 137-б.
10. Қабдолов З. Қөзқарас. А., Рауан , 1996, 33-б.
11. М.Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 20-т., А., Жазушы , 1985, 118-б.
12. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. А., Жазушы , 1985, 75-б.
13. Кенжебаев Б. Қөне әдебиет туралы // А., 1969, 19-б.
14. Выходцев П.С. Национальное и интернациональное в эстетике социалистического реализма”, М., 1973. “Высшая школа”, С.119.
15. М.Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 20-т., А., Жазушы , 1985, 150-б.
16. Қалиев С. Абай және халық дәстүрі, Қазақ тілі мен әдебиеті, 1992, №10.
17. Егемен Қазақстан, 22 ақпан, № 43-46 (24299), 2006 ж.
18. М.Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы, 20 т., А., Жазушы , 1985, 105-б.
- 19.Бұл да сонда, 163-б.
20. Мәшіһұр Жұсіп Қөпееев. Өлеңдер жинағы. А., Ғылым 1974.
21. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. А., Ғылым , 1994, 37-б.
22. Қазақ халық әдебиеті (көп томдық). 2-т. Бабалар жыры. Алматы, Жазушы . 1986, 288-б.
23. Құдайбердіұлы Ш.Шығармалар жинағы. А., Жазушы , 1988, 12-б.
24. Қазақ халық әдебиеті. 3-т. Батырлар жыры. А., Жазушы , 1987, 304-б.
25. Б.Әбдіғазиев. Шекәрім шығармасының дәстүрлік және көркемдік негіздері. Автореферат. (филология ғылымдарының докторлығын қорғау үшін.)
26. Құдайбердіұлы Ш.Шығармалар жинағы. А., Жазушы , 1988, 12-б.
27. Дүйсенов М. Ғасырлар сыры. А., Жазушы , 1965, 25-б.
28. Қаратаев М. Эпостан эпопеяға. А., Жазушы , 1969, 25-б.
29. Жансұгіров И. Шығармалар. I том. Алматы, 1960, 43-бет.
30. Тәжібаев Ә. Әмір және поэзия. Алматы, 1960, 124-бет.
31. М.Жұмабаев. Шығармалары. А., Жазушы , 1989, 420-бет.
32. М.Жұмабаев. Шығармалары. А., “Жазушы”. 1989, 140-бет.
33. Сонда. 136-бет.
34. И.Жансұгіров. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-т. А., Жазушы , 1986, 57-бет.

35. С.Сейфуллин. Шығ., 1-том А., Жазушы , 1986, 21-б
37. “Л.Н.Толстой в воспоминаниях современников” М., 1955, I том, 272-273-беттер
38. И.С.Тургенев. полное собрание сочинений. М., 1967, 254-б.
39. Т.Айбергенов. Аманат. Алматы, 1975, Жазушы , 107-б.
40. Белинский В.Г. Избранные статьи. Москва, “Детская литература”. 1984, с. 64.
42. М.Әлімбаев. Көңіл күнделігінен. А., Жалын , 1980, 149-бет.
43. Бердібаев Р. Қазақ совет әдебиетінін қалыптасуы. 1930-1940 жылдар аралығы. А., Мектеп , 1971, 200-бет.
44. Базарбаев М. Замана тудырган әдебиет. Таңдамалы ғылыми зерттеу. Алматы, Ғылым , 1997, 504-б.
45. Жақыпбаев Ж. Көктемгі хаттар. Жыр кітабы. Алматы, Жалын , 1984, 287-б.
46. Гете И.В. Об Искусстве. М., Искусства, 1975. стр. 623.
47. Райымбекұлы. Ай (өлеңдер жинағы) А., “Жазушы”, 2001, 99-бет.
48. Б.Беделханұлы. Көкемарал, Астана, “Елорда”2001. 5-б.
49. М.Қаратаев. Жанр сипаты. А., Ғылым , 1971. 40-бет.